Всесторонняя подготовка будущего семьянина должна проводиться дифференцированно, общими усилиями школы, семьи и общественности, на основе рекомендаций педагогов и психологов. В школе подготовка учащихся к семейной жизни осуществляется в процессе учебной и внеучебной работы. Различные учебные программы дают детям полезные знания, помогают вырабатывать идейно-нравственные убеждения, личностные установки. Новым направлением в развитии психологии семейных отношений является разработка ее методологических основ, опора на которые позволяет избежать фрагментарности, случайности, интуитивности. Согласно основному методологическому принципу системности, семейные отношения представляют собой структурированную целостность, элементы которой взаимосвязаны, взаимообусловлены. Существенным моментом готовности индивида к вступлению в брак является его готовность не только к реализации потребности в близости с человеком другого пола, но и к осознанию значения своих действий, первым делом в системе правовых норм, регулирующих брачно-семейные отноше-

ния. Положение молодежи в обществе, тенденции и перспективы ее развития представляют для общества большой интерес и практическое значение, прежде всего потому, что они определяют его будущее. Здесь существенное место занимают отношение молодежи к браку и семье как основной ячейке общества.

Устойчивость брачно-семейных отношений зависит от готовности молодых людей к семейной жизни, где готовность к браку понимается как система социально-психологических установок личности, определяющая эмоционально положительное отношение к семейному образу жизни. Особое значение готовность к браку приобретает на современном этапе развития общества, когда число гражданских браков увеличивается по сравнению с числом заключенных браков. Здесь наблюдаются особенности социальных установок и мотивов, которые сформировались у молодежи относительно недавно под воздействием изменившихся социальных условий и норм. Исследование ценностных ориентаций молодежи на протяжении последних лет показывает, что семья остается основной ценностью для молодежи.

1. *Гребенников И.В. Основы семейной жизни. – М., 1991.*
2. *Антонов А.И. Микросоциология семьи (методология структур и процессов). – М., 2007.*
3. *Запесоцкий А.С. Молодежь в современном мире. – СПб., 2009.*
4. *Иваненков С.П. Проблема социализации современной молодежи. – М., 1999.*
5. *Антонов А.И., Медков В.М. Социология семьи. – М., 2006.*

Түйін

Бұл мақалада жастарды жанұя өміріне дайындау және бұл дайындықтағы отбасының маңыздылығы туралы жазылған.

Summary

This article is about the preparation of youth for family life and the importance of family in the preparation of.

ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ – БАРЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ТҮП НЕГІЗІ

Ұ.Қ. Қыяқбаева – *п.ғ.к., аға оқытушы,*
Ж.О. Қозыбаев – *оқытушы*

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты халыққа Жолдауында: «Біз бүгінгі кезеңнің міндеттерінен өзге қазіргі ұрпақтың келер ұрпақтар алдында орасан зор жауапкершілік жүгін арқалайтын, әкелер мен аналардың, аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелері алдындағы жауапкершілігін күнделікті есте ұстауға тиіспіз» деп қазіргі отбасының әлеуметтік, мәдени, қоғамдық қызметі белсенділігінің маңызын жоғары бағалап, Республикамыздағы отбасылардың алдына үлкен міндеттер жүктеген [1].

Демек, отбасына осындай үлкен міндет жүктелудің басты себебі, оның бала тұлғасының дамуы мен қалыптасуында жетекші орын алатындығын ұғынумен байланысты. Отбасы әр баланың өмірінде ерекше орын алады. Отбасы ғасырлар бойы қалыптасқан адам баласының ең жақын топтарының бірлесіп өмір сүретін мекені. Онда адам алғашқы тәрбиені қабылдап, алғаш рет өмір туралы, ұжым туралы ұғым қалыптасады.

Отбасы тәрбиесі – барлық тәрбиенің түп негізі. Өйткені балалардың туған кезінен бастап, есейгенге дейінгі уақыт аралығында өміріне арқау болатын тәлім-тәрбие отбасы мүшелері (әке, шеше, ата, әже т.б.) арқылы беріледі. Олар баланы ата-бабаның өміріндегі еңбек және қоғамдық іс-әрекеттің барысында ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесінен өнеге алып, оны құрметтеуге, жаманнан жиреніп, жақсыға ұмтылуға, қоршаған ортасын танып, онымен қарым-қатынас жасауға және баланы өз бетімен әрекет етуге бейімдеп отырған.

Отбасында адам өмірге келеді, тәй-тәй басады, бірінші қуанышы мен қиындығын кездестіреді, өседі, өнеді, одан үлкен өмірге аттанады.

Әрбір отбасы қоғамның кішкентай бір бөлігі болып табылатындықтан, қоғамды өркениеттілікке жеткізу ең алдымен әрбір отбасындағы өмірді ұйымдастырудан басталмақ. Тәрбиенің бастапқы әліппесін бала отбасында алады.

Жас ұрпақты тәрбиелеу жүйесі заман талабына сай қоғамдық өмірде болып жатқан ұлы өзгерістерге байланысты. Қазіргі заман жан-жақты үйлесімді жетілген жаңа адамды тәрбиелеуді талап етіп отыр. Қоғам талабы – заман талабы, өйткені, «әр адам – өз заманының баласы, сол себептен адамды заман билейді, заманына сай заңы туындайды. Сондықтан «Туа жаман жоқ, жүре жаман бар», «Заман түзелсе, қоғам түзеледі», – деп халық педагогикасы тәрбиенің заманға, қоғамға, оның материалдық, рухани байлығына тәуелді екенін дөп басып жеткізген.

Жас адамды есті, саналы, сергек етіп тәрбиелеу отбасы мен қоғамдық тәрбие орындарының бірден-бір парызы.

Сондықтан да отбасы тәрбиесі және отбасының бала тәрбиесіндегі жауапкершілік мәселесі бүгінгі таңда педагогика ғылымындағы өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

«Отбасы» деген сөз әлеуметтік өмірімізде ертеден орын алса да «семья», «жанұя», «үйелмен» деген сөздер оның орнын алмастырып жүр. Өйткені олардың түпкі мағынасы – әке мен шешенің және қандас адамдардың тіршілік ету кезіндегі бірлігі, одағы. Әйтсе де «отбасы» деген терминнің өзіндік мағынасы бар. Бұлай дейтін себебіміз, адам тіршілік процесінде қажеттілігіне байланысты отжақты, үй салды, жұптасып отбасын құрды, ұрпақ сүйіп, өмірін ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырды. Отбасы сөзінің мағынасы терең, адамның әлеуметтік өмірін айқындайды. Сондықтан соңғы кезде жарық көрген күрделі еңбектердің мазмұнынан «отбасы» деген термин орын алған. Өйткені балалардың туған кезінен бастап, есейгенге дейінгі уақыт аралығында өміріне арқау болатын тәлім-тәрбие отбасы мүшелері (әке, шеше, ата, әже, аға, апа, жеңге, жезде) арқылы беріледі. Олар баланы ата-бабаның өміріндегі еңбек және қоғамдық іс-әрекеттің барысында ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесінен өнеге алып, оны құрметтеуге, жаманнан жиреніп, жақсыға ұмтылуға, қоршаған ортасын танып, онымен қарым-қатынас жасауға және баланы өз бетімен әрекет етуге бейімдеп отырған.

Отбасы мәселесін көптеген әлеуметтану, философия, психология, педагогика, демография, құқық, әдептану, тарих т.б. ғылымдардың қарастыруына байланысты көптеген анықтамаларды кезіктіруге болады. Философиялық тұрғыда «отбасы» – қоғамның ажырамас құрамды, өмірде зор мәні бар кішігірім ұйым деп берілсе, әлеуметтану ғылымында отбасы некеде және қандас туыстар негізінде құрылған кішігірім топ деп берілген. Оның мүшелері бір-бірімен тұрмыстық, моральдық, жауапкершілік, өзара жәрдем көрсету қарым-қатынаста болып, әлеуметтік құрылыс ретінде қоғамның экономикалық базисінің дамуына байланысты өзгертіп, жекелей дербестікте болады деп көрсетеді. Ал, педагогикалық-психологиялық тұрғыда отбасы – ата-ана мен балалар арасындағы, ерлі-зайыптылардың және басқа да отбасы мүшелерінің қарым-қатынасының тарихи нақты жүйесі болып табылады.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Отбасы – өзіне, «неке мен қандас туысқа негізделген шағын топ» деп анықтама берілген [2]. Оның мүшелері тұрмыстық ортақтығы, өзара көмек және рухани жауапкершілік арқылы байланысқан. Қоғаммен, бүкіл қоғамдық қатынастардың жүйесімен тығыз байланыста бола тұрса да, отбасы – қоғамдық өмірге қарағанда адамдардың белгілі дәрежедегі дербес сырлас тобы. Отбасы өмірі материалдық және рухани үрдістерімен сипатталады. Табиғи-биологиялық және шаруашылық тұтыну қатынастары оның материалдық жағын құраса, рухани жағын құқықтық адамгершілік және психологиялық қатынастар құрайды.

Ал, Р.Н. Нұрғалиев 1996 жылы жарық көрген философиялық сөздігінде: «Отбасы – әлеуметтік қауымдастықтың түрі, ол ерлі-зайыпты одаққа және туыстық байланыстарға, яғни ері мен мен әйелінің, ата-аналар мен балалардың, аға-інілер мен апа-қарындастардың, бірге туып, ортақ шаруашылық жүргізетін туыстардың арасындағы сан алуан қатынастарға негізделген жеке тұрмысы» деп анықтама берілген [3].

Ал педагог-ғалым Қоянбаевтың оқулықтарында «Отбасы – ол бірге тұратын некеге негізделген қандас туыстар (әке, ана, бала) тобы» деп анықтама берілген [4].

1998 жылғы 17 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңында «Отбасы – некеден, туыстықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге байланысты және отбасы қатынастарын нығайту мен дамытуға жәрдемдесуге тиісті адамдар тобы» деп анықтама берілген [5].

Отбасы жеке адамның, топтың, қоғамның талаптарын қанағаттандыруымен маңызды. Қоғамның іргетасы болғандығынан да, оның қоғам мүшелерімен үздіксіз толықтырып отыратын, адамзат ұрпағын өмірге әкелетін өнімпаздық қызметін басқа ешқандай орталық бөліп атқара алмайды. Сондықтан отбасы өзінің атқаратын ауқымды қызметі бар әлеуметтік институт. Қазақ отбасы қазақ халқының, Қазақстан Республикасының маңызды талаптарын орындауға, оның ішінде халықтың санын өсіруге тиісті қоғамның әлеуметтік ошағы бола тұра, жалпы отбасылық мүдде мен жеке мүшелерінің де талабын орындайды.

Қазақ халқының өміріндегі қай кезең болмасын негізгі тәрбие көзі – отбасы болған. Отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді. Отбасы баланың азамат болып өсуінің негізі болып табылады.

Отбасының бірлігі оның мүшелерінің бір-біріне адамгершілік, экономикалық, құқықтық т.с.с. өзара жауапкершіліктеріне, түсініктеріне, сонымен қатар эмоцианалдық (сезімдік) жақындықтарына негізделеді. Бір жағынан отбасы – адамдардың өзінің ішкі өмірін, құпияларын, сырларын, қарсы тұрған сыртқы әсерлерден қызғанышпен қорғайтын тұйық бірлестік. Егер отбасының ішкі өмірін қоғамға ашық етсе, онда ол бірден ыдырап, күйзеліске ұшырауы мүмкін, ал екінші жағынан, отбасы адамдардың қоршаған ортаға, қоғамға ашық, айқын бірлестігі. Мұндай отбасыда өз мәселелері қоғам мәселелерімен қатар қарастырылып, шешімі де ыдырамайды. Керісінше, отбасының дамуына қауіпсіздік және сақтану сезімдерін қамтамасыз ететін мүмкіндік туғызады.

Қандай да тұйық, жабық отбасы болғанымен ол қоғамсыз өмір сүре алмайды. Өйткені оның мүшелері жан-жақты әлеуметтік топтарға, яғни өндірістік, оқу ұжымдарына, балалар ұйымдарына, қоғамдық ұйымдарға, сонымен қатар сауда, денсаулық орындарына қатысты, ондағы адамдармен тығыз байланыста болады.

Отбасы тәрбиесі – бұл жалпы тәрбиенің ең басты бөлігі. Ата-ана және отбасы мүшелері жас нәресте дүниеге келген күннен бастап, оның өміріне қамқорлық жасап, болашағын жоспарлайды және саналы азамат болып өсуі үшін қажет жағдай жасайды. Бұған баланың қажеттігін толық қанағаттандыру, оны дене және ой еңбегіне үйрету, күн тәртібін дұрыс реттеуге , салауатты өмір сүруге, адал болуға тәрбиелеу, жақсылықты үйретуге, жамандықтан жиренуге үйрету, бойында жастайынан мәдени құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жатады.

Отбасы тәрбиесінің мақсаты – баланың жасын, жеке ерекшелігін, психологиялық процестерін ескере отырып, жарасымды жетілген ұрпақты тәрбиелеу. Ал отбасы тәрбиесінің басты міндеттері:

- баланы үйлесімді дамыту;
- бала денсаулығына қамқорлық жасау;
- оқуына көмек көрсету;
- еңбексүйгіштікке баулу, тұрмыстағы, үй шаруашылығындағы еңбекке құлшынысын арттыру, өзіне-өзі қызмет етуге үйрету
- мамандық таңдауға көмектесу;
- тұлғаның әлеуметтенуіне көмектесу;
- ізгі, эмоционалды-адамгершіліктік қатынас тәжірибесін қалыптастыру;
- жалпы мәдени және интеллектуалдық дамуына қамқорлық жасау;
- өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзін дамытуға дайындау;
- жыныстық тәрбие, болашақ отбасылық өмірге даярлау болып есептеледі [6].

Демек, әрбір отбасы қоғамның кішкентай бір бөлігі болып табылатындықтан, қоғамды өркениеттілікке жеткізу ең алдымен әрбір отбасындағы өмірді ұйымдастырудан басталмақ. Ал, тәрбиенің бастапқы әліппесін бала отбасында алады.

Демек, жас ұрпақты тәрбиелеп өсіруде ата-аналардың атқаратын қызметі орасан зор. “Баланы таба білсең, баға да біл”, “Баланы сүйсең тәрбиесін сүй”, “Баланы мақтау жетілдірмейді, тәрбиелеп баптау жетілдіреді” – деген мақал-мәтелдер баланы тек өбектей бермей, оны бесіктен тәрбиелеу қажеттілігі, тәрбие отбасынан, ата-анадан басталатынын дәлелдейді. Сондықтан әрбір ата-ана өз міндетін білуі қажет.

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты халыққа Жолдауы. – Астана.

2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1992.

3. Нұрғалиев Р. Философиялық сөздік. – Алматы, 1996.

4. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы, 2000.

5. Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңы. – Астана. 1998, 17 желтоқсан.

6. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы. – Алматы: «Қайнар», 1996.

Резюме

В данной статье раскрываются основы семейного воспитания.

Summary

The bases of family upbringing are disclosed in a given paper.

ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНДЕ ОҚЫТУДЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

Г.Қ. Ширинбаева – *п.ғ.к., мектепке дейінгі, бастауыш білім беру және педагогика кафедрасының аға оқытушысы, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Қазақстан Президенті ұзақ мерзімді «Қазақстан-2030» Стратегиясының негізгі басымдықтарының бірі ретінде, ең алдымен, республиканы сапалы біліммен қамтамасыз ету және әлемдік білім беру кеңістігіне ену мақсатында білім беру мазмұнын жаңарту қажеттілігін атап көрсетті. Осыған орай қазіргі қоғамдық, әлеуметтік, саяси-экономикалық реформаларға (өзгерістер) байланысты білім беру жүйесінің мазмұны өзгеруде. Мемлекеттің білім беру жүйесіндегі болып жатқан жатқан реформалар мақсаты – нарықтық заманда білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімделген әдіснамалық жүйеде қайта құру, инновациялық оқыту технологияларын енгізу қажеттілігін қамтамасыз ету. Сондықтан Қазақстан Республикасындағы мемлекет басшылығының білім беру жүйесін реформалау маңыздылығы мен қажеттілігін ескеріп, жан-жақты қолдау көрсетуі, шағын жинақты ауыл мектептері үшін, білім беруді жедел дамыту мен модернизациялау мүмкін болып отыр [1].

Өйткені Қазақстанның заманауи білім беру жүйесіндегі түбегейлі өзгерістер ауылдағы шағын жинақты мектептердің де қоғам талабына сай жедел дамуы қажеттілігін туындатуда. Оған соңғы жылдары Қазақстанның жалпы орта білім беретін ұйымының 68,6%-ы ауылдық жердегі шағын жинақталған мектептер санын құрайтыны, 2 есеге көбею фактілері дәлел.

Қазақстандық білім беру жүйесінің ағымдағы қалыптасу және даму тарихи алғышарттары XIX ғасырдың орта тұсынан 1940-50 ж.ж.бастау алатын шағын жинақталған мектептердің (ШЖМ) ашылуымен байланысты. Анықталған кезеңдегі шағын жинақталған мектептердің (ШЖМ) тарихи даму барысында саяси қалыптасқан нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескере отырып, *Ә.Сыдықов, Т.Тәжібаев, Ә.Сембаев, Г.М. Храпченков, А.Ө. Мұханбетжанова* т.б. ғалымдар оқу-ағарту ісіндегі педагогикалық ой-пікірдің қалыптасуына өз үлестерін қосты. Бұл ғылыми зерттеулер елдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығы арқасында білім беру жүйесінде іргелі реформаларды іске асыруға мүмкіндік беретін білім мазмұнын, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін анықтауға негіз болады [2].

Қазіргі таңда елімізде орналасқан барлық мектептердің жартысынан артығы шағын жинақты ауыл мектептерінің (ШЖМ) үлесінде болғандықтан, осы бағыттағы өзекті мәселелерге ғылыми тұрғыдан қарау, ауыл мектептерін заман талаптарына сай құру мемлекеттік жұмыстарын жүргізуді қажет ететін бірқатар бағдарламалық құжаттар мен нормативті актілер қабылданды.

Еліміздің қазіргі әлемдегі орны білім берудің сапасымен және ғылымды пайдалану деңгейімен анықталатынын ескерсек, шағын жинақталған ауыл мектептерін дамыту жұмыстары, ағымдағы білім туралы мемлекеттік құжаттармен бірге, Қазақстандағы білім саясатын жүзеге асыру жоспарының да негізін құрайды. Бұл құжаттарда жалпы орта білім деңгейінде ауылдық жердегі білім беруді ұйымдастырудың мақсат, міндеттері, нормативті-құқықтық, басқарушылық-ұйымдастыру-

шылық, ғылыми-әдістемелік, қаржы материалдық базалардың жасалуын және осы процестегі жинақталған қажетті әлеуеттердің даму жолдарын қарастыру жеке айқындалады. Демек, білім мазмұнын қалыптастырудың жаңа әдіснамалық негізі, шағын жинақталған мектептегі жеке тұлғаның даму теориясына сәйкес, кіріктіріп оқытуды жүзеге асыру, ғылыми білім сапасын жаңа заман талаптарына сай іріктеу мен меңгерту міндеттерін туындатады. Бұл міндеттердің жүзеге асуы ғалым *Ғ.З. Әділғазиновтың* шағын жинақталған ауыл мектептері үшін толық әлеуметтенген, экономикалық қарқынды еңбек нарығына бейімделген, кәсіби-құзыреттілікке негізделген педагог кадрлар дайындау мәселелерін қарастырған зерттеулерімен тікелей байланысты. Білікті педагог мамандарын дайындайтын жоғары сапалы білім жүйесі еліміздегі экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі және ол мемлекеттің даму өзегі болып саналады.

Осыған орай, республиканың ЖОО-ры саласындағы қазіргі тенденциялар білім жүйесін реформалауды (өзгертуді) және жаңа мүмкіндіктерді ары қарай дамытуды қажет етеді. Сол себепті «2011-2020 жылдарға арналған ҚР Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілгендей, педагог кадрлардың біліктілігін арттыру басым бағыттардың бірі ретінде педагог кадрлар даярлайтын ЖОО-да (Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қостанай, Павлодар және Семей мемлекеттік педагогикалық институты) шағын жинақталған мектептер (ШЖМ) үшін мұғалімдерді мақсатқа сай даярлауға (екі дипломды білім бойынша кадрлар даярлау) арналған мемлекеттік тапсырыс негізінде білім беру магистрінің бағдарламасын жетілдіру көзделіп отыр.

Сонымен қатар шағын жинақталған мектептердегі білімнің сапасын арттыру мақсатында 2011 жылы Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясының базасында ШЖМ-ны дамытудың республикалық орталығы, БАИ жанынан 14 өңірлік орталық құру, ШЖМ қызметінің үлгілік ережесін әзірлеу жұмыстары жүзеге асырылады. Республикадағы ШЖМ-да білім сапасын арттыру мәселесін шешу, жақын жерлерде орналасқан ШЖМ-ны бірыңғай білім кеңістігіне біріктіретін “тірек мектебін” құру, қашықтықтан оқыту, жаңа үлгідегі компьютерлермен және кең жолақты Интернетпен қамтамасыз ету, электронды оқыту шеңберінде ұйымдастыру; интернаттар, ресурстық орталықтар, оқытудың интерактивті құралдарымен қамтамасыз етілген мектептерде оқытуды ұйымдастыру іс-шаралары арқылы жүзеге асырылатын болады [1, 2].

Қазіргі технологияның ақпаратты жедел әрі тұрақты дамуы, еліміздің бәсекелестік басымдылығын көрсететін маңызды факторлары ретінде, ауыл мектептерінің инновациялық білімге негізделген сапалы жаңа жетістіктерге жету кепілі болып табылады. Осыған орай, ауыл мектептеріндегі оқытудың жаңа сапалық деңгейін көтеру қажеттілігі педагог қызметкерлердің кәсіптік құзыреттілігіне байланысты оқытудың инновациялық нысандары мен педагогикалық технологиялық әдістерін енгізу талаптары қойылуда. Себебі күннен күнге ауыл мектептерінде оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін белсендіру өзектілігіне байланысты, ашықтық пен жеделдікті анықтайтын білім беру ортасын құру, қашықтан оқыту, инновациялық нысандарды кеңінен енгізу, нарықтық қатынастарға сәйкес оқыту жүйесін бейінді бағдарына қарай оңтайландырудың қажеттілігі артуда.

Ол туралы *Жадрина М.Ж.* шағын жинақталған мектептің (ШЖМ) оқыту үдерісін ұйымдастырудың мүмкін варианттарын анықтау барысында, бейінді оқытуда, қолданыстағы оқу жоспарының вариативтік сағаттары есебінен оқушылардың терең меңгеруге негізделіп құрылған қолданбалы (эликтивті) курстарды оқыту тиімділігінің нақты нұсқауларын ұсынады.

Сонымен қатар шағын жинақталған мектепте (ШЖМ) бірнеше сыныпты қосып оқыту жағдайында қолдануға тиімді болатын оқытудың «Үшөлшемді әдістемелік жүйесі (ҮӘЖ)» педагогикалық технологиясын отандық ғалымдар *Караев Ж.А. және Кобдикова Ж.У.* ұсынады. Бұл американдық ғалым Б.Блумның таксономиясына негізделген оқытудың мақсаттарына сәйкес, кез-келген мазмұнды толық меңгерудің нәтижесіне сәйкес тапсырмалар жүйесін біртіндеп құрастыру арқылы қолданылатын педагогикалық технология. Педагогикалық технологияның негізгі ерекшелігі: әр тақырып бойынша үшдеңгейлік тапсырмадан тұратын кері байланыс кезеңі ұйымдастырылады. Әр деңгейдің мақсаттарына сәйкес бір-бірін толықтырып, күрделеніп отыратын деңгейлік тапсырмалар тізбегі іріктеледі. Технология нәтижеге бағытталған білім берудегі тиімді құрал болуымен қатар, шағын жинақталған мектептерде оқушыларды нақты сапалы білімге, ал мұғалімді нәтижелі педагогикалық қызметке жетелейтін механизм болып табылады. Себебі жоғарыда

аталған білім мазмұнын жаңартуға қойылатын талаптарға сәйкес әр сабаққа дайындап апаратын тапсырмалар жиынтығы (синектикалық бөлімдегі тапсырмалар) мен жұмыс дәптерлерінің мазмұнындағы (нәтижеге бағытталған бөлім тапсырмалары) шағын жинақталған мектеп мұғалімнің шығармашылық зерттеушілік әрекетінің нәтижесі бола алады.

Технологияның төрт меңгеру деңгейлерінің жеке аралық мақсаттарына сәйкес оқыту: 1) қызықтыру деңгейі, 2) белсенділік деңгейі, 3) білім деңгейі, 4) біліктілік деңгейі, 5) құзіреттілік (компетентность) деңгейлері, 6) әр деңгейде білім сапасының әр түрлері қалыптасатынын көрсетеді. Бұл технология оқытудың әдістемелік жүйесі элементтерінің (оқыту мақсаты, мазмұны, әдістері, формалары мен құралдары) деңгейлік өзара байланысы бойынша төменгі сатыдан (деңгейден) жоғарыға бағытталған оқыту векторын (бағытын) негізге алады. Яғни оқыту үдерісі даму векторы бойынша, негізінен, ынталандыру бағасы (баллдық рейтинг жүйесі) арқылы қозғалысқа келеді. Бағалау жүйесі бірінші орынға қойылатын мониторинг әрбір оқушыға және мұғалімге өз жетістіктері мен кемшілік тұстарына салыстырмалы талдауға, түсінуге, ойын жинақтауға мүмкіндік береді [4].

Осы мүмкіндіктерді шығармашылық тұрғыда жетілдірудің оңтайлы жолдары, шағын жинақталған мектептердің (ШЖМ) стандартқа негізделген базистік оқу жоспарымен, білім беру ұйымдарының типтік оқу жоспарымен, жұмыстық оқу жопарымен, оқу бағдарламаларымен кешенді түрде жүзеге асырылады. Өйткені оқытудың «Үшөлшемді әдістемелік жүйесі (ҮӘЖ)» педагогикалық технологиясы ең алдымен тұлға іс-әрекетін алға қойып, оның білім сапасымен өлшенетін танымдық әрекетінің құрылымы мен мазмұнын (нақты тапсырмаларын) анықтауға негізделеді

Демек, республикадағы ауылдық білімнің тәжірибелік бағыттылығын күшейту жағынан эксперименттік сипаттағы өзіндік жұмыстардың үлесін көбейтуді көздейтін *Ж.А. Қараев және Ж.У. Кобдикованың* «Үшөлшемді әдістемелік жүйесі (ҮӘЖ)» педагогикалық технологиясы шағын жинақталған мектептің (ШЖМ) оқыту үдерісін дамыту міндеттері жүйесінде ерекше басымдыққа ие болады.

1. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.

2. Әбілқасымова А.Е., Аймағамбетова Қ.А. Қазақстандағы шағын кешенді мектептерді жетілдіру жолдары. Сб. по итогам Республиканского семинара "Современные технологии в подготовке учителей для МКШ". – Кызылорда, 2000.

3. Қараев Ж.А., Кобдикова Ж.У. Актуальные проблемы модернизации педагогической системы обучения на основе технологического подхода. – Алматы, 2005.

Резюме

В статье раскрываются эксперименты усовершенствования и информатизации обучения малокомплектных школ.

Summary

The paper describes experiments of improving and informatization of education in rural small schools.

ОРГАНИЗАЦИЯ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ УЧАЩИХСЯ В УСЛОВИЯХ МАЛОКОМПЛЕКТНОЙ ШКОЛЫ

Б.А. Жетписбаева – *к.п.н., ст. преп., КазНПУ им. Абая*

Демократизация общества, детерминируя демократическую концепцию школы как социального института, призванного в равной мере обеспечивать образовательные потребности личности, общества и государства, предъявляет новые требования национальному образованию, национально-региональному компоненту образования, проблемам сельских школ. В программе «Ауыл мектебі» указывается: «Модернизация системы образования на селе в новых социально-экономических условиях требует создания комплексного нормативно-правового, научно-методического, организационно-управленческого, финансово-материального обеспечения развития сельской школы как особого социокультурного явления общественной жизни и органической системы единой системы образования»[1].

Острой проблемой в системе образования Республики Казахстан являются малокомплектные школы, создание оптимальных условий для их полноценного функционирования, так как отсутствует системно проработанная стратегия, учитывающая как реальную ситуацию, так и возможные пути ее развития. Увеличение удельного веса МКШ в общем количестве общеобразовательных школ обусловлено неравномерностью расселения людей на территории республики, преобладанием сельского населения, удовлетворением образовательных потребностей людей, проживающих в небольших населенных пунктах, что требует принятия кардинальных мер по улучшению и совершенствованию их работы и обеспечения функционирования различных типов общеобразовательных организаций на селе.

Организация учебного процесса в начальной малокомплектной школе отличается:

– отсутствием одного или нескольких классов;

– структурой класса-комплекта, руководимого одним педагогом;

– малым количеством учащихся;

– отсутствием параллельных классов и их взаимовлиянием;

– неравномерной наполняемостью классов;

– разновозрастным составом учащихся в одном классе-комплекте;

– одновременном обучении учащихся нескольких классов одним учителем;

– операционно-деятельностным (процессуальным, технологическим) компонентом обучения; слабой материально-технической базой и др.

Эти особенности затрудняют процесс функционирования МКШ, влекут за собой необходимые коррективы учебно-воспитательного процесса: творческое переосмысление и применение новых педагогических технологий, методических рекомендаций; выбор эффективных методов обучения, правильное сочетание их в технологическом процессе; формирование у детей умения самостоятельно приобретать знания, а также работать под руководством учителя; умелое руководство разновозрастными объединениями детей; использование идей личностно-ориентированного обучения и воспитания. «Нередко начинающему учителю приходится придумывать особые методы работы, чтобы максимально удовлетворить потребности школьников» [2, 359].

В настоящее время основой позитивного изменения существующей ситуации в начальных малокомплектных школах является внедрение в содержание образования данного типа учреждений системы современных технологий обучения, педагогических новаций и передового опыта учителей-новаторов, гарантирующих усвоение учебного материала обучающимися на уровне требований государственного стандарта и создающих условия для их самостоятельной познавательной деятельности.

Организация **самостоятельной работы** учащихся в условиях малокомплектной школы – значимая составная часть учебного процесса. Ее эффективность определяется многими факторами, влияющими на развитие способностей личности. Умение без посторонней помощи находить способы решения познавательных задач, критически подходить к изучаемому материалу, обладать способностью творчески мыслить независимо от влияния учителя. В классе-комплекте самостоятельное приобретение знаний, умений и навыков как средств активизации обучения учащихся практикуется на всех этапах урока в зависимости от дидактической ситуации и направлена на решение учебных (повторение, закрепление) и контрольных функций (выполнение самостоятельных работ). В процессе самостоятельной работы учащимся предлагаются различные виды проверочных, подготовительных и обучающих работ. В частности, развивающие упражнения, главное назначение которых состоит в актуализации опорных знаний и формировании практических умений и навыков, ориентированных на восприятие и усвоение нового учебного материала.

По мнению И.П. Подласого, для учащихся начальных классов малокомплектных школ доступны и посильны следующие виды самостоятельных работ: подготовительные упражнения, предназначенные до изучения нового материала; самостоятельное изучение новой темы, аналогичной ранее усвоенной; упражнения на закрепление, заключающиеся в выполнении действий по алгоритмическому образцу; тренировочные упражнения и нестандартные задания, составленные в форме викторин, кроссвордов, игр, считалок и т.д., проверочные и контрольные задания [2].

Организация самостоятельной работы учащихся в практике начальной малокомплектной шко-

лы представляет собой сложный, противоречивый и длительный процесс, который связан с сознательным стремлением ученика к получению знаний и умений. Эффективность самостоятельной работы непосредственно зависит от желания школьников самостоятельно мыслить, способности ориентироваться в новой ситуации, критичности, независимости собственных суждений. При организации и планировании самостоятельной работы необходимо учитывать потенциальные возможности, интеллектуальный уровень, темп обучения и степень подготовленности каждого ученика.

Все чаще в практику начальных малокомплектных школ внедряются идеи личностно-ориентированного образования. Используются приемы **программированного обучения**, нацеленные на самостоятельное индивидуальное обучение по заранее разработанной обучающей программе с помощью специальных средств, гарантирующих от ошибок и неверных ответов. Широкое применение нашли задания, предусматривающие **уровневую дифференциацию**. Использование заданий такого типа предполагает организацию самостоятельной работы обучаемых на различных уровнях; создание познавательной мотивации и стимулирование познавательной деятельности; самостоятельный выбор каждым учащимся уровня усвоения учебного материала (не ниже Госстандарта); парные, групповые и коллективные формы организации учебного процесса.

В последние годы наиболее интенсивные поиски развиваются в использовании преимуществ **разновозрастных** объединений школьников, внедрения группового способа обучения в разновозрастных группах, когда тематическая направленность учебного материала в них совпадает. В данном случае используется **методика совместного изучения учебного материала**, **методика взаимопередачи тем** [3]. Тогда старшие по возрасту, учащиеся становятся носителями информации (знает содержание темы, умеет анализировать и т.д.) и передают ее младшим (объясняет, комментирует, демонстрирует и т.д.). Эти методики используются при изучении нового материала, обобщении и систематизации знаний и контроле, требуют сформированных навыков. В программе «Ауыл мектебі» [1] подчеркивается, что необходимость использования уровневой дифференциации и индивидуализации обучения в условиях малой наполняемости школы, совмещенных классов-комплектов и разновозрастного ученического коллектива требуют дальнейшего научного обоснованного исследования принципов и подходов обновления содержания образования, разработки на их основе вариантов учебных планов для сельских и малокомплектных школ.

Использование **компьютерных программ обучения** при выполнении самостоятельных работ в учебном процессе малокомплектных школ имеет свои, достаточно веские преимущества. С 1997 года компьютерными классами различной модификации оснащены все общеобразовательные школы, в том числе 4229 МКШ страны. Параллельно с компьютеризацией осуществляется процесс поэтапного подключения школ к сети Интернет [1]. Компьютеры, снабженные специальными обучающими программами, дают возможность решать почти все дидактические задачи. Они одновременно выдают определенную информацию и формируют теоретические знания и практические умения. Цветная графика и игровое оформление содержания обучения привлекают пристальное внимание и поддерживают особый интерес к объекту познавательной деятельности. При компьютерном обучении целесообразнее используются преимущества **индивидуального** и **взаимного обучения**, когда практикуется парная самостоятельная работа учеников разных классов за одним компьютером. К примеру, учащиеся 4 классов могут передавать знания первоклассникам и второклассникам.

Эффективность организации самостоятельной работы в МКШ в большей степени зависит от **учебника;** его содержания, структуры и логики, доступности и легкости изложения учебного материала, дидактического характера заданий и инструкций. В обязанности учителя входит проецирование учебника на свой класс: выбор наиболее приемлемых для самостоятельной работы заданий, введение дополнительных комментарий по их выполнению, дополнение инструкций учебника алгоритмическими требованиями с учетом особенностей детского восприятия и мышления.

Таким образом, создание педагогических условий для эффективного осуществления процесса обучения учащихся сельских и малокомплектных школ обеспечит формирование самостоятельных, творчески мыслящих личностей.

1. *Программа «Ауыл мектебі» на 2003-2005 годы. – Астана, 2003.*
2. *Подласый И.П. Педагогика начальной школы. – М.: Гумнитар. изд. центр ВЛАДОС, 2008. – 463 с.*
3. *Ковжасарова М.Р., Нурахметов Н.Н., Аульбекова Г.Д. Технологизация учебного процесса: казахстанский опыт. – Алматы, 2005. – с. 104.*
4. *Стрезикозин В.П. Организация занятий в начальной малокомплектной школе. – М., 1968.*

Түйін

Мақалада шағын жинақты мектептер оқыту үрдісінің ерекшеліктері туралы айтылған. Оқушылардың дербестігін қалыптастыру үшін өздік жұмыстарын құрастыру және өткізу әдіс-тәсілдері қарастырылады.

Summary

This article considers the features of the educational process of small schools. Ways and means of organizing independent work of students.

ПРОБЛЕМЫ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ МАЛОКОМПЛЕКТНОЙ ШКОЛЫ

Т.Т. Нуржанова – *к.п.н*, **А.И. Шужебаева –** *к.п.н,* **Б.Т. Сыдыкова** – *к.п.н,*
А.А. Капенова – *к.п.н,* **Т.Н. Жундыбаева –** *к.п.н., ст.преп., КазНПУ им. Абая,*
К.Н.Ахмедиева – *магистр, Жетысуский государственный университет им. И.Жансугурова*

В осуществлении гуманистических преобразований на селе ведущая роль принадлежит сельской школе. Сельская малокомплектная школа и весь круг проблем, связанных со спецификой организации учебно-воспитательного процесса, остается одним из актуальных направлений системы образования в РК.

Переток сельского населения в город, уменьшение рождаемости, закрытие сёл, объявленных бесперспективными, затем новое возрождение малых сёл, особенно связанное с перестройкой в аграрном секторе, привели к росту числа сельских школ при значительном уменьшении их наполняемости. Об этом свидетельствуют результаты исследований Л.Г. Денисовой, А.Е. Кондратенкова, А.Шарипова, З.А. Алдамжарова, Г.З. Адилгазинова и др.

Особый статус МКШ как образовательно-воспитательного, культурного центра, а также как фактора, способствующего закреплению населения, занятого в производственной сфере хозяйства, требует внимательного, бережного отношения к её проблемам.

Сельская школа характеризуется отдалённостью от культурно-административных центров, специфической структурой, организационными особенностями, невозможностью создания методических объединений учителей, низкой информационной насыщенностью, слабой постановкой преподавания отдельных предметов, кадровой проблемой и т.д. Наиболее острой проблемой является финансирование. В силу высокого содержания одного учащегося в МКШ средства на укрепление материальной базы не всегда соответствуют потребностям школы.

Серьёзные трудности отмечаются и при проведении внеурочной работы, в организации технического и художественного творчества. Незначительное количество учащихся в школе не позволяет иметь в управленческом штате заместителя директора по учебно-воспитательной работе.

Сложен труд учителя, поэтому особых усилий мастерства требует он от учителя МКШ. Учитель занимается с двумя и более классами и на каждом уроке от него требуется так распределить время, чтобы успеть поработать с каждым классом, проверить выполнение домашнего задания, объяснить новый материал, дифференцировать систему самостоятельной работы, проверить её результаты, оценить знания учеников. Изменяется стереотип сознания традиционного представления об уроке.

Следовательно, эффективность работы МКШ определяется общими и частными условиями. Первые указывают на принципиальные возможности достижения высоких результатов учебно-воспитательного процесса, а вторые связаны с конкретной организацией и проведением уроков, внеклассной и воспитательной работой.

Вместе с тем, сельская школа имеет много преимуществ перед типовой городской. Сельские ребята в целом отличаются высокими моральными и гражданскими качествами, приобщенностью к земле, физическому труду. Можно сказать, что в сельских условиях процесс образования,

воспитания и развития личности школьника осуществляется, по крайней мере, в трёх социумах: в многодетной семье со сложившейся системой воспитания и самовоспитания, в школе и в системе ближайшего окружения, куда потенциально входит вся социально-культурная инфраструктура села. Для сельского учащегося эти величины являются постоянными, в то время как для городского школьный социум и ближайшая социальная среда могут меняться: он, например, может перейти из одной школы в другую, переехать с родителями из одного района города в другой. Разновозрастной школьный коллектив часто выступает своего рода продолжением семейного разновозрастного коллектива. Задача учителя заключается в том, чтобы правильно использовать эту благоприятную, объективно сложившуюся ситуацию.

Таким образом, от сельских учителей, которые работают в школах, насчитывающих предельно малое количество обучаемых, требуется еще более широкий дидактический диапазон готовности, способность переключаться на преподавание любой сложной гуманитарной дисциплины, если речь идет о первоначальной базовой гуманитарной специализации, и любого предмета естественного цикла, если специальная подготовка учителя осуществлялась на базе «точных» наук.

Анализ педагогической деятельности позволяет выделить основные параметры личности учителя нового типа, которые должны быть указаны в его профессиограмме, отражающей общие как требования к личности и профессиональной деятельности учителя, так и специфические требования в соответствии с учительской специальностью.

Однако вузы, готовящие педагогов, пока не имеют научно обоснованных профессиограмм, что создает большие трудности в работе, дезориентирует профессорско-преподавательский состав и не позволяет разработать концепцию эквивалентности. Основной недостаток существующих профессиограмм в их декларативности, неконструктивности и недиагностичности устанавливаемых ими квалификационных требований к учителю.

Представляет интерес исследование Л.А. Легоставой [1], которая на основе изучения личности и профессиональной подготовки учителя начальной МКШ предлагает следующий вариант профессиограммы:

1. Профессионально значимые качества личности: эрудированность, способность к распределённому вниманию; владение педагогической импровизацией; настойчивость, целеустремлённость, наличие организаторских умений; общительность; гибкость ума; стремление пополнять и обновлять педагогические знания.

2. Профессиональная компетентность: знание действующих школьных программ и учебников по начальной школе, теоретических основ методики преподавания каждого предмета; знание функций руководства школой; умение организовать совместную работу с учащимися разных классов по одному предмету, распределять время на уроке между классами, дифференцировать задания и обучать учащихся рациональным приемам выполнения самостоятельной работы, планировать и проводить внеклассную работу в детском разновозрастном коллективе и т.д. Следовательно, требования, предъявляемые к учителю МКШ, конкретизируют, дополняют и углубляют общую профессиограмму учителя.

При этом профессиограмма должна регулярно обновляться на основе научных исследований по проблемам качества высшего педагогического образования. В этой связи приобретает особое значение работа по измерению уровня подготовки специалистов. Работа в МКШ не только предъявляет особые требования к учителю, но и ставит вопрос о специальной его подготовке и оказанию методической помощи.

Научно-методические обеспечение учебного процесса подготовки учителей МКШ в Жетысуском государственном университете им. И.Жансугурова включает в себя следующие направления:

– многопрофильная подготовка учителя. Профессорско-преподавательский состав Жетысуского государственного университета работает над проблемами совершенствования учебных планов, в которых предусмотрены дополнительные специальности для каждого факультета с учетом потребности области в кадрах, в том числе для малокомплектных школ;

– включение спецкурса «Педагогический процесс в МКШ», при изучении которого предполагается усвоение студентами теоретических знаний о МКШ, об особенностях учебной и воспитательной работы в них;

– совершенствование тематики лекционных курсов психолого-педагогических дисциплин и включение новых тем в рабочие программы этих дисциплин, отражающих специфику труда учителя сельской МКШ. Значительными возможностями для подготовки учителей МКШ обладают такие дисциплины, как «Педагогика», «Психология», «Педагогическое мастерство», «Школоведение», «Методика воспитательной работы», спецкурс «Педагогика семьи» и т.д.

Известно, что в МКШ обучаются дети разных возрастов. Воспринимая ребенка таким, каков он есть с его слабыми и сильными сторонами, учитель малокомплектной школы должен создавать условия для его самореализации. А для этого на занятиях по психологии необходимо более глубокое изучение психологических новообразований учащихся всех возрастных групп. В курсе «Дидактика» особую актуальность приобретают многие вопросы методического характера, организации самостоятельной работы на уроке с малым количеством учащихся, методики проведения разновозрастных, интегративных межпредметных уроков и консультаций, конкурсов и викторин. На практических занятиях по теории обучения сверх программы рассматриваются такие вопросы, связанные с деятельностью МКШ, как «сравнение традиционного и развивающего обучения», «методика организации коллективных способов обучения как одно из направлений гуманизации образования».

В качестве заданий для самостоятельной работы студентами составляются такие методические разработки, как требования к анализу урока и деятельности учителя в МКШ, типы и формы уроков, способы организации работы учащихся с учебником, управленческие умения и пути их дальнейшего развития.

Малокомплектная школа располагает необходимыми условиями для проведения содержательной внеклассной работы, особенность которой заключается в том, что в различных её формах одновременно могут участвовать учащиеся разных классов.

Так, например, на занятиях курса «Методика воспитательной работы» студентами составляется картотека воспитательных мероприятий для МКШ. Она позволяет будущим педагогам избежать однообразия форм работы с детьми, с другой стороны, помогает определить содержание плана воспитательной работы. Интересной формой работы на практических занятиях по МВР является сотрудничество в группах, которое имитирует организацию внеклассных мероприятий в МКШ. В процессе подготовки мероприятия по созданию общешкольного журнала для МКШ среди студентов определились лидеры в главных направлениях издательской деятельности: главный редактор, выпускающий редактор, отвечающий за связь с корреспондентами, художники-дизайнеры, фоторепортеры.

Известно, что каждая сельская малокомплектная школа индивидуальна, непохожа на другие. Это различия выражается:

– в количестве учащихся;
– в количестве класс-комплектов;
– специфике контингента детей;
– в возможностях педагогического коллектива;
– в материальной базе школы;
– в реальной помощи местных хозяйств.

НИРС предполагает разработку отдельных уроков, их апробацию в условиях работы класс-комплектов. Здесь также предусмотрено изучение передового педагогического опыта. Следует отметить, что в эту работу вовлекаются преимущественно учителя МКШ, являющиеся студентами-заочниками.

Мы считаем, что формирование умений и навыков будущего учителя МКШ связано, прежде всего, с определением их системы. Следовательно, необходимо определить профессионально-педагогическое содержание каждого предмета и занятия. В этом случае и преподаватель и студент, приступая к работе, будут точно представлять, какие умения, какие методы и приемы, посредством каких видов занятий, они будут формировать необходимые учебные компетенции учащихся. Нам представляется важным осуществить такой анализ по всем предметам психолого-педагогического и методического циклов, включая спецкурсы и все виды практики.

1. Легостаева Л.А. Личность и профессиональная подготовка учителя малокомплектной школы. – М., 1979. – 95 с.

Түйін

Мақалада шағын жинақты мектеп мұғалімдерін даярлаудың өзекті мәселелері көтеріліп, оны шешудің өзіндік жолы көрсетілген.

Summary

The paper discusses a main problem of preparation teachers for rural schools, and its ways of resolving.

КӨНЕ ДӘУІР ҒҰЛАМАЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ІЗГІЛІК ИДЕЯСЫНЫҢ КӨРІНІСІ

К.А. Абдреимова – *п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушысы*

Адамзаттың ежелден келе жатқан ортақ мүддесінің бірі – ұрпақ тәрбиесі. Осы мақсатта әрбір халықтың сан алуан ой-пікірлері мен іс-тәжірибелері ғасырлар бойы жинақталып отырған. Күллі адам баласына ортақ рухани қазынаның құрамдас бір бөлігі болып саналатын бұл жетістіктер халықтың тәлім-тәрбиелік тәжірибесінен туындаған.

Қазақ халқының да сан ғасырлық тарихи-мәдени жетістіктерінің жемісін, рухани байлығын, жанына біткен ізгілік, еңбексүйгіштік, имандылық, бауырмалдық, балажандылық, қонақжайлылық, әдептілік, әсемдік т.б. қасиеттерін танытатын құндылықтар жиынтығы – тәлім-тәрбиесінің бастауы әріден басталады. Халқымыздың тәлім-тәрбиелік жүйесінің мазмұны да ұланғайыр. Осы бағыттағы халықтың тәлім-тәрбиелік алтын қорына үлес қосқан ғұламалардың еңбегінің өзі ұшан-теңіз.

Осынау құндылықтардың бірінен саналып отырған ізгілік идеясының тамыры тамыры тереңде жатыр. Ол өркениеттік құбылыстардың барлық кезеңдерінде орын алған. Тарих төрінен ойып орын алған ұлы ғұламалар жұртының тарихи мұратын қадір тұтып, ұлтына, халқының мәдениетіне, еліне қызмет етудің алуан түрлі үлгілерін қалдырған. Әсіресе, олардың елдік рухын паш етіп тұрған тұлғалық істерінің өзі бүгінгі таңда ұлттық идеяның дамуына да тұлғалық тірек, әлеуметік бағдар болып отыр. Ұлы ғұламалар еңбектеріндегі тәлім-тәрбиелік идеялар да осы ойды растай түседі.

Ізгіліктік идеялар, философия және педагогикалық ой-пікірлер көне дәуірлерден басталған. Мұғалім мен оқушының, тәрбиеші мен тәрбиеленушінің өзара қарым-қатынасының ізгіліктік негізін дәл, нақты айқындаған философтардың ең алғашқыларының бірі – біздің дәуірімізге дейін өмір сүрген қытай философы Конфуций (557-479 б.д.д.) болды. Конфуцийдің ізгіліктік ұстанымы «өзіңе не тілемесең, басқаға да оны тілеме, жасама» мазмұнында беріліп, адам туралы және оны дұрыс тәрбиелеу арқылы одан идеалды тұлға қалыптастыруға болатыны жөнінде тұжырым жасайды. Адамгершілік, ізгіліктік ұстанымдар рухани қабылдауға бағытталып, адам бойында ізгіліктік, шындық, әділдік, құрметтеу секілді имандылық қасиеттерді тәрбиелеу қажет дейді де, ол мынадай тұжырым жасайды: «Адамдарды қызығушылықпен емес, табиғи қалпында қамқорлық немесе немқұрайлылық танытпай, төмендетпей шын сүю керек, олардағы жақсы қасиеттердің дамуына көмек бере отырып, кемшіліктері мен әлсіз жақтарына көз жұмып қарауға болмайды» [1]. Әрине, бұл бір жұрт емес, бір дәуір емес, барлық жұртқа, барлық дәуірге үлгі сөз. Адамгершіліктің ең айқын көрінісі, ізгілік тағылымы. Ғұлама бір сөзінде пиғылдың тазалығы – бар игіліктің мәйегі деп біледі. Сондықтан да Кунфудзы әлемдік ақыл-ойдың бастауында тұрған ең алғашқы даналардың бірі болып саналады.

Бұдан кейінгі IX-X ғасыр ғұламалары Әл-Хорезми (IX ғ.), әл-Фараби (780-950 ж.), Әл-Бруни (973-1037 ж.), Ж.Баласағұни (1015-16 өлген жылы белгісіз), М.Қашқари еңбектерінен бастау алған ізгілік туралы ойлар адамдық идеялардың қалыптасуына негіз болды. Осылардың ішінде көрнекті шығыс ойшылы әл-Фараби мұраларында ізгілік идеясына өте үлкен мән берген, екінші ұстаздың философиялық және педагогикалық ой-пікірлерінде ізгіліктік дүниетаным басым болды. Оның білім беру және тәрбие туралы идеяларында «Тәрбие – халықты білімге негіздеген ізгіліктік-этникалық өлшемдермен қамтамасыз ету тәсілі» екендігі айтылып, мұғалімнің жас адамдар бойында имандылық нормаларын қалыптастыру және оларға ғылым, өнер кәсіптерді меңгеру

қызметін атқару қажеттігіне назар аударған. әл-Фараби имандылық тәрбиесін бірінші орынға қояды, өйткені ол адамның жоғары жетістіктерге жетуіне және бақытты болуына кепілдік бере алады дейді. Ал имандылық қасиеттері орта және тәрбие ықпалымен қалыптасады. Ізгілікті, қайырымды адамға 4 кедергі бар: тәртіпсіздік, имансыздық, құбылмалылық, адасу. Иманды болу және аталған кедергілерді жеңу үшін адам алдымен өзін-өзі танып білуі тиіс.

Халқымызға білім нәрін сепкен ұлттың ұлы ұстазы Әбу Насыр әл-Фараби «кез келген адамның қалайтыны, мақсаты бақыт болып табылады» деп көрсете отырып, осы бақытқа жетудің жолы адамның бойында ізгілікті қасиеттердің қалыптасуы деп біледі: «Қайырымдылық бақытқа жету үшін керек. Ол табиғи түрде де, қалау түрінде де бола алады. Зұлымдық бақытқа жетуге кедергі жасайды» деп ой түйіндейді [2].

әл-Фарабидің еңбектерінде ізгілік тәрбиесі, патриоттық тәрбие, дене тәрбиесі, эстетикалық тәрбие, еңбек тәрбиесі және т.б. жан-жақты қарастырылып, талданған. Ғұлама еңбектерінде патриоттық тәрбие негізі оның Отанына деген асқақ сезімінен, туған елінің бүгіні мен болашағына деген алаңдаушылығынан, балалық махаббатынан байқалады. Ақын өз сезімін жыр жолдарымен төгілте жырлайды.

Эстетикалық тәрбие негізі де ғылыми тұрғыда алғаш рет әл-Фараби еңбектерінде көрінген. Ол эстетиканың негізгі категориясы мен әсемдікті екі тұрғыдан қарастырады:

- қайырымды мен пайдалы нәрселердің әсемдігінің өзара байланысы;
- табиғат сұлулығына және адам сұлулығына тиесілі детерминизмдер.

Иерархия тұрғысынан ол алғашқы және мәңгілік деп табиғаттағы әсемдікті мойындайды, ал адамнан шығатын және өнер арқылы іске асырылатын қайырымдылық пен әсемдікті ол екінші деп біледі [3].

Ізгілік идеясы әл-Фарабидің педагогикалық идеясының негізгі өзегі болған. Ол өзінің ғылыми еңбектерінде білім берудің ізгілік принципіне негізделуіне ерекше мән берген. Ғұламаның бұл ойы қазіргі кезде де өз мәнін жойған емес, бүгінгі таңдағы жаңа білім беру парадигмасы ретінде қабылданып отырған ізгілендіру принципі – осының нақты дәлелі.

Ғұлама әр адамның білімді болуы үшін оның күш-жігерімен қатар, адамдармен қарым-қатынасындағы жақсы қасиеттердің, адамдардың бір-біріне деген мейірімділіктерінің, өзара көмектерінің, жалпы алғанда олардың бойындағы ізгілік қасиетінің мол болуының керектігі туралы былай дейді: «Жаратылысында әрбір адамға өз тіршілігі үшін және ең жоғары кемелділік дәрежесіне жету үшін көп нәрсе керек, ол мұны өзі жалғыз жүріп таба алмайды және бұған жету үшін ол қандай да бір адам қауымын қажет етеді, осы қауымдағы адамдардың әрқайсысына оған қажетті нәрселердің жалпы жиынтығынан қандай да бір затты тауып беріп отырады. Оның бер жағында әрбір адам өзінен басқа екінші адам жөнінде де нақ осындай күйге түседі. Міне, сондықтан да бір-біріне көмектесіп отыратын біреуі екіншісінің өмір сүруіне қажетті нәрселердің бір бөлігін тауып беріп отыратын көптеген адамдар бірлестіктері арқылы ғана адам өзінің жаратылысына сай кемелділік дәрежесіне жете алады». Кемелділік дәрежесі адамның білімділігімен, мәдениеттілігімен, парасаттылығымен, инабаттылығымен сипатталады. Сондықтан кемелділік дәрежесіне ие болу бақытқа қол жеткізудің басты әрі қажетті шарты болып табылады. Ол жөнінде ұлы ұстаз былай дейді: «Біз жақсы мінез-құлық пен ақыл-парасатқа ие болған кезде солардың арқасында міндетті түрде бақытқа жетеміз... Бұл екеуі бар кезде біздің өзіміз және іс-әрекеттеріміз үстем де кемел болады, осылардың арқасында біз шын мәнінде қастерлі, қайырымды, инабатты боламыз» [4].

Ғұлама еңбектерінде оқыту принциптері де кеңінен жүйеленген. Ғалым математиканы оқыту кезінде дерексізден деректіге, абстрактылыктан нақтылыққа қарай бағыттауды негізге ала отырып, жүйелілік пен бірізділік принципін ғылымның жүйелі берілуіне негіздеген. Осылайша әл-Фараби тұжырымдаған осындай дидактикалық принциптердің қатарына ол ізгілік принципін де жатқызған [5]. Сөйтіп, өз еңбектерінде білім-парасаты, мінез-құлқы кемелденген бақытты адамды тәрбиелеу үшін тәрбие мазмұны ізгілік идеясынан, ізгілікке тәрбиелеуден басталатынына кеңінен тоқталып өтеді де, кез келген адамның бақытқа жету жолы өз бойында ізгілікті қасиеттердің қалыптасуында деп ой түйіндеген ғұлама қайырымдылық пен зұлымдықтың ара жігін ашып көрсетеді.

XI ғасырда өмір сүрген, қазақ топырағына өсіп шыққан түркі ғұламасы ойшыл-ақын Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дидактикалық дастанында тәрбие мақсатына ерекше мән беріледі.

Дастанда тәрбиенің түпкі мақсаты ретінде текті, парасатты, ізгілікті адамды тәрбиелеу туралы жан-жақты сөз болады. Ақын дастанда тәрбие ұғымының анықтамасын ашып айтпағанымен, ұрпақ тәрбиесін қалай жүргізуді ел басшысының айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасау барысында мақсатқа бағытталған және жақсы ұйымдастырылған жұмысы арқылы көрсеткендігін анық байқауға болады.

Дастанда ізгілік идеясы оның дамуымен тығыз байланысты. Ғұлама ізгілік идеясының негізіне адамның өзін-өзі дамыту қабілетін, өзінің ерік-жігерін, өз абыраойын қорғай білуін, бақытқа жету жолындағы құқығы мен сұранысын жатқызады.

«Құтты білік» дидактикалық дастанындағы ізгілік идеясының дамуын зерттей отырып, оның теориялық-әдіснамалық негіздемесін жасаған ғалым Ә.Н. Көшербаева ізгілік идеяларының негізгілерін төмендегідей етіп көрсетеді:

– таным теориясының рационалдық дамуы;
– ғажайып ізгілік жүйесін жасау: әділдік, ақыл, дәулет, қанағат;
– жетілген тұлға тәрбиелеу;
– тұлға тәрбиелеудегі детерминаттарды есепке алу, санаткерлік сапаларды дамыту;
– мұрагерлік принципінің регламентациясы;
– ақиқат білімді қабылдаудың педагогикалық талаптарын бекіту [6].

Дастанда ғұлама ізгілікті қоғамның орнын ашып көрсетеді, мұндай қоғамның арқа сүйер тірегі – әділдікті барынша дәріптейді. Ол поэмада жетілген тұлғаны тәрбиелеу үшін тәрбиенің төрт тұғырына сүйенеді. Олар: әділет, дәулет, парасат, қанағат. Ізгілік идеясы ақын еңбегінде тәрбиенің барлық түрін қамтиды. Ақынның пікірінше дастанда қамтылған тәрбиенің барлығы бірдей жүзеге асқанда ғана, яғни адамгершілік тәрбиесі ұрпаққа адами қасиеттерді дарытса, ақыл-ой тәрбиесі арқылы бала білімді, ақылды, тілалғыш, зерек болады, ал эстетикалық тәрбие баланың бойына сұлулық пен өнерды дарытады, еңбек тәрбиесі арқылы бала тіршіліктің қайнар көзі – еңбекке бейімделеді, құқық тәрбиесі арқылы ел басқарудың жолдарын үйреніп, имандылық тәрбиесі арқылы ислам қағидаларын меңгереді, отбасы тәрбиесінде халық педагогикасы арқылы ұлттық салт-дәстүрді меңгеріп, өз ұлтының нағыз жанашыры болады. Осы тәрбиенің барлығы бірдей қамтылғанда ғана тұлғаның үйлесімді дамуы жүзеге асып, ізгілікті тұлға қалыптасады.

Жүсіп Баласағұнидың ілімі ізгілік идеясының қайнар көзі, ол дастанда ізгіліктің сипаты мен пайдасын ашып көрсетеді. Адам бойындағы жақсы, жаман қасиетерді ашып айта отырып, жақсы адамда ізгілік қасиеттердің мол болатынын айтады, сөйтіп жақсы мен жаманның ара жігіне салыстырмалы түрде талдау жасайды. Ғұлама «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өшпейді» деген халық даналығында айтылған ойды одан әрі қуаттай түсіп, қай адамды болмасын жақсылыққа апаратын жол, құрметке бөлейтін қасиет ізгілік екенін ашып айтады. Адам бойында ізгілік пен жақсы қылық қатар орын алса, ер адамның екі дүние қожасы болатынын меңзейді.

Осылайша ғұлама адам бойында кезедесетін ізгілік оның ізгі ниетінен, ізгі сөзі мен ізгі қылығынан көрінетінін өте көрегендікпен тұжырымдаған. Оның ойынша ізгі ниет адамды ізгілікке, адамгершілікке апаратын ізгі жол, сондықтан оны адам бойында қалыптастырудың маңызы зор. Адам өзінің ізгі сөзі арқылы білімділігін таныта алады, айналасындағы адамдарды шапағатқа бөлейді, кісілік келбетін көрсетеді, ізгі қылық пен ізгі ниет адамның мінез-құлқынан көрінеді. Ізгі қылығы арқылы өзінің мейірін айналасындағы адамдарға сеуіп, мінез-құлқының жақсылығын көрсетеді.

Адам бойындағы жақсы-жаман қасиеттері еш уақытта туа пайда болмайды, ол өмір бойына қалыптасады. Жақсы-жаман қылықтарды салыстыра отырып, оларды белгілі бір уақыт ішінде бірнеше рет қайталап, оған бой үйреткенде ғана адамның жақсы мінез-құлық пен дағдысын қалыптастыруға болады.

Ең жоғары құндылық ретінде саналатын адамның ізгілік қасиеті оның мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, өзіндік көзқарасымен сипатталады. Мұны ұлы ақын Абай да өзінің қара сөздерінде айрықша көрсеткен. «...Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Онан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де ақымақшылдық» деп кісінің кісілігі киген киімінен емес, оның адамгершілігінен, білімі мен мінез көріктілігінен екендігін ұғындырады [7].

Ұлылар еңбегінде көрініс тапқан ізгілік идеясы – халық педагогикасынан бастау алған. Халық педагогикасы – бала шыр етіп жерге түскен сәттен бастап, ананың әуенімен әлдилейтін бесік жыры, даналыққа толы мақал-мәтелдер мен жұмбақ-жаңылтпаштар, ертегілер мен аңыздар, шешендік сөздері мен нақылдар, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар аясында ізгілікке баулитын рухани қазына. Халық педагогикасының осындай құнды жақтарына кеңінен тоқталған, қазақ этнопедагогикасының ғылым ретінде дамуына үлкен үлес қосқан қазақтың ағартушы-демократтары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтар ізгілік туралы ойларын келешек ұрпаққа үлкен мұра етіп қалдырған.

Ізгілік идеясы жалпы адамзат мәдениетінің объективті құбылысы болып саналады. Ол халықтың бай рухани қазынасынан: ауыз әдебиетінен, өлең-жырларынан, мақал-мәтелдерінен, ұлттық мәдениетінен бастау алып, соған байланысты жеке тұлғаны өз халқының рухани қазынасы, ұлттық мәдениеті, игі дәстүрлері негізінде рухани-адамгершілік тұрғыдан қалыптастыруды көздейді.

Ауыз әдебиетінің асыл үлгілерінде махаббат пен зұлымдықтың, адамгершілік пен екі жүзділіктің, кеңпейілділік пен дүниеқоңыздықтың тартысы арқылы өмір шындығына жастардың көзін жеткізу, зор адамгершілік қасиетін мәпелеу сезімдерін ояту көзделеді. Мұндай гуманистік қасиеттерді қастерлеу, оған деген құштарлық сезімді ояту – этикалық тәрбиенің басты шарты. Халқымыз өзінің өлең-жырларында, мақал-мәтелдерінде осы қағиданы тәрбиенің басты мақсаты қойған.

Жоғарыда келтірілген ғұламалар еңбектеріндегі ізгілік идеясын талдай келе, олардың ой-пікірлерінің арасындағы өзара үндестікті анық байқауға болады. Мұның өзі ұлттық тәлім-тәрбие тамырының өте тереңге жайылғандығын көрсетеді.

Ұлы ағартушылардың бұл ойларын кейінгі толқын С.Торайғыров, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев, Ж.Аймауытов сынды ғалымдар жалғастырып, өздерінің еңбектерінде ұрпақ тәрбиесіндегі халық педагогикасының ізгілікті тағылымдарын насихаттайды. Олар адамдар арасындағы адами қарым-қатынастардың ізгілікке негізделуін адамшылықты жоғары қою, адамды құрметтеу ретінде қарастырып, адамда адамдық ізгі қасиеттерді тәрбиелеу идеясын іске асыруды көздейді.

Көне дәуір ғұламаларының еңбектерінде сөз болған ізгілік идеясы қазіргі педагогика ғылымының негізгі бір саласы ізгілік тәрбиесінің мазмұнын ашып, оны одан әрі жетілдіре түсуге жол ашады, жаңа заман адамы, болашақтың тұтқасы – жастарды ізгілікке тәрбиелеуге бағыт сілтейді.

1. Конфуций. Кеңес пен толғам. Аударған Мағауин М. – Алматы: Қайнар, 2001.

2. Қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық. 2-том. әл-Фараби философиясы. / Құраст. Нысанбаев Ә., Құрманғалиева Г. – Астана: Аударма, 2005. – 480 б.

3. Акбаева Л. Эстетика Абу Насыра аль-Фараби в рамках этноэстетического образования в Казахстане. – Казахский язык и литература в русской школе. – Алматы, 2004, № 4. – С. 109-120.

4. әл-Фараби. Әлеуметтік-этникалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1995. – 210 б.

5. Сарбасова Қ.А. Қазіргі педагогика ғылымының қайнар көздері. Монография. – Алматы: Білім, 2008. – 243 б.

6. Көшербаева Ә.Н. Тарихи-салыстырмалы педагогикадағы Жүсіп Баласағұнның ізгілік идеялары. – Алматы: Білім/Образование, №5. 2006. – Б. 52-55.

7. Абай. Қара сөз. Поэмалар. – Алматы: ЕЛ, 1992. – 272 б.

Резюме

В статье рассматриваются идеи гуманизма в трудах древних мыслителей.

Summary

The article is considered the ancient year’s scientist thinker ideas views.

ВОСПИТАНИЕ ДВИГАТЕЛЬНО-КООРДИНАЦИОННЫХ СПОСОБНОСТЕЙ НА ЗАНЯТИЯХ ПО РИТМИЧЕСКОЙ ГИМНАСТИКЕ

М.М. Иралина – *старший преподаватель кафедры оздоровительной физической культуры, факультета физической культуры и начальной военной подготовки КазНПУ им. Абая*

В современных условиях значительно увеличился объем деятельности, осуществляемой в вероятностных и неожиданно возникающих ситуациях, которая требует проявления находчивости, быстроты реакции, способности к концентрации и переключения внимания, пространственной, временной, динамической точности движений и их биомеханической рациональности [1, 2].

Все эти качества или способности связывают с понятием ловкость – способностью человека быстро, оперативно, целесообразно осваивать новые двигательные действия, успешно решать двигательные задачи в изменяющихся условиях. Ловкость – это сложное комплексное двигательное качество. Основы ловкости составляют координационные способности.

Под двигательно-координационными способностями понимаются способности быстро, точно, целесообразно, экономно и находчиво решать двигательные задачи [3, 4].

При осуществлении гимнастических, метательных движений, спортивно-игровых двигательных действий исполнители отличаются различными координационными возможностями, как в количественном, так и в качественном отношении. Поэтому в самом общем виде под координационными способностями мы понимаем возможности человека, определяющие его готовность к оптимальному управлению и регулированию двигательного действия. Разделяют виды координационных способностей: специальные, специфические и общие.

Специальные координационные способности – во всевозможных циклических (ходьба, бег, ползание, лазание, коньки, велосипед и. др.) и циклических действиях (прыжки), гимнастические и акробатические упражнения, в метательных действиях с установкой на дальность и силу метания (толкания ядра, метания диска), в атакующих и защитных двигательных действиях единоборств (борьба, бокс), в нападающих и защитных технических и технико-тактических действиях многих подвижных и спортивных игр (баскетбол, волейбол, футбол и др.) [2].

К специфическим координационным способностям относятся способности к точности воспроизведения, дифференцирования, отмеривания и оценки пространственных, временных и силовых параметров действий; к равновесию, ритму, быстрой перестройке двигательной деятельности, а также к произвольному расслаблению мышц, вестибулярной устойчивости.

Результат развития ряда конкретных специальных и специфических координационных способностей, составляет понятие «общие координационные способности».

Проявление координационных способностей зависит от целого ряда факторов, а именно: способности человека к точному анализу движений; деятельности анализаторов и особенно двигательного; сложности двигательного задания; уровня развития других физических способностей (скоростные способности, динамическая сила, гибкость и т.д.); смелости и решительности; возраста; общей подготовленности занимающихся (т.е. запаса разнообразных, преимущественно вариативных двигательных умений и навыков) и др.

Одним из главных методических положений в воспитании координационных способностей является проблема наилучшего сочетания координационных упражнений с упражнениями по развитию физических способностей (спортивных, силовых, скоростно-силовых, выносливости, гибкости).

В начале 2011-2012 учебного года на кафедре ОФК на учебных занятиях по физической культуре внедрено проведение ритмической гимнастики (аэробики). Использование упражнений ритмической гимнастики придает новую эмоциональную окраску учебному занятию, способствует его оживлению, повышает интерес к занятиям и улучшению координационных способностей студентов. При занятиях ритмической гимнастикой повысилась моторная плотность учебных занятий и количество занимающихся. Учебные группы объединены в потоки по 400-500 человек. Занятия проводятся на открытом воздухе, на футбольном поле с искусственным покрытием.

Ритмическая гимнастика отлично развивает координацию движений и гибкость, умение управлять своим телом, расслаблять мускулатуру, является прекрасным средством укрепления

суставов, способствует исправлению осанки и укреплению сердечнососудистой и дыхательной систем.

Занятия ритмической гимнастикой (аэробикой) являются наилучшими возможностями для одновременного развития координационных способностей и физических качеств, а также воспитывают музыкальную ритмику.

При воспитании координационных способностей используются подходы:

1. Обучение новым разнообразным движениям с постепенным увеличением их координационной сложности. Это подход широко используется в базовом физическом воспитании, а также на первых этапах спортивного совершенствования. Осваивая новые упражнения, занимающиеся не только, пополняют свой двигательный опыт, но и развивают способность образовывать новые формы координации движений. Обладая большим двигательным опытом (запасом двигательных навыков), студенты легче и быстрее справляются с неожиданно возникшей двигательной задачей.

Прекращение обучения новым разнообразным движениям неизбежно снизит способность к их освоению и тем самым затормозит развитие координационных способностей.

2. Воспитание способности перестраивать двигательную деятельность в условиях внезапно меняющейся обстановки. Это методический подход также находит большое применение в базовом физическом воспитании.

3. Повышение пространственной, временной и силовой точности движений на основе улучшения двигательных ощущений и восприятий. Данный методический прием широко используется в ряде видов спорта и профессионально-прикладной физической подготовке.

4. Преодоление нерациональной мышечной напряженности. Дело в том, что излишняя напряженность мышц (неполное расслабление в нужные моменты выполнения упражнений) вызывает определенную дискоординацию движений, что приводит к снижению проявления силы и быстроты, искажению техники и преждевременному утомлению.

Для определения уровня развития координационных способностей используют различные показатели, наиболее важными из которых являются:

- время, затрачиваемое на освоение нового движения или какой-то комбинации. Чем оно короче, тем выше координационные способности;
- время, необходимое для «перестройки» своей двигательной деятельности в соответствии с изменившейся ситуацией. В этих условиях умение выбрать наиболее оптимальным план успешного решения двигательной задачи считается хорошим показателем координационных возможностей;
- координационная сложность выполняемых двигательных заданий (действий) или их комплексы (комбинации). В качестве заданий – тестов рекомендуется применять упражнения с асимметричным согласованием движений руками, ногами, головой, туловищем, как наиболее сложные и реже встречающиеся двигательном опыте человека;
- точность выполнения двигательных действий по основным характеристикам техники (динамическим, временным, пространственным);
- сохранение устойчивости при нарушении равновесия;
- стабильность выполнения сложного в координационном отношении двигательного задания (по конечному результату и стабильности отдельных характеристик движения).

Также для определения уровня координационных способностей у студентов применяются некоторые контрольные упражнения:

1) бег «змейкой»;
2) челночный бег (3х10 м) в и.п. лицом в перед;
3) челночный бег (4х9 м) с последовательной переноской двух кубиков за линию старта;
4) метание теннисного мяча на точность в цель с различного расстояния и из различных исходных положений;
5) ведение мяча рукой в беге с изменением направления движения и. др.

1. *Физическая культура студента: учебник / под ред. Ильинича В.И. – М.: Гардарики, 2007. – 448 с.: ил.*
2. *Лях В.И. Координационные способности школьников. – Минск: Полымя, 1989. – 159 с.: ил.*
3. *Холодов Ж.К., Кузнецов В.С. Теория и методика физического воспитания и спорта: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений /– 5-у изд., стер. – М.: Издательский центр «Академия», 2007. – 480 с.*

4. Григорович Е.С. [и др.]; Физическая культура: учеб. пособие / под ред. Григоровича Е.С., Переверзева В.А. – 2-е изд., дораб. и доп. – Минск: Выш. шк., 2009. – 245 с.: ил.

Түйін

Бұл бапқа мінездеме, әдістер, есеп, қозғағыш – басқарушы қабілеттіліктері және олардың тәрбиесін негіз қарап шыққан.

Summary

This article discusses the characteristics, methods, problems of coordination and motor abilities and the basis of their education.

ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

А.А. Алимбекова – *мектепке дейінгі, бастауыш білім беру және педагогика кафедрасының аға оқытушысы*

Қазақ елінің рухани мақтанышы, тұңғыш ағартушы-педагог Ы.Алтынсарин халқымыздың мәдениеті мен тарихының алтын қорына өзіндік үлес қосумен бірге өзінен кейінгі ұрпаққа таусылмас бай мұра қалдырды. Халқымыздың жас өрендерін оқуға, білімге шақыру жолында Ы.Алтынсариннің ұран салып, ту еткен, ескірмес еңбектері «Кел, балалар оқылық», «Әй, достарым», «Өнер, білім бар жұрттар» өлеңдері. Ол сол еңбектері арқылы қазақ мектептерін ағару ісінің дұрыс жолға қойылуына байланысты көптеген ғылыми еңбектер жазды. Ол ауыл мектептері үлгілі, тәртіпті, көрнекті, мәдениетті, ауылдағы бүкіл мәдени-ағарту жұмысының орталығы «қазақтарды оқытудың негізгі буыны» болуға тиіс деген [1]. Ағартушы-педагог ауыл мектебінің өркендеуіне, ондағы оқу үрдісіне жете назар аударған. Ал тарихи мағлұматтар бойынша 1928 жылдан бастап қазақ жерінде оқытудың кешенді жүйесінің әдістерін қолдануды тиімді деп шешкен.

Халық ағарту комиссариатындағы ғылыми педагогикалық секцияның Мемлекеттік ғылыми кеңес (ГУС) қызметкерлерінің кешенді бағдарламасын ендіру барысында Ресейде 1923 жылы мектеп тәжірибесінде жүзеге асырылды.

Осы аталған кешенді бағдарламаға сәйкес Ж.Аймауытовтың «Комплекспен оқыту жолдары» атты мұғалімдерге көмекші құрал ретінде әзірленген оқу-әдістемелік еңбегі 1929 жылы Қазақ баспасында Қызылорда қаласында басылып шықты. Еңбек негізінен он бөлімнен тұрады. Онда білім беру мазмұнына қатысты бірнеше мәселелер қарастырылған. Мысалы жұмыс жоспары, күндік жоспары және т.б.

Сонымен қатар Ж.Аймауытов өз еңбегінде комплекспен оқыудың тиімділігіне мынандай анықтамалар берген: «Комплекспен оқытқанда:

1. ...оқытушы балаға икемделеді. Баланың сұрауын, қызық көруін еске алып, баланың өзіне тапқызуға, істетуге тырысады» – деп тұжырымдайды, яғни мұғалім мен оқушының арасында дұрыс қарым-қатынас орнап, баланың таным қызығушылығын арттыру мүмкіншілігінің пайда болуы және шығармашылықпен өзбетінше жұмыс істеуге және өзбетінше ізденуге дағдыланатынын айтады.

2. «...бала өмірді, құбылысты өзі бақылауды, зерттеуді тәжірибе қылады», – дейді, бұл пікірінен Ж.Аймауытов, Ә.Бөкейхановтың теория мен тәжірибені байланыстыру керек деген идеясын қолдайтынын көруге болады.

Баланың ересек адамдарға қарағанда өзін қоршаған ортаны жалпы дүниені танып білуге деген ынтасы зор. Сондықтан балаларға білім беру кезінде өтілетін жаңа тақырыпты өмірмен, тіршілік көздерімен байланыстырып оқытудың маңызы бүгінгі күнге дейін сақталып келеді. Бұл жерде Ж.Аймауытов сабақ тақырыптарын жыл мезгілдеріне байланысты қойса, оқушылардың өтілген материалдарды жақсы қабылдауына, көздеріне елестетуіне және оқуды өмір мен табиғат құбылыстарымен, яғни тәжірибемен байланыстыруға қолайлы екенін айтқан. Бұл баланың дүниетанымың қалыптасуы мен білімінің кеңейуінің нағыз көрнекілігі деп айтуға болады.

3. «...сабақ үзіліссіз бірінен-бірі туып, біріне-бірі жалғасып отырады; бір сағатта бітпеген нәрсе екінші сағатта зерттеледі, үзіліс (тыныс) деген сабақтың арасын жіктеу үшін емес тек демалу, бой көтеру үшін істеледі». Бұл айтылған ойдан пәнаралық байланыстың бар екенін білуге болады.

4. «...керексіз көп материалдар шағындалады, сұрыпталады, тек еңбек пен жаратылысқа,

қоғамға қатынасы бар, өмірге керектері алынады» – бұл айтылғандардан комплекспен оқыту оқу пәндерін, білім мазмұнын интеграциялаумен үндес, оның мәніне, негізіне үйлес екені көрінеді.

Ж.Аймауытов «Мұғалім кез келген мәселеге бүгілмей суырып салғандай мағұлматты, комплекс тақырыбын табиғат таңдауға үйлестіруге, байланыстыруға, икемді, тапқыш, көпті көрген көне, тәжірибелі, шығармашыл, зерек, іс бастағыш, түбірлегіш, талантты болу керек», – деп мұғалімнің өз кәсібінде баланың оқуға деген қызығушылығын арттыруда түрлі әдістерді қолданып, жан-жақты тапқыр, шебер болуын талап еткен. Оның мұғалімдерді білім беру жолында талмай еңбек етуге және шығармашылықпен ізденіс жолдарына шақырғанын мына сөздерінен білуге болады. «Бірден мұндай шарттар табылмайды, әуре болмайық», – деп қорқу керек емес. Ізденсе, талаптанса қолдан жасалмайтын шарт жоқ. Құнттамаған, ізденбеген, соңына түспеген адамның жұмысы еш уақытта берекелі болмақ емес, программен, комплекспен оқыту күбе соқта емес, инемен құдық қазу да емес екенін істей келе көреміз» [2] деп мұғалімдерге қойған талабы осы күнде де өте орынды. Себебі балаларды өзінің өмір сүріп жатқан ортасы мен әр қоғамның талабына сай оқыту өзекті мәселе болып саналады.

Сол жылдардағы педагогика ғылымында оқытудың мақсатына қатысты сұрақтармен қатар балалар және жасөспірімдердің дамуының психологиялық және жас ерекшелік заңдылықтарына көңіл бөле отырып, оқытудың түрлерін ойлап табу кезек күттірмейтін мәселе болды.

Бұдан біз қазақ ағартушылары идеяларының құндылығы жоғалмай бүгінгі күнге дейінгі өзектілігін көреміз. Себебі сол заманда қарастырылған ауылдық мектепте білім беру мәселесі – қазіргі кезде де өз шешімін таппаған негізгі мәселелердің бірі.

Шағын жинақты мектепте жұмыс жасайтын мұғалімнің еңбегі шығармашылықты, төзімділікті, қайырымдылықты және жүректілікті, кәсібилікті және жинақтылықты ерекше талап етеді. Көптеген қызықтан алшақ кішігірім жерде орналасқан ауыл мектептеріндегі әрбір мұғалімді тек балаларға деген сүйіспеншілік ұстап тұр. Онда тек бір ғана мәдениет орталығы – мектеп бар. Ендігі кезекте осы елдің көркеюі, өсіп-өнуі, азаматтарының білімді болып әлемді тануы осында жұмыс жасайтын мұғалімдерге байланысты. Шағын жинақты мектептегі оқу үрдісінің бірқатар ерекшелігі бар. Атап айтқанда: бір мұғалім екі, үш немесе төрт сыныппен бір бөлмеде, сабақты біруақытта өткізеді. Шағын жинақты мектеп мұғалімінің жұмыс жүргізуі өте күрделі. Себебі оған біруақытта әртүрлі жастағы, түрлі сыныптардың оқу бағдарламасымен, әртүрлі дайындықтағы бірнеше оқушыларды оқытуға тура келеді. Әрине, әдеттегі мектептің жұмысына қарағанда шағын жинақты мектепте жұмыс жасау өте қиын.

Біруақытта бірнеше сыныппен қатар сабақ өту шағын жинақты мектептің мұғалімінен тиянақты дайындықты, оқу жұмысының дұрыс ұйымдастырылуын, сабақ кестесін ұтымды етіп құрастыруын және білікті педагогикалық тактты көрсетуін талап етеді. Бірнеше сыныппен қатар жұмыс жүргізудің мынадай кемшіліктері бар:

1. Мұғалім сабақтың алғашқы жартысында тікелей сыныппен жұмыс жүргізед. Ал қалған уақытта балалардың өз бетімен жұмыс жүргізуін ұйымдастырады.
2. Мұғалімнің зейіні екі немесе үш сыныптың арасына бөлінген.
3. Өз бетімен жұмыс жүргізу барысында оқушыларға мұғалім тарапынан шұғыл көмек алу мүмкіндігі жоқ. Себебі ол уақытта мұғалім басқа сыныппен сабақ жүргізіп жатады.
4. Оқушылар басқа сыныптың тарапынан кедергі болған жағдайда өз бетімен жұмыс жасауға мәжбүр. Себебі бұл уақытта басқа сыныпта әңгіме, түсіндіру, баяндау т.б. болып жатуы мүмкін.
5. Шағын жинақты мектептегі мұғалім күнде 8, 12 сабаққа дайындалуы қажет.

Бірақ мұғалімнің жұмысында бір сыныптың жұмысына қарағанда бірнеше сыныппен жұмыс жүргізуінің өз артықшылығы бар. Бір мұғалім үшін оқушылар саны көп емес, сондықтан да мұғалім сабақ барысында әрбір оқушыдан сабақ сұрап үлгереді және олардың жеке ерекшеліктерін жақсы тану мүмкіндігіне ие. Олардың тұрмыс жағдайларын жақсы біліп, оқушылар саны аз болған жағдайда дәптерлерін тексеруге көп уақыт жұмсамайды. Жоғары сынып оқушыларының кішілерге көмек көрсетуі үшін мүмкіндіктері көп. Себебі олар күнделікті біруақытта бір сыныпта бірге болады. Кездесетін қиындықтарды жеңіп, оның жағымды жақтарын пайдалана отырып, шағын жинақты мектептің мұғалімдері мектептің алдында тұрған оқу-тәрбие міндеттерін оңай шешеді [3].

Бүгінде шағын жинақты мектепте оқитын оқушылар толық білімді меңгеру мүмкіндігіне ие. Себебі олар шағын жинақты мектепті аяқтағаннан соң облыстың, ауданның аймақтарындағы басқа мектептерде жаңа ұжымға ене отырып, білімдерін жалғастыра алады. Сонымен қатар ЖОО-ына, колледждерде оқи алады. Шағын жинақты мектептегі жұмыстың тағы бір ерекшелігі сабақты екі, үш сыныппен өз бетімен жұмыс жүргізусіз ұйымдастыру мүмкін емес. Шағын жинақты мектептегі оқушылардың өз бетімен жұмыс жүргізуі сабақтың 50%-ын құрайды. Ал, әдеттегі мектептердегі оқушылардың өз бетімен жұмыс жүргізуіне сабақтың тек 20%-ы ғана берілген. Сондықтан да шағын жинақты мектепте жұмыс жасайтын мұғалімдер оқушыларды өз бетімен жұмыс жасауға үйреткені дұрыс. 1-сыныптан бастап оқушыларға өзіндік жұмыстың бірнеше түрлерін көрсеткені жөн. Алғашында бұл тапсырмалар көлемі бойынша көп емес және үлгі бойынша жасауды ұсынған абзал. Мысалы, осынша дөңгелек сал, осынша түйме, мына санды цифрмен жаз т.с.с. Біртіндеп бұл тапсырмаларды күрделендіріп әрі шығармашылық сипат беру қажет.

Оқыту үрдісінде балалар кітаппен және дидактикалық материалмен жұмыс жасауға үйренеді. Өзіндік жұмысты ұйымдастыру барысында әдеттегі мектептердегі талаптарды басшылыққа алған дұрыс:

1. Өзіндік жұмыс бағдарламалық талаптарға сай болуы қажет.
2. Өзіндік жұмыс логикалық ойлауды дамытуы керек, яғни оқушының ойын қозғауы қажет.
3. Барлық өзіндік жұмыстар оқушылар күшіне сай болуы керек. Бұл жағдайда ол саналы түрде орындауы шарт.

Өзіндік жұмыстың түрлері формасы мен мазмұны жағынан түрлі болғаны дұрыс. өзіндік жұмысты ұйымдастыру барысында жүйелілік ұстанымын басшылыққа алу қажет. Әрбір өзіндік жұмысты тексеріп, бағалаған жөн. Өзіндік жұмыс білімді бекіту және сабақтың басқа кезеңдерінде де өз орнын алуы керек. Балаларды өзіндік жұмысты орындауға үйрете отырып, өзіндік жұмысты орындаудың әдісін түсіндіру қажет. Егер қажет болған жағдайда жұмыстың үлгісін берген жөн. Үлгерімі жағынан кішкене әлсіз балаларға ерекше назар аударып, ал керісінше үлгерімі жақсы оқушыларға тапсырма түрін күрделендіру керек. Бұл тапсырмаларды алдын-ала тақтада, плакатта немесе жеке карточкаларға дайындау қажет.

Шағын жинақты мектептегі мұғалімнің біруақытта бірнеше сыныппен жұмыс жүргізу жағдайына орай, мұғалімдер оқушылардың өзіндік жұмысының барысын әрдайым бақылауға ала алмайды. Сондықтан оқушыларды өздерін бақылауға да үйреткен дұрыс. Өздерін бақылауды әдетте 1-сыныпты аяқтағаннан кейін енгізген пайдалы. Математика сабақтарында шешілген мысалдарды тексеруді кері әрекет жасау арқылы пайдалануға болады. Тапсырмаларды шешу барысында балаларды тапсырманы әртүрлі жолмен тексеруді үйреткен дұрыс. Өз-өзін бақылау дағдысын дамыту үшін өзара тексеріс тәсілі үлкен маңызға ие. Балалар бір-бірімен дәптер алысып, бір-бірінің өз бетімен орындаған жұмыстарын тексере алады.

Шағын жинақты мектептегі мұғалім бірнеше сыныппен жұмыс жүргізу барысында өз бетімен жұмыс жүргізудің түрлерін пайдалану керек. Себебі шағын жинақты мектептерге арнайы әдістемелік әдебиеттер сирек. Сондықтан шағын жинақты мектептердің мұғалімдері көптеген дидактикалық құралдарды (түрлі кестелер, карточкалар, тапсырмалар) дайындауға мәжбүр. Олар өзіндік жұмысты оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Өзіндік жұмыстың күрделілік деңгейін біртіндеп өсіріп және оны әрбір оқушыны бақылаудан таса қылмай ұстаған дұрыс. Бағдарламалардың қиын бөлімдерінде жұмыс жасау барысында тек оқу тапсырмасын ғана емес, ұсыныстар жазылған карточкалар да пайдалы. Өзіндік жұмыс үшін тапсырмаларды оқушыларды жаңа материалды қабылдауға дайындайтындай етіп құрастыру керек.

Қорыта келгенде, аталған мәселенің шешімін дұрыс тауып, қазақ ағартушыларының аңсаған арманын яғни әрбір қазақ баласының жете білім алуын қадағалау шағын жинақты мектептің үлесіне де тиесілі деп білеміз.

1. Сейталиев Қ. Педагогика тарихы. – Алматы: Білім, 2008.

2. Аймауытов Ж. 5-томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999.

3. Тойбазарова Н.Ә. Шағын жинақты бастауыш мектепте ақпараттық технологияларды пайдалана отырып білім сапасын көтеру. Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2009.

Резюме

В данной статье рассматриваются пути организации учебного процесса в малокомплектной школе.

Summary

The ways of educational process organization in rural small schools.

МЕТОДЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ СКОРОСТНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ В НАСТОЛЬНОМ ТЕННИСЕ

А.К. Бисекенова – *старший преподаватель кафедры оздоровительной физической культуры, КазНПУ им. Абая*

До недавнего времени настольный теннис считали видом спорта, не требующим ни значительного развития физических качеств, ни энергетических затрат во время игры. Однако современные научные исследования и практика доказывают обратное [1, 2].

Современный настольный теннис представляет собой мощную, атлетическую и динамичную игру. Для нее характерен высокий темп и удары по мячу со сверхсильными вращениями, что позволяет обеспечить надежность попадания мяча на стол и представляет для соперника угрозу проигрыша очка. [3]

Теннисист должен уметь быстро передвигаться по площадке, выполняя большое количество мощных атакующих и контратакующих ударов и не снижая при этом точности управления полетом мяча. Такая игра предъявляет высокие требования к двигательным и функциональным возможностям спортсмена. Для успешной игры в настольный теннис необходимо гармоническое развитие таких физических качеств, как выносливость, быстрота, сила, ловкость, подвижность в суставах и координация движений на высоком уровне. Все перечисленные физические качества тесно взаимосвязаны.

В зависимости от возраста, подготовленности теннисистов, общая и специальная физическая подготовка меняется, но во всех своих аспектах она необходима на всех этапах становления спортивного мастерства.

Скоростные способности являются одними из ведущих качеств в достижении высоких спортивных результатов в настольном теннисе, так как игра требует быстрых ответных действий на неожиданные атакующие действия противника и тот, кто быстрее выполняет удары, тот и выигрывает. Скоростные способности являются комплексным физическим качеством, которое определяют три основных фактора:

– скорость двигательной реакции (быстрота ответных действий на какой-либо внешний раздражитель);

– скорость одиночного движения;

– частота движений (темп).

Эти факторы являются одним из главных в достижении успеха в настольном теннисе. Однако между этими факторами прямой связи не существует, и теннисист, обладающий хорошей двигательной реакцией, необязательно продемонстрирует высокий темп движений, и наоборот. Взаимообусловленность скоростных способностей имеется только на уровне элементарных форм их проявления.

Скоростные способности, по сравнению со всеми другими физическими качествами, являются самыми трудно тренируемыми качествами человека. Максимально возможный прирост скорости, например, в спринтерском беге после многолетних занятий не превышает 15-18%. Это обусловлено, прежде всего, тем, что физиологической основой быстроты является мало поддающееся совершенствованию, врожденное свойство центральной нервной системы – подвижность нервных процессов (смена возбуждения и торможения).

Как правило, скоростные качества человека увеличиваются примерно до 14-15 лет. Однако диапазон возраста для их целенаправленного развития колеблется от 7 до 17 лет. Сенситивный период развития скоростных способностей – 7-12 лет. При этом важнейший показатель скорост-

ных способностей – частота движений – наиболее эффективно совершенствуется с 7 до 9 и в 12-13 лет, а скорость одиночных движений – в 10-13 лет. Максимальная скорость в циклических упражнениях у юношей эффективно поддается улучшению в 15-16, а у девушек – в 14-17 лет.

Важнейшими факторами, влияющими на проявление скоростных способностей человека в двигательной деятельности, являются.

1. Факторы динамической силы и оптимальной гибкости – они в значительной мере определяют скорость передвижения в пространстве.

2. Способность мышц к расслаблению. Любое движение осуществляется двумя группами мышц – синергистами, выполняющими сокращение мышц в нужном для перемещения направлении, и антагонистами, находящимися в состоянии определенного напряжения и препятствующими согласованной работе противоположных мышечных групп. Поэтому для достижения максимальной быстроты выполнения движения необходимо, чтобы антагонисты были оптимально расслаблены. В связи с этим умение спортсмена расслабляться по ходу выполнения движения весьма существенно влияет на скорость движения.

3. Волевые качества – они также определяют проявление высоких скоростных показателей. Интенсивность волевого усилия поддается некоторому совершенствованию в результате целенаправленной физической работы.

4. Качество техники выполнения скоростных движений. Признано, что применение упражнений на скорость, освоенных на уровне умения, не способствует росту быстроты, так как человек частично концентрирует свое внимание на выполнении движения. Поэтому для тренировки скоростных способностей совершенствуемые движения должны быть освоены до уровня навыка.

Таким образом, скоростные способности поддаются определенному совершенствованию, и эту возможность необходимо широко использовать в практике работы по воспитанию игроков в настольный теннис.

Основным средством развития быстроты являются упражнения скоростного характера, которые выполняются в комплексе с другими движениями. Выполняются они быстро, по неожиданному (желательно зрительному) сигналу. Упражнения должны быть разнообразными, должны охватывать различные группы мышц, способствовать повышению координационных способностей занимающихся. Качество быстроты постепенно может утрачиваться, если над ним систематически не работать. Для этого подбираются специальные подвижные игры с элементами выполнения игровых приемов, стартовые ускорения, эстафеты с препятствиями. Упражнения для развития быстроты не следует давать на фоне утомления, так как при этом резко нарушается координация движений и теряется способность к скоростным действиям.

Физические упражнения на развитие быстроты ответных действий.

1. Из различных исходных положений колебательные и круговые движения согнутыми и прямыми руками (однонаправленные, разнонаправленные, одновременные и поочередные) в максимально быстром темпе в течение 5-6 с.

2. Ходьба с круговыми движениями руками в темпе, превышающем в два раза темп шагов. В стойке на лопатках маховые движения ногами (педалирование), с постепенным ускорением и с последующим замедлением в течение 10-12 с.

3. Броски мяча вверх и ловля с различными движениями в момент нахождения мяча в воздухе (повороты, приседания, наклоны, хлопки, смена мест и т.п.).

4. Быстрая передача мяча в парах стоя или сидя (расстояние между партнерами 2-3 м) в виде соревнования на количество передач за 5-6 с.

5. Прыжки через короткую и длинную скакалку (в виде соревнования на большее количество прыжков за 8-10 с.). Прыжки с двойным вращением скакалки.

6. Из различных исходных положений по сигналам (звуковым и зрительным) быстрое выполнение несложных движений и действий: из положения основной стойки подпрыгнуть или сесть по-турецки; из положения – лежа на спине быстро сесть или принять положение группировки; из упора присев быстро встать, перейти в упор – лежа или подпрыгнуть вверх; из наклона вперед, руки вниз – назад, быстро поднять туловище до горизонтального положения, руки вверх; из наклона, касаясь пальцами пола, быстро выпрямиться; в висе быстро согнуть и разомкнуть ноги.

7. Различные упражнения в игровой форме, требующие быстрых ответных действий: остановка по сигналу во время быстрой ходьбы, бега; тоже, но по сигналу принять определенное положение – позу; различные действия в ответ на сигнал (при ходьбе наклониться и коснуться пальцами пола, не замедляя темпа шагов; повороты на 180^0-360^0; метание мяча во внезапно появившуюся мишень.

Оценка уровня развития физических качеств осуществляется с помощью контрольных упражнений, приведенных ниже.

Тест « Бег 30 м» (3 серии с 10-секундным перерывом) используется для оценки общей скоростной выносливости спортсмена.

Тест « Бег 10м» характеризует простую двигательную реакцию спортсмена.

Тест «Перемещение в 4-метровой зоне боком» (5 серий для женщин и мужчин по 10 перемещений с 15-секундным интервалом отдыха) позволяет оценивать скоростную выносливость игрока в настольный теннис, проявляемую в специфических передвижениях. Динамика результатов в каждой серии данного и предыдущего тестов может быть показателем не только выносливости, но и морально-волевых качеств теннисиста.

Тест «Метание набивного мяча игровой рукой» характеризует скоростно-силовые качества игровой руки, проявляемые в специфических для настольного тенниса ударных движениях. Вес мяча (от 1 до 2 кг) подбирается в зависимости от возраста, пола и уровня физического развития теннисистов.

С помощью тестов по абсолютным показателям можно оценивать уровень развития отдельных физических качеств игроков в настольный теннис и применять эти тесты на различных этапах отбора и комплектования команд.

1. Барчукова Г.В. Игра, доступная всем. – М., 1991.

2. Амелин А.Н., Пашин В.А. Настольный теннис. – М., 1999.

3. Барчукова Г.В. Настольный теннис в ВУЗе: учебное пособие для студентов не физкультурных ВУЗов. / Барчукова Г.В., Мизин А.Н. – М., 2002.

Түйін

Бұл мақалада арнайы жылдамдық икемділігін жетілдіру және осы мүмкіндіктерді тәжірибе жүзінде пайдалана отырып, үстел теннисінен ойыншыларды тәрбиелеу.

Summary

High–speed abilities are improvable in certain ways, and this capability should be widely used in practical work to train players in table tennis.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРҒА АРНАЛҒАН БІЛІМДЕГІ ГЕНДЕРЛІК ИНДИКАТОРЛАР

Р.Е. Каримова – *Мектепке дейінгі, бастауыш білім беру және педагогика кафедрасының аға оқытушысы*

Соңғы уақытта Қазақстанның білім беру жүйесінің әр түрлі салаларында гендерлік мәселелер белсенді түрде зерттеліп келеді. Сапасы мен саны жағынан гендерлік зерттеулердің өсуі, білім беру жүйесінде гендерлік білімге деген қажеттілікті тудырды.

Қазақстан Республикасының 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың IV әйелдер форумында жоспарлаған тапсырмасына байланысты, 2005 жылдың 29 қарашасында бекітілді. Қазақстан Республикасы 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясы – мемлекеттің гендерлік саясатын іске асыруға бағытталған негізгі құжат болып саналады. Стратегия үлкен әрі маңызды 9 бөлімнен тұрады. Қабылданған стратегияның басты мақсаты елімізде әйелдер мен еркектердің өмірдің барлық саласында тең дәрежелі болуына бағытталған. Үкімет басқару органдарындағы әйелдер санын 30 пайызға көбейту, соған сәйкес саясаткер-әйелдерді дайындау, қабылданатын құқықтық заңнамаларға гендерлік сараптамалар жасау, балалар мен жастарға, жалпы Қазақстан халқына гендерлік мәселелер туралы ағартушылық жұмыстар жүргізуіне мән берілген.

Халықаралық тәжірибеде білімдегі гендер индикаторының жүйесін өңдеуден жағымды тәрбие жинақталған. Гендер индикаторы бар БҰҰ-ң даму бағдарламасы мәтінінде адам дамуының индексі ретіндегі көрсеткіш болып қаралады. Берілген тәсіл гендер дамуын ел деңгейінде талдауға мүмкіндік береді. Белгілі болғандай адам дамуының индексі үш маңызды сипаттаманы жобалайды: білім беру, кіріс деңгейі, өмірдің жалғасы. Білім берудің осы (деңгейде) тізімде бірінші орында тұрғанын байқаймыз. Адам дамуының индексінің гендер дифференциясындағы БҰҰ-ң тәсілі кірісте, жұмыс орнына кірісуге рұқсат алуда, саяси қатысуға және шешімді қабылдауда айырмашылықты аңғаруға мүмкіндік беретін «әйел» мен «еркектің» индексінің барлық құрылымындағы салыстырмалы талдаудан тұрады.

Гендерлік-сезімдік индикаторлардың бар жүйелері әлі де соңғы сипаттамаға ие болған жоқ және олар экспериментальды түрде бағалануы мүмкін, себебі индикатор типологиясында, сонымен бірге оларды сұрыптау белгілерінде сапалы және сандық гендер индикаторымен арақатынасында қарама-қайшылықтар бар. Сан түрінде көрсетілген сандық индикаторлар дәлел туралы ақпараттар береді және нақты қисынды мазмұндау, қарау болып табылады. Бұл индикаторлар гендер статистикасын, көшіріп жазуын, әкімшілік құжаттарын талдай отырып құруға болады.

Сандық индикаторды адамдардың сандары сияқты санына қарап, сонымен бірге білім беру жүйесінің обьектісі болып табылатын жыныстық гендер белгісіне де қарап анықтауға болады.

Индикатордың екінші типі – сапалық. Олар «екінші деңгейдің» ақпаратын береді, яғни дәлел туралы емес, осы дәлелдер іс-әрекеттегі субъектілердің әрекетінде қалай бағалатыны, болып жатқан жағдай туралы көзқарастары қандай екені туралы. Осы мағлұматтарды сұрау, сауалнама, интервью, сонымен бірге сиқыр-топ шеңберінде де алуға болады.

Сапалық индикаторлары баға, ұнату, гендерлік күту және мақсат аумағында қаралады. Олар шындығы аз, субьективті болуы мүмкін. Бірақ зерттеудің қазіргі деңгейі тұлғалық компоненттің болуына қарай бейімделеді: дәлелдерді талдау ғана емес, сонымен бірге олардың бағаларын және қорытындыларын көрсетуде маңызды болады.

Сапалық индикаторлар әсіресе халықаралық бағдарламалар мен жобалардың нақты мәдени мәтіннің ерекшелігіне байланысты бейімделген болса, онда ол өте қажет. Білім беру жүйесі үшін сапалық гендер индикаторы арқылы мәтінге, жалпы әр жақты тәсілдерді енгізуге мүмкіндік бар екенін анықтап алу керек.

Зерттеушілер Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі үшін гендер индикаторын анықтауда төмендегіше белгілер жүйесін қолданды:

- индикаторлар барлық негізгі қатысушыларды мүмкіндік бойынша қоса отыра «қатысушы» стилінде өңделуі керек;
- индикаторлар қолданушының қажеттіліктеріне сәйкес және қолданушыға түсінікті деңгейде болуы керек;
- санмен қоса сапалық индикаторларды іске асыру керек, оларды қиыстыра қолдану керек;
- индикаторлар түсіну үшін қолайлы болуы керек;
- индикаторлар түсінікті, тұжырымды болу керек;
- индикаторлар уақыттың белгілі бөлігінде тенденцияны өлшеуі керек;
- индикаторға ең ақырғы назар соңғы нәтижемен беріледі;
- гендерлік-сезімталдық индикаторлар уақытты не кеңістікте болып жатқан қоғамның гендер беделіндегі үзілістерді өлшейді.

Индикаторлар жүйесі «гендер білімінің бағдарламасы» жобасы шеңбері мен Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі және ЮНИСЕФ-тің бірге қызмет жасауының негізінде құрылды. Сонымен, мектепке дейінгі ұйымдар үшін әдістемелік ұйымдастырылғандай, сонымен бірге жасөспірімдік дамудың заңдылықтарын ескерілгендер «Мектепке дейінгі ұйымдар үшін гендер индикаторы» балалардың іс-әрекет сферасына және олардың дамудағы әлеуметтік жағдайлар мәтінінде пайда болуына сәйкес (Л.С. Выготский), сондай-ақ бала-бала, бала-тәрбиеші, бала-ата-ананың тұлға аралық қарым-қатынас типіне сәйкес топталады. Осындай өмірлік іс-әрекет аумағының қатарына ойын әрекеті, арнайы ұйымдастырылған оқу-іс-әрекеті, күнделікті әрекет те кіреді. Картаға сонымен бірге физиологиялық деңгейдің, дидактикалық құралдардың оқу аумағының талдануы да қосылады. Осындай әр топқа соңғысына жету үшін индикатордың сапа-

лық және сандық белгілі комбинациясы сәйкес келеді. Сонымен ойын әрекетінің гендер сараптамасы ұлға және қызға арналған ойын пайызы, ұл және қыз үшін ойыншықтар саны, рөлдерді бөлу сияқты сандық индикаторларды, сонымен бірге ойынды құрастыратын гендер, ұл және қыз үшін өзіндік тәжірибені тікелей көру мүмкіндігі сияқты сапалық индикаторларды қолданады. «Ұлдар мен қыздардың мүмкіндікті теңестіру бейімделулерімен алға шығу көзқарастары» табанды «ойындағы басшы», «оқудағы», «күнделікті әрекетте», «бала-бала», қыз-ұл арасындағы өзара қарым-қатынас сияқты әрекет ерекшеліктерімен байланысты сапалық индикаторлар анықталады.

Соңында, белгіленген индикаторлар мектепке дейінгі ұйымдар ортаның барлық бағыттағы гендер сараптамасын жүзеге асыруға мүмкіндік береді және олар сенімді іс-тәжірибелік құрал-жабдықтарды көрсетеді.

Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған гендерлік индикаторлар

Мектепке дейінгі баланың тіршілік ету әрекетінің аумағы	Гендерлік индикатор
1. Арнайы ұйымдастырылған оқыту (сабақ)	1.1. Сабақтың, жаттығудың гендерлік мазмұны; 1.2. Ұл мен қыздың жандануы; 1.3. Ұл мен қыздың тәжірибесінің есебі.
2. Білім беру ортасы	2.1. Климат ұлдар мен қыздар үшін қолайлы ма? 2.2. Ұлдар мен қыздар тәжірибесінің теңдігін мойындау; 2.3. Педагогтың ұлдар мен қыздарға қарым-қатынасы; 2.4. Педагогтың гендер тәжірибесінің жағымды берілуі.
3. Ойын әрекеті	3.1. Рөлдерді бөлу; 3.2. Ойынды гендерлік құрастыру; 3.3. Ұлдар мен қыздарға арналған ойынның пайызы; 3.4. Ұлдар мен қыздар үшін ойыншықтың саны; 3.5.Ұлдар мен қыздардың өзіндік тәжірибесін тасымалдау мүмкіндігі
4. Физиологиялық деңгей	4.1. Физиологиялық қажеттіліктерді (дәретхана, гигиеналық бөлмелер) қанағаттандырарлықтай ма? 4.2. Ұйқыны, тамақтануды т.б. ұйымдастыру
5. Күнделікті әрекет	5.1. Өзінді күту мүмкіндігі (ұл/қыз); 5.2. Өзінің қызығушылығын, жақсы көретін ісін (хоббиін) қанағаттандыру мүмкіндігі; 5.3. Біреудің қызығушылығын ұйымдастыруға саналы қатысудың мүмкіндігі және қабілеттілігі (ұл-қыз; қыз-ұл; қыз-қыз; ұл-ұл);
6. Өзара қарым-қатынас – бала↔бала – бала↔тәрбиеші – бала↔ата-ана – бала↔басқа ересек адам	6.1. Балаға гендерлік бояуы бар қарым-қатынасты құруға мүмкіндік беру; 6.2. Тәрбиешінің баламен гендерлік қарым-қатынасты құрудағы есебі; 6.3. Ата-ананың баламен (гендер компонентінің есебімен отбасының құрылымының ерекшеліктері) қарым-қатынас құруы; 6.4. ересектің (гендер талаптары, таптаурындары, ойлары, сенімі) гендерден хабары болуы.
7. Ұлдар мен қыздардың мүмкіндікті теңестіру бейімдеулерімен алға шығу көзқарастары	7.1. Ойында; 7.2. Оқуда; 7.3. Күнделікті әрекетте; 7.4. Өзара қарым-қатынаста (бала-бала; қыз-ұл; ұл-қыз;)
8. Ересектердің гендерден хабары болуының көзқарасы	8.1. Отбасында; 8.2. Балабақшада; 8.3. Әлеуметтік ортада (көшеде, көпшілік жерде).
9. Гендерлік дағдыларын репрезентациялау, қыздар мен ұлдардың терең білімін таныстыра білуі	9.1. Ұлдардың гендерлік іс-әрекеті; 9.2. Қыздардың гендерлік іс-әрекеті

10. Сюжеттік-рөлдік ойындардағы ұжымдық әрекет және басқа да әрекет түрлерімен айналысу.	10.1. Толық дифференциация 10.2. Ойын барысында немесе басқа әрекеттерде серіктестерді таңдау (ұлдар,қыздар) 10.3. Гендерлік мөлшерлерді тасымалдау 10.4. Гендерлік қарым-қатынастың жақсы жақтарын репрезентациялау, ұлдар мен қыздардың гендерлік тұрғыдан бірігіп жұмыс істеуі.
11. Балабақшаның гендерлік кеңестігі	11.1. Гендерлік статистика (көрсеткіш) (топтардағы ұлдар мен қыздар саны).
12. Дидактикалық материал (мәлімет)	12.1. Әдістемелік материалдардың гендерлік мазмұны 12.2. Оқулық құралдарының, мектеп жасына дейінгілерге арналған кітаптардың гендерлік мазмұны.

Аталмыш картада сандық және сапалық көрсеткіштерді қиыстыру стратегиясы пайдаланылған Ол – өзіндік тәртіп, өзін-өзі басқару мен ұлдар мен қыздардың өзін-өзі бағалауымен анықталатын өзін-өзі жөнге салу болып келеді.

Сонымен, гендерлік білімді әлеуметтенуге, мәдениетті және қоғамдық белсенділікті жеке адамның өзінің мүддесінде жүзеге асыру, сонымен бірге гендерлік қоғам мен мемлекеттің қалыптасуына бағытталған білім қызметінің жүйесі екендігін дәлелдеді. Мұндай тәсілдің басты идеясы ұлдар мен қыздардың дамуында әсер ететін барлық оқу-тәрбие үрдісінің (мазмұны, оқыту әдістері, мектеп өмірін ұйымдастыру, педагогикалық араласу, пәндер жиынтығы, мен дәстүрлері т.б.) факторларының қыздар мен ұлдардың дамуына әсер ету ерекшелігін есепке алу.

1. *Введение в гендерные исследования (под ред. Жеребкиной И.). ХЦГИ. – СПб., 2001.*
2. *Ускембаева М.А. Гендерные исследования в Казахстане. Гендерное неравенство глазами субьектов системы образования Республики Казахстан. – Алматы: Мальвина, 2005, – с. 114-127.*
3. *Проблемы гендера в контексте трансформации казахстанского общества // Материалы Международного круглого стола. – Алматы, 2001.*
4. *Уест К., Зиммерман Д. Создание гендера. Пер.Е. Здравомысловой. – М.: МЦГИ, 2000.*
5. *Штылева Л.В. Гендерный подход в дошкольной педагогике: теория и практика. – Мурманск, 2001.*

Резюме

В данной статье рассматривается знание гендерных индикаторов посвященных дошкольным учреждениям.

Summary

In article is considered the knowledge of gender indicators denoted for preschool institutions.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫ ОҚЫП ҮЙРЕНУДЕГІ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ ТҰҒЫР

Д.Қ. Азимбаева – *мектепке дейінгі, бастауыш білім беру және педагогика кафедрасының аға оқытушысы, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Әртүрлі елдердегі білім беру ісіндегі табыстарды салыстыра қарасақ, сол елдердегі білім беру ісінің философиясының даму нәтижесі екендігін және оның педагогикалық теория мен практикаға қалай етене енгендігінің куәсі боламыз. Қазіргі заманғы еуропалық мектеп пен білім беру негізінен Я.А. Коменский, И.Г. Песталоцци, Ф.Фребель, И.Ф. Гербарт, А.Дистервег, Дж.Дьюи және басқа педагогика классиктерінің философиялық-педагогикалық көзқарастарының әсерімен дамыды. Олардың ойлары XIX-XX ғасырларда дамыған, өзінің негізгі сипаттамаларында: білім берудің мақсаты мен мазмұны, оқытудың формалары мен әдістері, педагогикалық процестерді және мектептік өмірді ұйымдастырудың тәсілдері өзгеріссіз қалған білім берудің классикалық моделінің негізін құрады.

XX-ғасырдың бірінші жартысындағы отандық педагогика өзінің құрылымы және мазмұнында қазіргі кезде өзінің мағынасын жоғалтқан ой-пікірлерге толы болды, сондықтан да ол кезінде

қатал сынға ұшырады. Оқыту пәндерін құру тәсілдерінің негізіне білімді бірізді жинақтау идеясы алынды. Ал оқыту формалары арасынан оқытудың сыныптық-сабақтық жүйесі таңдап алынды.

60-жылдардан бастап отандық мәдениет диалог, ынтымақтастық, бірігіп әрекет жасау, басқа адамның пікірін түсіне білу қажеттілігі, тұлғаны сыйлай білу т.б. идеялармен байыды. Қазіргі заманғы педагогиканы адамға және оның дамуына бағыттау, гуманистік дәстүрлерді қайта жаңғырту өмірдің өзі алға қойып отырған маңызды міндеттер болып есептеледі. Оларды шешу үшін ең алдымен педагогиканың әдіснамасы болып саналатын білім бердің гуманистік философиясын ойластырып, дамыту қажет.

Осыдан, педагогиканың әдіснамасын білім беру философиясының гуманистік мәнін бейнелейтін педагогикалық таным мен шындықты дұрыс түсіну туралы теориялық ережелердің жиынтығы деп қарау керек.

Алайда ғылыми таным, соның ішінде педагогикалық та, шындыққа сүйіспеншілікпен ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік қажеттіліктерді толық қанағаттандыру мақсатында жүзеге асады. Осыған байланысты адам өмірінің көптеген аспектілері жеке тұлғаның ойлау процесіне, материалдық және рухани құндылықтар жасауына, адамзат мәдениетін дамытуға жұмсалады.

Практикалық және танымдық тұғырлар арасындағы байланыс механизмінің ролін теория мен практика арасындағы «көпір» ретінде аксиологиялық немесе құндылық тұғыр атқарады. Ол, бір жағынан, адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктері өзінде қалыптасқан құбылыстарды зерттесе, екінші жағынан қоғамды гуманизациялау міндеттерін шешеді.

Аксиологиялық тұғырдың мәні төмендегі *аксиологиялық принциптер* арқылы ашылады:

– мәдени және этникалық ерекшеліктердің әркелкілігін сақтай отырып, құндылықтардың біртұтас гуманистік жүйесінің көлемінде философиялық көзқарастардың теңдігі;

– дәстүр мен шығармашылықтың әртектілігі, өткен кезеңнің білімдерін зерттеу қажеттілігін мойындау, қазіргі кезде және болашақта рухани жаңалықтар ашылу мүмкіндігін мойындау, дәстүрлілер мен жаңашылдар арасындағы диалогты өзара байыту;

– адамдар арасындағы экзистенционалдық теңдік, құндылықтың негіздері туралы демогогикалық келіспеушілік орнына социомәдени прагматизм;

Осы әдіснама негізінде ең негізгі міндеттердің бірі- ғылымның, соның ішінде педагогиканың гуманистік мәнін ашу, оның адамға танымның, қарым-қатынастың, шығармашылықтың субъектісі ретінде қарым-қатынасы.

Аксиологиялық тұғыр негізінен гуманистік педагогикаға тән болғандықтан, ондағы адам қоғамның ең жоғарғы құндылығы және қоғамдық дамудың ең жоғарғы мақсаты ретінде қарастырылады. Сондықтан аксиология гуманистік проблематиканың жалпы бөлегі ретінде білім берудің жаңа философиясының негізі және қазіргі заман педагогикасының әдіснамасы ретінде қарастырылады.

Аксиологиялық ойлаудың негізінде өзара бағынышты, өзара әрекет етуші дүниенің тұжырымдамасы жатыр. Ол бойынша дүние-ол жеке адамның дүниесінен тұрады, сондықтан тек адамзатты біріктіретін жалпылықты ғана зерттеп қоймай, әрбір жеке адамды да сипаттай білу керек. Гуманистік құндылықты бағдар-бейнелеп айтқанда «аксиологиялық серіппе» – ол құндылық жүйесінің барлық бөлегіне белсенділік серпін береді.

Гуманизмге бағытталған білім беру философиясы- білім беру процесінің барлық сатыларындағы сапалы жаңартудың стратегиялық бағдарламасы. Ол бағдарламаны жасау мекемелердің іс-әрекетін, білім берудің ескі және жаңа концепцияларын, педагогикалық тәжірибені, қателіктер мен қол жеткен табыстарды бағалаудың критериін жасауға мүмкіндік береді. Гуманизация идеясы білім берудің жаңа бағытын жүзеге асыруды көздейді, ол тек жас мамандарды даярлаумен шектелмей, жеке тұлғаның жалпы және кәсіптік дамуында жоғары нәтижелерге қол жеткізуін мақсат етіп қояды.

Білім берудің гуманистік бағыты оның негізгі мақсаты «жүйеленген білім, білік, дағдыларды» қалыптастыру туралы үйреншікті көзқарасты өзгертті. Білім берудің мақсатын осылай түсіну оның дегуманизациясына себеп болды, ол оқыту мен тәрбие мәселесінің бөлінуіне әкеліп соқтырды. Оқыту бағдарламалары мен оқулықтарды саясаттандыру және идеологияландыру нәтижесінде тәрбие мәселесі шеттетілді. Орта, жоғары мектептер жалпыадамдық және ұлттық мәдениеттің трансляторы болудан қалды. Еңбек тәрбиесі идеясы жоққа шығарылды, себебі оның моралдық-эстетика-

лық жақтары ескерілмеді. Білім берудің сол кездегі жүйесі тәрбиеленушілерді өмірдің сан-салалы қырларына ыңғайластырып өмір сүруді, кездескен қиыншылықтармен ымыраласуды үйретті, алайда оларды өмірді гуманизациялау, өмір сүру заңдарын өзгертуді үйретпеді. Қазіргі кезде тұлғаның бағыттылығының сипаты мен мазмұнына әлеуметтік және экономикалық мәселелердің шешілуі, адам қауіпсіздігі, тіпті адамзаттың өмір сүруі байланысты екендігі дәлелденіп отыр.

Педагогикада аксиологиялық тұғырдың қолданылуы нәтижесінде білім беруді гуманизациялау идеясы кең мағынада философиялық-антропологиялық және әлеуметтік-саяси мағынаға ие болып отыр, қоғамдық дамудың стратегиясы оның шешіміне тәуелді, өйткені ол адам және адамзаттың дамуына кедергі жасауы мүмкін немесе оның дамуына мүмкіндік туғызады. Қазіргі заман білім беру жүйесі келешекте адамзаттың жан-жақты дамуы үшін, оның дүниетанымы және адамгершілік сапаларының жақсара түсуі үшін өзінің үлесін қосуға тырысады. Білім берудің гуманистік философиясы адам болашағы үшін, дүние жүзінде экологиялық және адамгершілік гармонияның болуы үшін қызмет етеді.

ХХ-ғасырдың 60-жылдарынан бастап құндылықтар категориясы отандық ғылымда философиялық ой-пікірдің пәні ретінде зерттеле басатады, осы кезде адам, мораль, гуманизм, субъективтік факторларға қызығушылық күшейе түсті.

Құндылықтар категориясын адам және қоғам дүниесіне қатысты қолдануға болады.

Адамнан тыс және адамсыз құндылық түсігіні өмір сүре алмайды, өйткені ол заттар мен құбылыстардың жиынтығы іспетті. Құндылықтар алғашқы емес, ол адам мен дүние қатынасының туындысы, олар адамның тарих процесі бойында жасаған еңбегінің маңызын арттыра түседі. Қоғамдағы әрбір оқиға маңызды, әрбір құбылыс белгілі бір роль атқарады. Алайда құндылықтарға әлеуметтік прогреспен байланысты жағымды аса маңызды оқиғалар мен құбылыстар жатады.

Құндылықты сипаттамалар жеке оқиғаларға, өмір құбылыстарына, мәдениетке және қоғамға қатысты болады, сонымен қатар ол түрлі шығармашылық әрекеттерді жүзеге асыратын субъектке де қатысы бар. Шығармашылық процесінде жаңа бағалы заттар, байлықтар және де жеке тұлғаның шығармашылық потенциалы ашыла түседі және дамиды. Олай болса тек шығармашылық мәдениетті тудырады және әлемді гуманизациялайды. Шығармашылықтың гуманизациялаудағы рөлі оның өнімінің тек қана бір құндылықты іске асырмайтындығымен анықталады. Шығармашылық жаңаны, бұған дейін белгісіз құндылықтарды ашумен тығыз байланысты бола тұрып, ол болса адамды әр қырынан аша түседі, байытады, құндылық әлеміне қатыстырады, осы дүниенің жан-жақты қиын иерархиясына кіруге мүмкіндік береді.

Объектінің құндылығы тұлғаның оған берген бағасына байланысты, ал ол оның қажеттілігін қанағаттандыру үшін заттың маңызын жете түсіну құралы болып табылады. Құндылық пен бағалаудың арасындағы айырмашылықты түсіну өте маңызды, бұл жерде құндылық объективті. Ол әлеуметтік-тарихи практика процесінде түзіледі. Бағалау құндылыққа субъективті қатынасты білдіреді, сондықтан да ол ақиқат болады (егер ол құндылыққа сәйкес болса) және жалған болады (егер оның құндылыққа сәйкес болмаса). Бағалаудың құндылықтан айырмашылығы, ол оң да, теріс те бола алады. Сондықтан бағалаудың арқасында адамға және қоғамға қажетті және пайдалы заттар сайланып алынады.

Жалпы аксиологияның категориалдық аппараты педагогикалық аксиологияға көңіл аударуға мүмкіндік береді. Оның мәні педагогикалық әрекеттің өзіндік ерекшелігімен, оның әлеуметтік рөлімен анықталады. Педагогикалық әрекеттің аксиологиялық сипаттамалары оның гуманистік мағынасын анықтайды.

Кез-келген рухани сияқты, педагогикалық құндылықтар да, өмірде күтпеген жерден (ойда жоқта) пайда болмайды. Ол педагогика мен білім берудің практикасына тікелей әсер ететін қоғамдағы әлеуметтік, саяси, экономикалық қатынастарға тікелей тәуелді болады. Оның үстіне бұл тәуелділік механикалық жолмен болмайды, себебі қоғамдағы болып жатқан жағдайлар қарама-қайшылыққа душар болады, ал оны болса көп жағдайда адам ғана шешеді, педагог өзінің дүниені қабылдауымен, идеалдарымен, мәдениетімен, басқа да тәсілдерді пайдаланып шешеді.

Педагогикалық құндылықтар деп педагог әрекеті мен білім беру саласындағы қалыптасқан қоғамдық дүниетаным арасындағы делдалшы және байланыстырушы звено қызметін атқаратын, сонымен қатар танымдық-әрекет етуші жүйе ретінде көрінетін және педагогикалық әрекетті бел-

гілі бір ережеге бағындыратын нормаларды айтамыз**.** Олар басқа да құндылықтар сияқты синтагматиялық сипатқа ие, яғни тарихи жағдайда қалыптасады және педагогикалық ғылымда бейнелер мен көзқарастардың өзіндік түрлеріндегі қоғамдық сананың формасы ретінде есепке алынады. Педагогикалық құндылықтарды меңгеру педагогикалық әрекет барысында жүзеге асады, оның барысында субъективация пайда болады. Педагогикалық құндылықтардың субъективациялық деңгейі педагогтың тұлғалық-кәсіби дамуының көрсеткіші болып қызмет етеді.

Өмірдің әлеуметтік жағдайының және қоғам мен жеке тұлға қажеттілігінің дамуына байланысты педагогикалық құндылықтар да өзгеріске ұшырайды. Педагогика тарихында талай өзгерістер болды, олар схоластикалық оқыту теориясының түсіндірмелі-иллюстративті, ал кейінірек проблемалық-дамытушы түрлеріне өтумен байланысты болды. Демократиялық тенденциялардың күшеюі оқытудың дәстүрлі емес формалары мен әдістерінің дамуына негіз болды. Педагогикалық құндылықтарды субъективті қабылдау мен толық түсіну педагогтың жеке басының дайындығына және оның кәсіби әрекетінің бағыттылығына тікелей байланысты болады.

Педагогикалық құндылықтар жүзеге асырылу деңгейіне қарай ерекшеленеді, мұның өзі олардың классификациясына негіз бола алады.

Бұл негіздемені пайдалана отырып, тұлғалық, топтық және әлеуметтік педагогикалық құндылықтарды бөлуге болады.

Әлеуметтік-педагогикалық құндылықтар қоғамдық санада көрініп, түрлі әлеуметтік жүйеде қызмет ететін құндылықтардың мазмұны мен сипатын бейнелейді. Бұл білім беру сферасындағы қоғамдық әрекетті белгілі бір ережелерге бағындыратын ой-пікірлердің, нормалардың, ережелердің, дәстүрлердің жиынтығы.

Топтық педагогикалық құндылықтарды білім беру институттарының нақты шеңберінде педагогикалық әрекетті бағыттайтын және басқаратын ой-пікірлер, тұжырымдар, нормалар түрінде көрсетуге болады.

Тұлғалық-педагогикалық құндылықтар әлеуметтік-психологиялық білім беру болып табылады, онда мұғалім тұлғасының мақсаты, мотиві, идеалы және басқа да дүниетанымдық сипаттамасы бейнеленеді.

Білім беруді жалпыадамзаттық құндылық ретінде мойындау бүгінде ешкімде күмән туғызбайды. Бұған көпшілік елдерде білім алу құқығының конституцияда жазылуы дәлел. Ол әр елдің ұйымдастыру принциптерінің әртектілігіне қарамастан білім беру жүйелері арқылы жүзеге асырылады.

Түрлі құндылықтардың жүзеге асырылуы білім берудің әртүрлі типтерінің қызмет етуіне әкеліп соқтырады. Бірінші тип адаптивті практикалық бағыттылықпен сипатталады, яғни жалпы білім беру дайындығының мазмұнын адамның өмірлік әрекетін қамтамасыз етуге қатысы бар минимум ақпаратпен шектеуге тырысты. Екінші – ол мәдени-тарихи бағытқа негізделеді. Білім берудің мұндай типінде практикалық әрекетте талап етілмейтін керексіз мәліметтер көптеп беріледі. Аксиологиялық бағыттрдың екі түрі де адамның мүмкіндіктері мен қабілетіне, өндірістің сұранысы мен білім беру жүйесінің міндеттеріне екі-ұшты қарайды.

Білім берудің бірінші және екінші типтеріндегі кемшіліктерді жою үшін құзырлы адамды дайындау міндеттерін шешешін білім беру жобалары жасала бастады. Ол әлеуметтік және табиғи даму процесінің күрделі динамикасын түсінетін, соған әсер ететін, әлеуметтік өмірдің барлық салаларында дұрыс бағыт ала алатын болуы керек. Сонымен бірге адам өзінің мүмкіндіктері мен қабілетін бағалай білетін, өзінің сенімдері мен қылықтары үшін өзіне жауапкершілік ала білетін болуы керек.

Айтылғандарды қорыта келе, білім берудің төмендегідей мәдени- гумандық функцияларын көрсетуге болады:

– адамның өміріндегі кездесетін кедергілерді жеңуі үшін рухани күштерінің, қабілетінің және білігінің дамуы;

– әлеуметтік және табиғи салаларға бейімделу жағдайларында мінез бен моральдық жауапкершілікті қалыптастыру;

– тұлғалық және кәсіби өсуі мен өзін-өзі көрсетуді жүзеге асыру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету;

– интеллектуалды-адамгершілік еркіндікті, жеке автономиясы мен бақытына жетуге қажетті құралдары меңгеру;

– жекелік шығармашылығын өзіндік дамытуға және рухани потенциалын ашуға жағдай жасау;

Білім беру мәдениетті трансляциялау құралына айналады, осының нәтижесінде адам күнделікті өзгеріп отыратын өмірге үйренумен қатар үйреншікті емес белсенділікке де бой үйретеді, берілгеннен тыс өмір сүре алады, өзінің жеке басын дамытып, өзіндік үлес қосады.

Білім берудің мәдени-гумандық функцияларын зерттеуден шығатын маңызды қорытындылардың бірі – жеке тұлғаның үйлесімді дамуына бағытталуы. Бұл әрбір адамның алатын орны, бейімділігі және алдына қойған міндеттері. Сонымен бірге білім беру жүйесінің әрбір компоненті білім берудің гуманистік мақсатын шешуге өзінің үлесін қосады.

Білім берудің гуманистік мақсаты оның мазмұнын қайта қарауды талап етеді. Оған жаңа ғылыми-техникалық ақпараттар, гуманитарлы тұлғалық-дамытушы білімдер мен дағдылар, шығармашылық әрекеттің тәжірибесі, дүниеге және онда тұратын адамға эмоционалды-құндылық қатынас, өмірдің әртүрлі жағдайларында адамдардың мінез-құлқын анықтайтын адамгершілік-этикалық сезімдерінің жүйесі кіреді.

Білім берудің мәдени-гумандық функцияларын іске асыру білім берудің біржақты болуына және өмір шындығынан алыс кетпеуіне көмектесетін оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын жасау және енгізу мәселесін алға қояды. Мұндай технологияларды жасау үшін оқыту мен тәрбиелеудің әдістерін жаңарту жеткіліксіз.

Білім берудің гуманистік технологиясының мәнді ерекшелігі кейбір білім мазмұнын беру және соған сәйкес білік пен дағдыны қалыптастыру ғана емес, шығармашылық тұлғаның дамуы мен тұлғаның интеллектуалды-адамгершілік еркіндігіне, педагог пен оқушылардың бірлескен тұлғалық өсуіне байланысты болады.

Білім берудің мәдени-гуманистік функцияларын іске асыру, сонымен, ортасында білім алушы тұлғасы болатын, көпмәдени кеңістікте демократиялық түрде ұйымдастырылған, интенсивті шексіз білім беру процесін қамтамасыз етеді. Бұл процестің негізгі мәні тұлғаның үйлесімді дамуы болады. Бұл дамудың сапасы мен өлшемі тұлға мен қоғамның гуманизациялану көрсеткіші болып табылады.

1. Сластенин В.А., Исаев И.Ф., Мищенко А.И., Шиянов Е.Н. Педагогика. Учебное пособие. – М., 2002.

2. Шиянов Е.Н., Котова И.Б. Идея гуманизации образования в контексте отечественных теории личности. – Ростов н/Д., 1995.

Резюме

В данной статье рассматривается аксиологический подход в изучении педагогических явлений, дается понятие о педагогических ценностях и их классификация.

Summary

This article examines the axiological approach to the study of pedagogical phenomena, and gives the concept of educational values and their classification.

ОТБАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІ

Б.С. Сайдахметов – *«Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к.*

Көксеген мұраттардың жүзеге асуы – ұлттық бейненің өрлеген өркеші, өмірдегі көркеюі. Әр отбасы – ұлттың тамыры. Ұлттық сананы, дәстүр мен салтты ұрпақтар бойына дарыту үшін барлық отбасы, ата-ана өз міндеттеріне ұқыпты, тиянақты ой жіберіп, жауапкершілікпен қарауы парыз. Өйткені ұзақ жылдар бойы ұлттық тәрбие жүйесі қағажу көріп, тәрбиелік ырғағы бұзылды. Сырттан танылған біріңғай бағынышты тәрбие тәртібі санаға қысым түсірді де, ұлттық сезімді өшкіндетті. Қазіргі ата-ананың бәрі осы бір бағынды жүйелік тәрбиеде өскен. Сондықтан салттық тәрбиеге шорқақ. Салтсыз тәрбие де жоқ. Оны өмір тәжірибесі көрсетті. Ұлттық сезімге негізделмеген дәстүр ойға дарымайды. Мың жылдар бойы адам бойына сіңіп, ойына үю арқылы салтқа айналған өнеге ғана өрге жетелейді. Соған орай ұлттық салтқа негізделген тәрбиені отбасынан бастаған жөн. Сонда ғана мақсат-мүддесіз туған үйінен безіп, далақтаушылар да азайып, ата-ананың ақылына бас иеді. Қанша айтсаңыз да тәрбие отбасынан басталады. Салттың да арнасы бұзылмайтын бір бұлағы сол.

Қазақ: «Ұяда не көрсең – ұшқанда соны аласың» дейді. Мұнда қыран қылығы тілге тиек болғанымен, қиялаған ой бағдары адам тәрбиесін де тұспалдай ұқтырып тұр. Осы тұрғыдан қарағанда бүгінгі елдікке өту кезінде қазақ отбасыларының ұрпақ тәрбиелеу мәселелеріне де айырықша назар аударып, оның өзіндік бағытын, ұлттық сипатын қалыптастыруды ойластыру – үлкен борыш. Өйткені қазақтың тілі, діні, салт пен дәстүрі, тұрмыс-қалыбы өткен үстемдіктің зорлық-зомбылық салдарынан ұлттық келбетінің бояуын мүлде сұйылтып, қатты тоқырауға ұшырағаны секілді, отбасылық тәрбие де өзіндік арнасынан ауытқып, жалпылама сарындағы ағысқа душар болған. Соның ықпалымен қазақы тәрбиені ескіліктің қалдығы деп қарап, соны күйретуді нысанаға алған насихат әрбір үйдің үрейін ұшырағаны тағы мәлім.

Алайда, «заманның түлкі болса, тазы боп шал» деген даналықты айта білген қазақтың кейінгі ұрпағы қырандық мінез көрсете алған жоқ. Өйткені терең ойлы, көзі қарақтылар түгел аласталған соң, аңқау ел диірмен тасына түскен дәнше үгітіліп, бас сауғаға қарай жалтарды. Сол жалтақтықтың салдарынан болашағын да сол қысым таразысы безбенімен өлшеп болжамдады. Сөйтіп, артынан ерген ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеудің де ырғағы бұзылды.

Бала – отбасының шырағының, шырақтың иесі, мұрагер, адам өмірінің жалғасы. Ата-баба жаққан оттың сөнбей маздай беруі ұрпақ өсуіне байланысты. Сондықтан аталарымыз: «Ұл – адамның тұрағы, қыз – адамның шырағы, ит – адамның құлағы» деп, өз тіршілігінің мәнін айқындайды. Сөйтіп, баланың тіршілік үшін ғана емес, алдағы күндерде ата-ана, ел-жұрт алдында өтейтін істері үшін де ерекшелеп көрсетілген. Абайдың «әкенің баласы болма, адамның баласы бол» деуі де ұрпақтың ұлылығын арман етуі. Қазақ топырағында өсіп ой шындаған ғұлама ақын Жүсіп Хас Баласағұни да адам бойында болуға тиіс ізгі қасиеттерді бұрқанған шабытпен дәріптейді: «Жақсы ұл – бауырың, жаман ұл – жауың, тас бауыр ұлдан бауырмал күзетші артық».

Қазіргі кезде мәңгіріп, масылдықпен пәле болып жүрген балалардың да бар екені жұртқа аян. Ойсыздық, мұратсыздық жалқаулыққа бастайды. «Еріншек жігіт талмен тең, зейінсіз жігіт малмен тең» дегендегі түйін де тәрбие жемісін көксеген салттық ұғыммен байланысты. Қазақтың салттық тәрбиесінде әр адам өзінің баласын отбасылық жауапкершілік рухымен демеп өсіреді. Бұған ұлттық сезім арқау болуға тиіс. Сонда ғана ұлттық салт туыстықпен, бауырмалдықпен тығыз ұштасып, тамыр жаяды. Қазақтың қарға тамырлы аталуы да осы салтпен астасады. Қарымқатынастағы жақсылықтың да, жамандықтың да сипаттары – тәрбие мен тәлім жүйесі.

Қазақ ұғымында ынтымақ – ырыс. Ол оттың басынан өрбиді. Тәлімнің де, тәрбиенің де қызығы сол. Тәлім – ата-ананың баланы адамдық қасиеттер негізінде баулуы. Ағайындылардың өзіндік орнының сыйлануы – отбасының салты. Бауырлардың бір-біріне құрметі, сүйспеншілігі осы жолмен өркен жаяды. Адам санасы осы ойдан нәрленеді.

Бала өсіру – отбасылық мұрат, ұлттық дәстүр. Ұрпақтың жетілуі – халықтың тірегі, қазақтың ұлттық тілеуі. Ұрпақ жалғастығының желісін созу әр адамның өмірлік борышы. Бірлі-жарым баланы қанағат тұтып, ұрпақ өрбуінің өрісінен қашқақтап, жеке басының сән-салтанатын артық көретіндердің жүрегінде ұлттық мұрат ұшқыны өшкіндеген. Қазақ салтында әке – ұрпақтың қамқоры, шеше – діңгегі. «Ай жарқырап күн болмас» дегендей, қанша сыландағанмен, адам өмірі шолақ, жалт еткен жалтылдай өте шығады. Осы күнде панасыз, қорғансыз қалған жалғыздікі, жалғыз басты кісілер өмірінің ақырында сүйеніш таппай, панасыздар үйіне топталу – отбасылық салттың ережесін бұзғаннан пайда болған қасірет. Бұған қоса тастанды балалардың тағдыры – арсыздықтың, ұждансыздықтың, опасыздықтың айғағы. Бетімен кеткен өнегесіздердің масқара әрекеттерінің салдары, бауырмалыдық салттың қорлануы.

Қалайда адамға тән ошағыңның оты сөнбей, түтініңнің өрлей беруі бақыт. Бұл қазақтың аса зор арманы. Отау тігіп, түтін түтеткен қазақ баласы осы салттың туын берік ұстап, жоғары көтеруге тиіс. Ендеше қазіргі қазақ қоғамының қайта түрленуі үшін де ұлттық сезім мен сана ұйытқан салт пен дәстүрлердің қызметі өте маңызды. «Адамның ішкі сырын білгің келсе – қылығына ой жібер. Оның қылығы ішкі сырын ашады» деген екен шығыстың бір ойшылы. Қазақтың қалыптасқан мінез-құлқы да ұлттық бейнесін айқындайды. Ал сәнқойлардың қылығына осы тұрғыдан көз салсақ, көп жайдың мәні ашылады. Соларды түзету арқылы ұлттық салтымыздың келешегін де жетілдіре аламыз.

Қазақ елі тәуелсіздік алып, дербестік жолына түскен бүгінгі таңда қазақ халқының болашағы

үшін жаны күйетін әрбір ер азамат өзінің шаңырағын биіктетіп, отбасында отаншылдық, ұлт жандылық тәрбиесін жетілдіру жолында құлшыланып, айырықша көңіл бөлгендері жөн. Ол – борыштары. Сондай табанды әрекеттер арқылы ғана халқымыздың салт-санасындағы өшкіндеген жұлдыздары қайта жанады. Ұлттық тәрбиенің мұраты да сол.

1. *Жарықбаев Қ. Этнопсихология – ұлт тәрбиесінің өзегі. – Алматы: Білім, 2005.*
2. *Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: Ана тілі, 1994.*
3. *Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. Этнопедагогика. – Астана, 2010.*
4. *Кенжеахметұлы С. Туыстық атаулар сыры. – Алматы: Ана тілі, 2003.*

Резюме

В данной статье расматриваются некоторые проблемы национального воспитания в семье.

Summary

The problems of national upbringing in the family are discussed in a paper.

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОТБАСЫНЫҢ РОЛІ

Ш.Болатқызы – *Мектепке дейінгі, бастауыш білім беру және педагогика кафедрасының аға оқытушысы, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Отбасы – адам баласының туған ошағы, алтын ұясы. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дегендей бала тәрбиесіндегі, баланың өсіп-өңуінде отбасы жетекші рол атқарады. Бала дүниеге келген күннен бастап ата-анасының қамқорлығында болады. Отбасында алғашқы тәрбиені қабылдап, ата-ананың ықпалында болып, өмірге бағыт беруші тәрбие мектебінен нәр алады, яғни отбасында азамат ретінде қалыптасады. Орыстың көрнекті педагогы А.С. Макаренко айтуынша: «Отбасы – адам өмірінің тамаша жүзеге асатын... адамның ең бақытты шаттығы болып саналатын балалардың өсіп, өмір сүретін орны» болып табылады.

Белгілі тарихи дәуірде және белгілі бір елде өмір сүретін адамдардың қоғамдық қатынастары өндірістің осы екі түрімен: бір жағынан, еңбектің, екінші жағынан, отбасының даму дәрежесімен анықталады…» Отбасының пайда болу тарихына көз жүгіртер болсақ отбасы рулық қоғамда пайда болған. Отбасында адам баласының ең жақын топтары бірлесіп өмір сүріп мекен еткен. Ата-аналары өмірдегі салт-сананы сақтауға тырысты. Еңбек процесінде ересектермен күнделікті қарым-қатынас жасауда балалар өмірге қажетті дағдылар мен әрекеттерді меңгерді. Мысалға, аналары мен әжелері қыз балаларға киім тігу, тамақ әзірлеу сынды үй шаруасымен айналысуды, ал әкелері ұлдарына аң аулауға, қару-жарақ жасауға үйретті. Ал үлкен кісілер қариялар мен аталары балалары мен немерелеріне ертегі, аңыз-әңгіме айтып беріп, шешендікке, тапқырлыққа тәрбиелеген, өз білгендерін, тәжірибелерін үйреткен. Бала тәрбиесі бұл игілікті іс. Ата-аналары балаларын өнегелі сөзімен, жеке басының тәрбиесімен тәрбиелейді. Бала әр нәрсеге сенгіш, тез қабылдағыш, еліктегіш келеді. Әр бала сипағанды, жылы сөйлегенді, аялағанды, еркелеткенді, ертегі әңгіме тыңдағанды, ойын ойнағанды ұнатады. Бұл баланың бойындағы үлкендерден ерекшеленіп тұратын негізгі қасиеті.

Отбасындағы тәрбие төмендегі міндеттер арқылы шешілген:

- Отбасында баланың өсуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, тазалықты қалыптастыру;
- еңбексүйгіштікке баулу, тұрмыстағы, үй шаруашылығындағы еңбекке құлшылығын арттыру, өз-өзіне қызмет етуге үйрету;
- отбасы мүшелерімен тіл табысып, дұрыс қарым-қатынас жасауға, жасы үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға үйрету;
- әдебиетке, өнерге, мәдениетке тәрбиелеу;
- ұқыптылыққа, адамгершілікке, ойшылдыққа тәрбиелеу.

Қазақтың ұлы ойшылы Абай балалардың дүниеге деген көзқарасын және мінезін қалыптастыруда отбасының, отбасы тәрбиесінің рөлін жоғары бағалаған. Балалардың дүниеге көзқарасын және мінезін қалыптастыруда отбасының рөлін айрықша екенін айта келе, Абай балаларды ең алдымен отбасында тәрбиелеуді ұсынды. Балаларды тәрбиелеу үшін ата-аналардың өздері, дұрыс тәрбиеленген болуы керек, деп түйіндейді. «Адамның адамшылығы – ақыл, ғалым, жақсы ата,

жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деген ойы міне осыдан шыққан болар. Абай жастарды үнемі достық, татулық, әділеттілік, бауырмалдылық сияқты адамгершілік қасиеттерге баулуға шақырған. Әлемнің кең өріс алуы, оның поэзиясы мен әлеуметтік, оқу-тәрбиесі, ағартушылық көзқарасының әлеуметтік сипат алуында болды. Жастарды тәрбиелеудің әралуан жолдары мен тәсілдерін ең алдымен үй ішінде тәрбиелеудің жолдарын көрсетті. Адам баласының әдепті, адамгершілігі мол, еңбекқор, саналы және білімді болуына ең бірінші ата-анасына байланысты болатынын баса айтты.

Ата-ананың бала тәрбиесінде алатын орны ерекше. Әрбір ата-ана өз баласының Отанының, елінің асыл азаматы болуын аңсап армандайды. Ал отбасы тәрбиесінің мақсаты – перзентің еңбек сүйгіштікке, білімге, өнерге баулу, Отанның қорғауға, үлкенді сыйлау мен құрметтеу сынды қасиеттерді баланың бойына қалыптастыру болып табылады.

Отбасы халық тәрбиесінен үнемі нәр алып отырады. Халық тәрбиесі – отбасы тәрбиесінің негізгі бастауы. Ұрпақтары бұл тәрбиеден нәр алып, бала бойына сіңіреді. Қазақ отбасындағы тәрбие халықтық педагогика мұраларының мазмұны мен түрлерінде бейнеленген. Өнегелі үлкендерге ұқсасын деп, дарынды, өнерлі, ақылды ақсақалдарға баланың аузына түкіртіп, азан шақыртып, атын қойғызады. «Ақылын, жасын берсін» деп, жаңа туған нәрестені қарияның шапанының етегіне орайды. Ұрпағы өскен қадірлі анаға кіндігін кестіреді, бесікке салдырады, қырқынан шығарту ырымдарын жасатады, тұсауын кескізеді. Үлкендерден бата алғызады. Міне осы халықтың балаға арналған ырым мен бата-тілектерінде келешектен күткен үлкен үміт, аңсау арман бейнеленген. Тәрбиенің алғашқы қағидасы ата-ананың аңсау арманымен, баладан күтер үмітімен үндесіп жатқан. Баланың жастайынан еңбексүйгіш, ақылды азамат етіп тәрбиелеу бесік жырлары мен тұсау кесер жырларынан, бата, тілек, терме өлеңдерінен өзекті орын алып отырған. Еңбек қағидаларын жастардың бойына сіңіру отбасындағы еңбектің қарапайым түрлерінен басталып, қоғамдық маңызды істермен ұштасқан. Ұл баланы қозы, лақ қайтаруға, отын-су әзірлеуге, қора салу, ұсталық зергерлік өнерге үйрету т.б. көзделсе, ал қыз балаларды ыдыс-аяқ жуу, үй сыпыру, шай құю, төсек жинау, кесте, өрмек тоқу, ас пісіру, бала күту, қонақ күту сияқты т.б. үйреткен. Міне осы салттардың бәрі қазақ халқының отбасында жүзеге асырылады, ғасырдан-ғасырға жалғасады. Қазақ отбасында баласының руын, шыққан тегін, ағайын-туысқандарын, нағашысын, жеті атасын әрдайым айтып отырған. Сондай-ақ отбасында әрдайым адамгершілік, ақыл-ой, еңбек, эстетикалық, экономикалық, экологиялық, құқықтық тәрбиелері жүргізілген. Бала өмірінің басым бөлігі отбасында өтеді. Отбасы адамзат бесігін тербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы – ата-ана. Сондықтан бала мектеп табалдырығын аттағанға дейінгі оның алғашқы ұстазы – ата-анасы болып табылады. Отбасында баланы дұрыс тәрбиелеу әр ата-ананың қоғам алдындағы борышы. Отбасы тәрбиесінде әкенің де, ананың да орны бөлек. Бала әкеден ақыл, ал анадан мейір алады. Ал отбасында қыз бала тәрбиесі – ананың, ер баланың тәрбиесі – әкенің бойында болмақ. Ер баланы тәрбиелеуде әкенің рөлі ерекше. Әке ұлына өзінің бар өнерін, естіп-білген білімін түгел үйретуге тырысады. Ал ұл бала өз тарапынан ағаға, әкеге еліктеп, одан үйренетін болған. Балаға, әсіресе, ана өте жақын келеді. Ана – бала тәрбиесіндегі маңызды тұлға. Тәрбиенің негізі «ананың әлдиінен» басталады дегендей адам бойындағы барлық қасиеттер ананың ақ сүтінен беріледі. Сондай-ақ ананың балаға деген ана махаббаты «бесік жырлары» арқылы берілген. Ана бөпесін бесікке бөлерде ең алдымен бесік жырын айтады, сол арқылы балаға деген сүйіспеншілігін білдірген. Қазақ отбасында мынадай қағидалар ұстанған: балаға ат қою, баланың тілін-ойын дамыту, денсаулықты сақтауға көңіл бөлу, отбасында балаға қатысты мееркелерді атап өту, отбасылық құндылықтарды бағалауға тәрбиелеу, баланың жынысына қарай тәрбие беру, білім алуына, мамандық алуына мүмкіндік жасау, дүниетанымын қалыптастыруға үйрету, туысқандық сыйластықты ұғындыру, көршімен тату болуға үйрету, ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүрді отбасында қалыптастыру. Бұл ережелер әрдайым тәлімдік мән-мағынаға ие болып қала бермек.

Отбасы тәрбиесінде ықпал жасайтын белгілер:

1. Отбасының этникалық құрамы және құрылымы: толық, толық емес отбасы, бір балалы, көп балалы, бір немесе көп ұлттан құралған отбасы.

2. Отбасының әлеуметтік, тіршілік ортасы: білім дәрежесі, еңбектену, кәсіптік құрамы, күнкөріс көзі, материалдық әлауқаты, ауылдық, қалалық жанұя.

3. Отбасының мәдени құрамы: күн режимі, мәдени тіршілігі, бос уақытын өткізу түрлері, кітапхана, теледидар, музыкалық аспаптарды меңгере білуі, спортқа қатынасы.

4. Отбасының ішкі өзара қарым-қатынастары: өзара микроклиматы, көзқарастың бірлігі мен айырмашылығы, өз міндеттеріне көзқарасы.

5. Қоғамдық өмірге көзқарасы: еңбекке, қоғамдық міндеттерге қатынасы.

6. Отбасының тәрбиелік мүмкіншілігі. Отбасындағы тәрбиеде қолданылатын әдістер.

Бұл белгілердің барлығы отбасы тәрбиесінде ерекше сипатқа ие. Мысалы күн режимі баланы жинақылыққа, уақытпен санаса білуге, баланың денсаулығын шыңдап, еңбекке қабілетін жақсартады.

Отбасы жағдайы, бала тәрбиесі туралы еліміздің көптеген ресми құжаттарында айқындалған. Отбасындағы ата-ана өздері өмірге алып келген баласы үшін қаншалықты жауапкершілік жүктелетіндігі туралы елімізде заң жүзінде қарастырылған. Мысалға Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабында «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында, балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы әрі парызы, кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті» – делінген. Сондай-ақ «Неке және отбасы туралы» заңының 10-таруында өзі өмірге әкелген баласының алдындағы міндеттері мен құқықтары белгіленген. Демек әрбір ата-ана өзінің перзентінің өмірдегі өз орнын тауып өнегелі қыз-жігіт болып ер жетуіне жауапты.

1. *Бержанов Қ., Мусин С. Педагогика тарихы. – Алматы, 1984.*
2. *Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р. Педагогика. – Алматы, 2000.*
3. *Беркімбаева Ш., Қалиев С. Қазақ тәлімінің тарихы. – Алматы, 2005.*
4. *Қоңырбаева С. Отбасы: бала мен ата-ана. – Алматы, 2006.*
5. *Сейталиев Қ. Педагогика тарихы. – Алматы, 2008.*

Резюме

В статье рассматривается роль семьи в воспитании детей.

Summary

The role of family in upbringing is disclosed in a given paper.

БАСТАПҚЫ ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ ПӘНІН ОҚУ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ КӘСІПТІК БАҒДАРЛАУ ЖҮЙЕСІ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

Қ.Қ. Берлибаев – *аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ,*
Е.Е. Оспанкулов – *оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Қазіргі заманғы білім беруді дамыту үшін, қалыптасқан заңдылықтар мен жалпы шараларға, яғни қоғамдық-саяси, ғылыми техникалық және адамгершілік заңдылықтарды негізге ала отырып, әлдемдік стандарттар деңгейінде білім беруде болашақ технология пәні мұғалімін кәсіби даярлау мәселесіне назар аудару арқылы, елімізді бәсекеге қабілетті елдер қатарына қосуды қажет етеді.

Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың 2007-2012 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында (Астана, 2007 жыл) кезеңімен мынадай іс-шараларды іске асыру көзделген, онда бірінші кезеңде: жалпы білім беретін оқу орындары оқушыларының кемінде 10%-ын оқытушылардың белсенді ғылыми қызметке тартуды; болашағы бар оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту үшін жағдайлар жасауды; екінші кезеңде: **Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына экономикада білімді қолдану индексі бойынша кіруін; ұлттық ғылыми орталықтар жұмысының практикасына ғылыми-зерттеу қызметін басқарудың халықаралық стандарттарын енгізуді;** ұлттық ғылыми орталықтар жанында барлық ғалымдар қызмет ете алатын ашық үлгідегі зертханалардың жұмыс істеуіне назар аударған. Бағдарлама, бәсекеге қабілетті ғылыми-техникалық жүйені дамыту мен оны қаржылық, кадрлық, материалдық әрі ақпараттық ресурстармен қолдау үшін ғылыми-техникалық саланың мемлекеттік және жекеше секторларына қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі ұзақ мерзімді бағдарлама әзірлеу және оны іске асыруды көздейді. Ол, Отандық ғылыми әлеуетті дамытуға және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін Қазақстан Республикасы азаматтарының әл-ауқатын арттыру мен елді әлеуметтік-экономикалық дамыту үшін жан-жақты пайдалануға бағытталып отыр.

Осыған орай, білім беру мақсатын, құрылымын, мазмұнын, әдістері мен құралдарын, оқу үрдісін ұйымдастырудың формасын мейлінше жаңартуды көздейтін, педагогтардың, ата-аналардың, білім беру жүйесінің түрлі деңгейлері басшыларының, яғни барлық педагогикалық қауымдастықтың белсенді араласуын қажет етеді.

Бүгінгі күні білім беруді жаңартуда көптеген жаңа технологиялар қолданылуда. Оның ішінде соңғы жылдары жалпы орта білім беретін мектептер мен гимназия, лицейлерде «Модульді оқыту», «Саралап деңгейлеп оқыту» педагогикалық технологиясы, «Дамыта оқыту», «Сатылай кешенді талдау» технологиясы мен ұжымдық оқыту әдістері және т.б. қолданылуда. Оқыту технологиясының негізігі ерекшеліктері – өзіндік ой-пікірлері бар жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталуы. Оқыту барысында мұғалім жаңа материалды оқушыға сабақ үстінде өз бетімен іздену арқылы меңгертеді. Оқытудың жаңа технологияларды тұлғаның ойлау жүйесін қалыптастырады, әрі әртүрлі жағдайларда нақты шешімдер қабылдай білуге, өзіндік көзқарасы мен пікірін жеткізуге, өзінің іс-әрекетін бағалауға үйретеді.

Дәстүрлі сабақ өту барысында оқушыны оқулықта берілген тақырыптың мазмұнын толық меңгеруіне мән берілді. Бірақ мұнда, американдық ғалым Б.Блумның «Толық меңгеру теориясы» негізге алынбады. Яғни, оқушы сабақ барысында сабақты тыңдады, есте сақтады, ойлады, түсіндірді, көрсетті, жазды, айтты. Дегінімен, алған білімін пайдалана отырып, проблеманы шешкізу, салыстыру, іздендіру, талқылау, бағалау, өз ойын айтқызу сияқты әрекеттер жекелеген ұстаздардың сабақтарында ғана жүзеге асырылып отырды. Әсіресе, қазақ мектептерінде әлі күнге дейін жаңа материалды мұғалімнің өзі түсіндіруі орын алып отырғаны өкінішті. Сабақты бекіту кезеңінде баланы оқулықпен немесе нұсқау картасы, технологиялық картамен өз бетінше жұмыс жасауға үйрету арқылы жаңа материалды сабақ үстінде меңгеруіне қол жеткізу – бүгінгі күнгі білім беруді жаңартудың жолы.

Әлемдік білім беру кеңістігіне енуде оқытудың жаңа технологиясына көшу заман талабынан тауындаған мәселе. Оқушы мектепті бітіргенде әлеуметтік және қоғамдық өмірдегі өзгерістерге икемделе отырып, ондағы өз орнын анықтауын тың мазмұнды жаңа мектеп қана қамтамасыз ететінін әлемдік тәжірибеде байқалып отыр.

Бұл жөнінде, кезінде Мағжан Жұмабаев «Мектеппен тұрмыс бірі қырым, бірі қияда жатпауын, мектепте оқыған адам білімді құшақтап алып, тұрмыста жарамсыз болып шықпауын, бала нені білседе көзімен көріп, қолымен ұстап, мүмкін болғанынша өзі істеп білуін қолдаған». Яғни, бала мектепті бітіріп шыққан соң бүкіл әлемге, өзгенің өміріне білім нұрымен ашылған сапалы ақыл көзімен қарай білсе, міне, білім берушілердің мақсаты осы екендігін айтқан.

Орта мектептердің жоғарғы сыныптарында (X-XII сыныптарда) әскери дайындық пәні бойынша кәсіптік бағдар беруді тереңдетіп оқыту жоспарланды. Сондықтан, мектепте әскери дайындық курсында оқушыларға өз келешегіне жауапкерлікпен қарауға, қабілетін алдын ала айқындауға, өзі таңдаған мамандықтан жан-жақты хабардар болуға көмек көрсетеді. Бұл олардың еңбек дағдыларын жан-жақты игеріп, өз бетінше дербес өмір сүрулерін, өздігінше оңтайлы шешім қабылдауларын қамтамасыз етеді.

Білім берудің мазмұны оқытудың дидактикалық ерекшеліктеріне сүйеніп жасалатыны белгілі. Дидактикада білім берудің мазмұны үш деңгейге бөлінеді: жалпы теориялық деңгейі; оқу пәні деңгейі; оқу материалының деңгейі. Әрбір деңгейде анықталған мазмұн оқу жоспарына, пән бойынша оқу бағдарламасына, оқу құралына сәйкес белгіленеді.

Білім берудің мазмұнын қалыптастырудың маңызды көзі әлеуметтік тәжірибе, мәдениет болып табылады. Білім беру ұйымдары қоғамның мақсатына, қажеттілігіне сай мазмұнды таңдауға бағытталады.

Жалпы білім беретін орта оқу орнының әскери дайындық курс бітірушісі әлемдік тенденцияның төмендегідей талаптарын орындауға тиіс:

- кәсіби іс-әрекеттің мазмұнының өзгеруіне тез бейімделуіне бағдарлаудың кешенді дайындығы;
- проблеманы шешуде келелі және жедел нақты тәсіл қолдануға қалыптасуы;
- ойлау әрекетінің қалыптасуы (кәсіби-шығармашылық дайындық);
- кәсіби білім мен мен практикалық дағды мен біліктілігінің үйлесімділігі;
- ғылыми-техникалық ізденіс әдістемесі және ғылыми зерттеу әдісі негізіндегі білімі (модельдеу және эксперименталды әдіс);

- іргелі пәндер білімі және оларды қолданбалы есептерді шығаруға қолдану біліктілігі;
- әскери техниканы қолдануға дайындығы;
- үздіксіз білімнің қажеттігін сезінуі, өз білімін толықтыруы.
- Маманның іс-әрекетін және болашағын болжауды меңгеру негізінде олардың өзгерісіне қарай кәсіби білім берудің мемлекеттік стандарты жасалады.

Елімізде әлеуметтік-экономикалық жағдайдың әрдайым өзгерісте болатындығы және нарықтың сын көтермей тұрғандығы білім беру саласын жетілдіруді талап етеді. Осыған орай оқу әдістемелік жүйенің салаларына өзгерістер мен түзетулер енгізілуде. Сонымен қатар әскери мамандықтарға сұраныстар көбеюде. Нарықтық қатынастың нәтижесінде әскери бағыттағы мамандардың кәсіби даярлығын арттыру мақсатында пайда болған жаңа мамандықтарға сәйкес оқыту-әдістемелерін жетілдіру – заман талабы. Әскери бағыттағы мамандар дайындайтын оқу орындарындағы оқу процесіне де өзгерістер енгізілді.

Пәннің циклі және жеке курс бойынша дайындыққа қойылатын жалпы талаптары анықталып арнаулы орта оқу орнында мамандық және бағыт бойынша оқу жоспарлары құрылады.

Әскери дайындық курсын оқытуда оның мақсаттары мен міндеттері анықталып жоспарға сай оқу бағдарламалары өңделеді.

Оқу пәнінің деңгейіндегі мазмұнды қалыптастыруда басты негіз – ғылым болып табылады. Көптеген ғалымдар оқу пәнінің бірізділікпен құрылуы мүмкін емес деген қорытындыға келеді. Алайда, оқу пәні ғылымның негізін оқушыларға таныстырып, нәтижесінде оларға теорияны, оның логикасын, жағдайдың логикалық жүйесін игертіп, ұғымдар мен заңдылықтарды түсінуге бағыттауы тиіс. Оқу пәнінің мазмұны ғылым логикасы мен педагогика логикасына сәйкес жасақталады. Ол ғылым туралы мәлімет беріп қана қоймай, болашақ маманның тұлғасын қалыптастыруға және дамытуға бағытталады.

Әскери дайындық курсында оқушыларды әскери мамандықтарға кәсіптік бағдарлау мақсатында жан-жақты барлық ғылымда қолданылатынын, ғылымның барлық аймағында, әртүрлі дәрежеде, тәжірибеде қолдану ерекшеліктерін ескеру қажет.

Көптеген зерттеулер мен нормативті құжаттарды оқып-үйреніп, әскери дайындық курсын игерудің мақсаттарын және міндеттерін баса назарда ұстана отырып, оқыту және тәрбиелеу функцияларын келесі тұрғыда топтадық:

- оқушылардың әскери мәдениеттілік деңгейін арттыру, жалпы интеллектуалды қабілеттерін дамыту және біліктілік әрекеттерді кәсіби мағынада қабылдауға үйрету;
- оқушылардың теориялық және практикалық кәсіби мазмұндағы ережелерді модельдеуге, талдауға және қолдануға мүмкіндік беретін әскери кәсіптік аппараттарды игеруі;
- білімін жетілдіруде әскери дайындық курсы бойынша өздігінен білім алу дағдысын қалыптастыру.

Осындай мақсатта құрастырылған білім кәсіби дайындық талабына тәуелденеді. Әскери дайындық курсында оқытуда тұлғаның іс-әрекетін кәсіби ерекшеліктерімен байланыстыратын арнайы мақсаттар қалыптастырылады.

Бастауыш әскери дайындық курсының мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1. Қазақстан Республикасының Қарулы күштері Отан күзетінде Жастардың бастауыш әскери дайындығының мақсаттары, міндеттері мен мазмұны.
2. Тактикалық дайындық. (ұрыс қимылдарын ұйымдастыру негіздері; мина жарылғыш және жарылмайтын бөгеттер; сербаздың ұрыстағы іс-қимылы т.б.).
3. Атыс дайындығы (автоматтың және жарықшақты қол гранаттарының материалдық бөлігі; атыс негіздері мен ережелері т.б).
4. Әскери топография.
5. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштер жарғысы.
6. Саптық дайындық (саптық әдістер, қарумен және қарусыз қозғалыстар).
7. Азаматтық қорғаныс (азаматтық қорғаныс – жалпымемлекеттік шаралар жүйесінің құрамдас бөлігі т.б.).

Жоғарыда айтылғандардан қорыта келе жалпы білім беретін орта оқу орнында әскери дайындық курсының мазмұнын маманның кәсіби дайындығы мен қажеттілігі талаптарына сай

кәсіби бағытта құрастырған жөн. Пән мұғалімдері курсты оқыту барысында әр тарауға қатысты оқушылардың әскери дағдысын қалыптастырса, онда білікті, сапалы маман даярлауда маңызды орын алары сөзсіз.

Жалпы білім беру жүйесінде жауынгерлік тәрбие және «Бастауыш әскери дайындық» пәнінің маңызы жыл сайын артуда. Жастарды әскери қызметке психологиялық тұрғыда дайындау үшін Бастауыш әскери дайындықтың бөлімдері негізгі рөл атқаруда. Бастауыш әскери дайындықта айтылған теориялық білім, тәжірибелік дайындықтар, әскери-спорттық жарыстарға қатысуы – жастарды әскери қызметке деген қызығушылығын арттырады. Жүйеленген және дұрыс жоспарланған оқу-тәрбие жұмыстары жоғары нәтижелерді береді.

«Көпшілігіміз «Бастауыш әскери дайындық» пәніні – қалыпты дағды, дәстүрлі сабақ үлгісі деп ойланбайтынбыз. Онда еркіндік аз, ешқандай жаңалық еңгізілмеген деп те ұйғардық. Бірақ жаңа өмір, жаңа уақыт адамнан жаңаша ойларды, мәселелерді жылдам шешуді талап етеді. Егер кімде-кім осы мемлекеттің азаматымын деп білсе, онда ол жаңа өмір талабына сай дамуы қажет, әскери қызметке әбден шыныгып дайындалғаны дұрыс» – деп тұжырымдалған.

Бұл мәселені шешу үшін біздің пікірімізше «Бастауыш әскери дайындық» пәнінің сабақтарын инновациялық әдістер арқылы оқыту керек.

Республикамыздың жалпы білім беретін көпшілік мектептерінде «Сын тұрғыдан ойлау мен жазуға үйрету» RWCT (айвасити) стратегиясы арқылы интерактивті әдіспен сабақ үрдісін өткізу кезеңде.

Біздің негізгі міндетіміз – оқушыларды болашақ әскери қызметке психологиялық тұрғыда дайындау.

Әскер – тек бұйрықтарды орындаушы ғана емес, сондай-ақ қиын кезеңдерден шұғыл шешім қабылдап, тұйықтан шыға алатын тұлға. Біздер балаларды тосыннан кездескен қиыншылықтарды тез, әрі өз ойымен шапшаң шешуге дағдыландыруымыз қажет. Мұғалімнің сіздерге ұсынып жатқаны осы әдіспен оқушыларды өзіндік ой ойлауға, өзіндік шешім қабылдауға үйрететін стратегия. Бұл оқу процесі – тұлғаның қалыптасып, дамуына негіз болатын құрал. Қазіргі күні сабақ өтуді түрлендіру нәтижесінде мұғалімнің атқаратын рөлі – оқушылардың Бастауыш әскери қызметке психологиялық тұрғыда дайындау мақсатында қызығушылығы артып, білім сапасын жоғарылату.

Оқыту үрдісінде кәсіби және жоғары нәтижеге жетуге бағытталған оқудың әр түрлі формалары бар. Бұл модульдік оқыту тәрізді дәстүрлі сабақтағы жаңаша әдістер. Егер оқыту үрдісі жүйелі, құрылымды және сан қырлы болса нәтижеге қол жеткізуге болады.

Иновациялық әдістермен қолданған мұғалімнің табиғатында негізі бар шығырмашылық көздерін ашу, жаңалыққа деген ұмтылысына дем беріп отыру жаңа сападағы: ойы озық, ақылы алғыр, жаңа жағдайларда іс-қимылды тез өзгерте алатын адамдарды қалыптастырады. Дәл осындай шығармашыл адамдар-қоғамның әлеуметтік сұранысы. Олар білім, білікті жан жағдайларда өз бетінше қолдана алады, таныс әрекет түрлерін өздігінше қарастыру арқылы жаңалық жасайды, мәселені шешудің қалыптан тыс жолдарын ашады, қарастырылатын мәселені әр қырынан талқылайды, өз тәжірибесімен салыстырады.

Мұғалім оқушылармен жұмысты ұйымдастыру барысында көптеген қиындықтарға кездеседі:

1. Сабақта уақыт жетіспейді.

2. Оқушы-мұғалім арасында бірлестік (қарым-қатынас) болмайды.

3. Сабаққа қатысуына байланысты әр оқушыны әділ бағалауға кемшілік.

Тәжірибеде көрсеткендей, бұл қиындықтардан өтудің бірден-бір жолы.

Интерактивтік әдістердің жеке, жұп, топпен түрі әр оқушының сабақтағы белсенділігін арттырып өз көзқарасын еркін жеткізуге, оның нәтижесін ашық талқылауға мүмкіндік береді.

Қазіргі жағдайда жастарды тәрбиелеу ең күрделі әлеуметтік мәселе қатарына жатады. Себебі біліктілігі жоғары маман даярлау дегеніміз – оқытуды ғана жақсы жолға қою емес, сонымен қатар тәрбие жұмыстарын да дұрыс ұйымдастыру, оқушылардың өз күштерін іске асыруына мүмкіндік беру және бос уақыттарын дұрыс пайдалану.

Бірақ көп қырлы тәрбие жұмыстарының маңызын белгілі бір өлшеммен бағалау мүмкін емес. Сондықтан тәрбие жұмысына жалпы білім беретін мекемелерінің барлық желісі қатысып, әрқай-

сысы өз үлгісін қосып, жүйелі түрде бір мақсатта құрылған тәрбие үрдісін ұйымдастырып дамытуы қажет болып отыр.

Тәрбие ісі кез келген білім беру мекемесінің педагогикалық қызметінің өзегі болғандықтан, ол педагог пен оқушының өзара қарым-қатынасы барысында тәрбиеленушінің жеке тұлғасын дамыту мақсатындағы біртұтас динамикалық жүйе ретінде қарастырылады. Тәрбие ісінің бірақатар ерекшеліктері бар: бір мақсатқа бағытталған, көп факторлы, ұзақ, үздіксіз, кешенді, нәтижесі әр түрлі болатын құбылыс.

Кез келген баланы ата-ана, мұғалім, балалар ортасы тәрбиелейді. Оған өмірдің түрліше жағдайлары әсер етеді. Тәрбиешілердің әсері оның ой сезімін, қимыл-шешімін тез оятады. Ендеше бұл тек оны ғана тәрбиелеп қоймайды, осынымен бірге ол өзін-өзі де тәрбиелейді деген сөз. Өзін-өзі тәрбиелеу әрқашанда тәрбиенің маңызды рөлі болып табылады.

Елбасының білім және ғылым қызметкерлерінің II съезінде «*Болашақта еңбек етіп өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан да ұстазға жүктелетін міндет өте ауыр»* дегені жоғарыдағы сөзімізді айғақтай түседі. Ендеше өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құятын ұстазды ғана бүгінгі күннің лайықты тұлғасы деуге болады.

«ҚР-ның Білім туралы Заңының» 19-бабында:

1. Білім берудің қосымша дамыту бағдарламалары мектептен тыс ұйымдарда іске асырылады.

2. Мемлекет мемлекеттік мектептен тыс ұйымдардың білім беру қызметтеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

3. Мектептен тыс ұйымдар балалардың жеке басының дамуына, кәсіптік бағдарын айқындауына, шығармашылық еңбегіне, олардың қабілеттерін іске асыруына, қоғам өміріне бейімделуіне, азаматтық сана-сезімінің, жалпы мәдениетінің, салауатты өмір салтының қалыптасуына, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыруына жағдай жасайды...» делінген.

Сыныптан тыс тәрбие жұмысының мақсат және міндеттері тұтас педагогикалық процестің қызметіне ерекше сипат береді – білімділік, тәрбиелік және дамытушылық.

Білімділік қызметі оқу әрекеті секілді басымдылыққа ие бола алмайды. Ол сабақтан тыс тәрбие жұмысында тәрбиелік және дамытушылық қызметті нәтижелі іске асыруда көмекші рөл атқарады. Соған орай сабақтан тыс тәрбие жұмысының білімділік қызметі ғылыми білімдер жүйесін және оқу біліктілігі мен дағдысын қалыптастыруды көздемейді, керісінше балаларда белгілі бір мінез-құлық дағдысын қалыптастыру, ұжымдық өмірді, қарым-қатынас мәдениетін т.б. үйретеді.

Сабақтан тыс тәрбие жұмысының дамытушылық қызметінің маңызы ерекше. Ол белгілі әрекетке байланысты оқушылардың психикалық процестерін, оқушылардың жеке-дара қабілеттерін дамытуды көздейді. Соған орай баланың жасырын қабілетін анықтау, бейімін, қызығушылығын дамытуды мақсат тұтады. Егер де оқушы бір нәрсеге қызығушылығы болса, онда ол мұғалім сол сұраққа қатысты қосымша қызықты мағлұмат беріп, оқуға қосымша әдебиет ұсынып, оған жағдай туғызып, сонымен бірге оның қызығушылығын арттырады.

Осындай жұмысты атқаруда белгілі бір нәтижеге қол жеткізу үшін оның мақсатын нақты анықтау қажет. Мысалы мұғалім «қонаққа барған жағдайда қандай мінез-құлық ережелерін сақтау» қажеттілігі туралы оқушылармен әңгіме өткізуді жоспарлады делік. Ол үшін оның мақсатына баланың «мінез-құлық ережесі» туралы білімдерді кеңейтуді белгілейді. Бұл тәрбие жұмысының білімділік қызметін атқарады. Яғни, балада қонаққа барған жағдайда белгілі бір мінез-құлық ережелерін ескеруді қалыптастыру; этикалық нормаларын сақтауға үйрету; «мінез-құлық нормалары» деген этикалық ұғымды қалыптастыру; сол сыныптағы балаларда кездесіп қалатын «мінез-құлық нормаларына» қатысты кейбір келеңсіз әрекеттерін талқылауға арналған міндеттердің түрін белгілейді.

Осы бағыттағы жұмыстың мақсат, міндеттері және қызметін анықтау жұмыстары оның мазмұны мен формасын таңдауға ықпал етеді.

Тәрбие жұмысының мазмұны әлеуметтік тәжірибеге бейімделген адам даласы өмірінің әртүрлі саласындағы өзіндік тәжірибесіндегі: ғылымда, өнерде, әдебиетте, техникада, өзара қарым-қатынаста, моральдық бейнесінде бастан кешірген және жүзеге асырған жағдайларын қамтиды. Соған орай сабақтан тыс тәрбие жұмысы мазмұнының ерекшеліктері сипатталады:

- біріншіден, сабақтан тыс тәрбие жұмсының мазмұны баланың сезіміне, әсерленуіне назар аударуды міндеттейді (сезімі арқылы ақыл-ойына әсер етуді көздейді);
- екіншіден, баланың практикалық әрекетін ұйымдастыруды (әртүрлі іскерлік пен дағдысын жетілдіруді көздейді);
- үшіншіден, жаңа мағлұматтарды іздеу, сабақтан тыс әртүрлі тәрбие жұмыстарын атқаруда өздігінен жұмыс істеу біліктілігін машықтандыру;
- төртіншіден, коммуникативтік біліктілігі мен дағдысын тәрбиелеу (ұжымда өмір сүре білу, ұжым болып ауызбірлікте қоғамдық пайдалы істерді атқару т.с.с.).
- бесіншіден, этикалық нормаларын сақтай білуге дағдыландыру.

Сыныптан тыс тәрбие жұмысы − тұлғаның әлеуметтік қалыптасуын қамтамасыз етуде оған жағдай туғызатын мұғалімнің басшылығымен ұйымдастырылған және сабақтың мақсатымен өзара байланысты болып келетін тәрбие жұмысының дербес түрі.

Сыныптан тыс жұмыстарға оқушылармен жүргізілетін тәрбиелік, білімдік сипаттағы мақсатты түрде ұйымдастырылған шаралар жатады. Сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға негіз болады.

ШЖБМ-те сыныптан тыс жұмыстардың оқу сағаттарының бірқатар ерекшеліктері бар:

Бірінші ерекшелігі еріктілік негізінде ұйымдастарылады. Оқушылар әр түрлі шараларға қатысуды ерікті түрде таңдайды. Өз қызығушылығы, қабілетіне қарай әр түрлі үйірмелерге жазылып, сабақтан тыс уақыттарда өз қалауымен жеке және көпшілік жұмыстарға қатысады. Еріктілік сыныптан тыс жұмыстар түрлерін таңдау кезінде ғана болады. Педагогикалық және оқушылар ұжымының міндеті – сыныптан тыс жұмыстарға барлық оқушыларды тарту. Мұны ешқандай мәжбүрлеусіз жүргізу керек. Оқушылардың сабақтан тыс кезінде өзімен-өзі болып, сыныптан тыс шаралардан тыс қалуына жол бермеу керек.

Екінші ерекшелігі міндетті оқу бағдарламасымен байланысты емес. Оның мазмұны мен формалары, оқушылардың қызығушылығына , сұранысына байланысты болады.

Үшінші ерекшелігі сыныптан тыс жұмыстарға қатысатын оқушылардың жас ерекшелігінің әртүрлілігі. Мысалы, мектеп хорына, үйірмелерге әр түрлі жастағы балалар қатыса алады.

Төртінші ерекшелігі сыныптан тыс жұмыстарда көбінесе оқушыларға өз бетімен жасайтын жұмыстар беріледі.

Бесінші ерекшелігі тәрбие жұмысын ұйымдастыруда қоғамдық пайдалы іс-әрекетке үлкен орын беріледі.

Алтыншы ерекшелігі – сыныптан тыс жұмыстың формасының, әдісінің әртүрлігі.

Сыныптан тыс тәрбие жұмысы мектептегі тәрбие жұмысының құрамдас бөлігі болғандықтан, ол тәрбиенің **жалпы мақсатын** орындауға бағытталған – балаға қоғамдық тұрғыдан қабылданған құндылықтар жүйесін меңгерту және қоғамдық тұрғыдан қабылданған құндылықтар жүйесін қалыптастыру.

Соған орай оның **негізгі мақсаты** – сабақ үстінде жүзеге асыратын тәрбие міндеттерін толықтыру және тереңдету, олардың қабілеттерін неғұрлым толық ашу белгілі бір нәрсеге қызығушылығы мен ынтасын ояту, қоғамдық белсенділіктерін шыңдау, бос уақытын дұрыс ұйымдастыруды көздейді.

Төмендегідей бірқатар талаптарды орындағанда сыныптан тыс жұмыстардың құндылығы артады:

- сыныптан тыс жұмыс өмірмен, тәжірибемен байланысты болуы керек;
- сыныптан тыс жұмыстың мазмұны, ұйымдастырылуы мектептің оқу-тәрбие жұмысына бағындырылуы қажет;
- сыныптан тыс жұмыс үздіксіз өтілуі тиіс;
- сыныптан тыс жұмыс оқушыға түсінікті болуы және жаңа әдістермен өткізілуі қажет;

Тәрбиешінің жеке басының нақты қызығушылығы, сапалы қасиеттері болмаса, тәрбие жұмысының табыстылығын көзге елестету мүмкін емес. Мұғалім өзінің мінез-құлқы, қарым-қатынасы арқылы балаларға өте сүйкімді, адал көрінуі мүмкін, бірақ оның қолынан ешнәрсе келмейтін болса, балалар мұндай мұғаліммен жұмыс жасауды қаламайды. Егер мектепте бірде-бір мұғалім ән айтпайтын, жорыққа шықпайтын болса, би өнеріне қызығушылығы болмаса, сурет салмаса, гүл өсірмесе, спортты сүймесе, музыка үнін сезінбесе, күлкі-әзіл сезімі болмаса, табиғатты, өлке

тарихын зерттемесе, өз оқушыларын қалай қызықтырып, өмірге дайындар еді. Егер ұстаздың рухани жан дүние әлемі бай болса, балалар да сондай болуға ұмтылады.

Ұстаздар ата-аналармен біріге отырып, әрбір оқушының қызықты, сүйікті ісімен айналысуына мүмкіндік беретін әр түрлі клубтар, үйірмелер ұйымдастыратын болса, өте маңызды болар еді.

Балаларға әсер етудің үш тәсілі бар: түрлі хабарлар арқылы оқушыға әсер ету, балалардың жан дүниесіне, сезімдеріне тікелей әсер ету, балаларды әртүрлі қызықты іс-әрекетке қатыстыру.

Тәрбиелеу тек педагогикалық ұжыммен, отбасы алдындағы міндеттерді орындаумен шектелмеуі керек. Сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың қызығушылығына қарай ұйымдастырылуы керек. Қосымша білім беру, балаға әсер ету мәдениет, ғылым, шығармашылық, іс-әрекет арқылы нәтижелі болатынын білуіміз керек.

Әкімшіліктің және ұжымның педагогикалық кеңесі үшін факультативтер, жарыстар, есеп беру концерті, конференция және т.б. түрінде сыныптан тыс өткізілетін еркін іс-әрекеттермен сабақтық, пәндік іс-әрекетер түйісетіндей етіп оқушылардың танымдық-дамытушылық шығармашылықты іс-әрекеттерін жоспарлау маңызды болып саналады.

Сабақта және сабақтан тыс атқарылатын жұмыстар байланысы мотивтендіруді күшейтеді және үлкендер үшін қажетті болып көрінетін іс-әрекеттерді қандай жолмен болмасын орындауға жасалатын қысымды болдырмайды.

Оқушылардың өздерін-өздері басқаруы демократиялық негізде оқушылардың мектеп пен сыныпты басқаруға қатыстыруды көздейді. Оның бағыттары мен мазмұны оқушылардың мүдделері мен қажеттіліктеріне сәйкес анықталады және оларды былайша анықтауға болады:

- оқушылардың өздерін-өздері басқаруы ғылыми-зерттеу іс-әрекеттерін ұйымдастыруды, оқу процесінде педагогтарға көмектесуді көздейді;
- шығармашылықты жұмыс саласындағы өзін-өзі басқару;
- бос уақыттардағы өзін-өзі басқару;
- өзін-өзі басқару өзіндік іс-әрекеттермен қашанда байланыста болады.

Сонымен, шағын жтнақты бастауыш мектеп оқушыларының тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы сыныптан тыс жұмыстың мәні тәлім-тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы адамгершілігі жоғары, ізгілікті мектеп оқушыларын тәрбиелеуде.

Демек, бастауыш мектеп оқушыларының адамгершілік сана-сезімдерін қалыптастыруда, дұрыс әдеттер мен дағдыларға жаттықтыруда, тәрбие жұмысын ұйымдастыруда сыныптан тыс жұмыстың рөлі ерекше.

1. ҚР-ның Білім Туралы Заңы. – Алматы: Жеті жарғы, 1999.

2. Тәжібаева С.Ғ. Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастырудың әдістемесі – Алматы: Ғылым, 2007. – 210 б.

3. Губашева С.Г.,Отарбай А.Ж. Тәрбие жұмысының әдістеместемесі. – Алматы:Фолиант , 2007. – 59 б.

4. Әбенбаев С. Сынып жетекші. – Алматы: Дарын, 2004.

ТАЕКВОНДО СПОРТЫНЫҢ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ САБАҚТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

С.Кунай – *Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Бастапқы әскери дайындық теориясы мен әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы,*
М.Мухамеди – *Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Бастапқы әскери дайындық теориясы мен әдістемесі» кафедрасының ассистенті*

Таеквондо – корей халқының көп жылдық тарихы бар спорт түрі. Таеквондо деген сөздің мағынасы тае – аяқ, квон – қол, до – жол деп жеке дара үш мағынаны білдіреді. Таеквондо WTF, ITF, GTF болып үш түрге бөлінеді. 1961-1973 жылдары Кореяның таеквондо шеберлері әлемнің әр жерлеріне таеквондоны дамытуға бара бастады. Қазіргі таңда таеквондо (WTF) тез дамыған шығыс жекпе-жек спорт түрлерінің ішіндегі олимпиядалық спорт түрі. Олимпиада ойындарына 2000 жылы 27-ші Сидней олимпиадасында алғаш рет ойналды. Қазақстан Республикасында қазіргі уақытта таеквондомен шұғылданушылардың саны 20 мыңнан асып жығылады. Біздің елімізде бұл спорт түрі 90-шы жылдардың басында дами бастады. Осы қысқа уақыт ішіндегі спортшыларымыздың ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктері баршылық.

Спорттық дайындық жүйесін функцияландырудың басты шарты спорттық жетістіктерді болжау, модельді көрсеткішін жетілдіру және олардың жағдайын жүйелі түрде бақылауды ұйымдастыру болып табылады. Ондай шара жоспарланған дайындық көрсеткіштер мен шынайы көрсеткіштерінің ара жігін айқындап сол бойынша жаттығу үрдісін тағайындауға мүмкіндік береді [1].

Таеквондо спорты, спортшының жалпы арнайы дене дайындық сапасын жоғары дәрежеде талап ететін спорт түрі. Спортшыға таеквондоның базалық дайындығын дұрыс дамытып, қалыптастырмаса спортшының болашақта үлкен спорттық жетістіктерге жеткізу мүмкіндігі шектеулі. Таеквондошыны дайындаудағы басты ұстаным ол спортшының жалпы және арнайы дене дайындығын жетілдіру, спорт саласындағы негізгі шарт болып табылады. Спортшының дене-күш қабілеттерін дамыту жаттығу түрінің ерекшеліктеріне байланысты жалпы және арнайы дайындық болып екіге бөлінеді. Таеквондошының жалпы дене дайындығын дамытудағы негізгі қасиеттер ол күш, ептілік, жылдамдық, иілгіштік, төзімділік қабілеттері болып келеді. Арнайы жаттығулар таеквондошының жекпе-жек шеберлігін арттырып, жарыстарда нәтижелі көрсеткіштерге жеткізуге жол ашады. Спортшының алғашқы таеквондомен шұғылдану кезінде жалпы дене дайындығына көп көңіл бөлінеді. Спортшыға жылдық жаттығу жоспарына көбірек жүктеме берілсе, жарыстық кезеңде арнайы жаттығуларға көп көңіл бөлінеді. Таеквондошының жалпы денесін тәрбиелеуде арнайы көңіл бөлетін бағдар – оның дене қабілетін дамыту. Оны іске асыру барысында спортшының қимыл әрекетін сапалы түрде орындаған жөн. Мысалы, спортшының дене қабілетін дамытуға берілетін арнайы спорттық жаттығулар:

1) әр-түрлі созылмалы жаттығулар;

2) спорттық ойындар;

3) тренажорлық құралдарды қолдану және суға жүзу сияқты спорттық жаттығулар кіреді. Дене жаттығуы – негізгі және арнаулы спорттық бейімделу тәсілі болып ажыратылады [2]. Таеквондошыға берілетін арнайы жаттығулар: базалық дайындық, техникалық және тактикалық дайындықтары кіреді. Таеквондо спорты төмендегідей бес бағытқа бөлінеді:

1) базалық техника;

2) жекпе-жек техникасы;

3) формальдық жаттығулар техникасы;

4) қорғану әдіс-тәсілдер техникасы;

5) тақтай, кірпіш т.б қатты заттарды аяқ, қолмен ұрып, бөлу техникасы.

Таеквондо спортының жарыс түріне жекпе-жек және формальдық жаттығулары жатады. Таеквондоның жекпе-жек сайысын таеквондоның өзіндік терминімен айтқанда (киоруги) жарыс ережесінің 90 пайызы аяқ соққыдан тұрады. Жарыс кілеміндегі екі спортшының сайысуы әр-түрлі аяқ соққыларымен ұпай санын жинауға сайысады, сондықтан дайындық кезіндегі жүктеменің басым бөлігі аяқты дамыту жаттығуларынан тұрады. Таеквондо жылдамдықты көп талап ететін спорт түрі болғандықтан, берілген арнайы жаттығулар жоғары жылдамдықпен жасалынады.

Формальдық жаттығулар (пумсэ) сайысының жарыс ережесі спортшылардың жасаған әр-түрлі қимылдарын таза орындап, аяқ, қол соққылармен тосқауыл техникаларын шебер орындап көрсетуіне қарай ұпай саны беріледі. Таеквондоның негізгі салмақ дәрежелері 6 салмаққа, ал олимпиадалық салмақ дәрежелері 8 салмаққа бөлінеді.

Халықаралық салмақ дәрежелері		**Олимпиадалық салмақ дәрежелері**	
Ерлер	*Әйелдер*	*Ерлер*	*Әйелдер*
54	47	58	49
58	51	68	57
63	55	80	67
68	59	+80	+67
74	63	-	-
78	67	-	-
80	72	-	-
+80	+72	-	-

Таеквондоның техника мен тактиканы дамыту дағдылары қарапайым негізгі бастамалардан үйретілуі тиіс. Техника және тактикалық дайындық барысында әдістерді үйретуді түсіндірумен қатар көрсетуден бастаған абзал [3]. Таеквондоның техникасы әр түрлі, ал тактикалық дайындығының мүмкіндіктері шексіз. Таеквондошының базалық әдістер дайындығы неғұрлым бай болса, техника және тактикалық шеберлігі соғұрлым жоғары болады. Техника спортшының жарыс кезінде немесе жаттығу тәсілдері арқылы жетіледі. Техника шеберлігінің басты белгісі мыналар:

– техниканың сенімділігі;

– спорттық техникасының көлемі;

– техниканың негізгі тәсілдерінің әр алуандығы.

Спортшы шеберлігін арттыру, жарысқа дайындық кезінде арнайы дене дайындығының тәсілдерін дамытуға, сондай-ақ жарыста сайыстың құрылуына негіз болатын тәсілдік қимылдарға бағытталған, таеквондошымен бірге болатын жеке оқу-жаттығулар қарастырылады [4]. Таеквондоның жаттығу кезінде орындалытын қимыл, әрекеттерді жарыс талаптарына үйлестіре жүргізілгені дұрыс. Жарыс түріндегі жаттығуларды спортшыға беймдеуді алғашқы кезеңнен бастауға болады, таеквондоның оқу-жаттығу сабақтары көбіне арнайы таеквондо залында өтіледі. Спортшының таеквондо залында сақтайтын негізгі ережелері:

– оқу-жаттығу кезінде сөйлесуге рұқсат етпеу;

– жаттықтырушыны және спортшыларды сыйлау;

– таеквондо сабағына арналған арнайы (тобок) киіммен қатысу;

– жаттығу кезінде денеге тағатын артық әшекей бұйымдарды тағуға тыйым салу;

– жаттығу сайысы кезінде спортшылардың арнайы дене қорғайтын құралдарын қолдану сияқты т.б ережелері ескеріледі.

Қазіргі таңда спортшылардың үлкен жарысқа әзірлікке оқу-жаттығу сабақтары тек залдарда ғана емес тауда, тау алқаптарында өткізілуде, спортшылардың тауда жаттығуы дененің әр-түрлі жағдайға бейімделуіне, шыныгуына мүмкіндік береді. Спорттық-жаттығу кезінде спорттық қабілетті жетілдіріп, бойдағы күш-қуатты арттыратын фактордың бірі – арнайы дәрумендер қосылған азық-түлік тағамдар, сонымен қатар массаж, монша т.б арнайы жүргізілетін баптанулар. Спортшының күнделікті өміріне сіңісті болған тәртіп, спортшының денесінің дұрыс жетілуіне әсер ететін фактор болып саналады.

Қорыта келе қазіргі таңда таеквондо спортының дамуына жас жеткіншектердің ат салысып жатқаны көңіл қуантады, сондықтан болашақта оқу-жаттығу сабақтарының жоғары деңгейде қалыптасуына, жаттықтырушы әріптестер қауымына етене жақын жұмыс атқарайық дегім келеді.

1. Дайрабаев С.Е., Мұхиддинов Е.М. Спорт және дене тәрбиесі теориясы – Алматы: Білім, 2009 – 73 б.

2. Йеон Хван Парк, Том Сибурн. Таеквондо: Техника и тактика. – М.: АСТ-Астрель, 2004. – 115 б.

3. Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі №2, 2008 – 180 б.

4. Чой Сунг Мо. Специальные методы самообороны в практике боевых искусств. – Ростов-на-Дону: Феникс – 64 б.

Резюме

Рассматривается проблема совершенствования содержания, методики использования и организации учебно-тренировочных заниятий в таеквондо.

Summary

This article is considered improving methods of using in taekwondo training.

МЕТОДИКА ОРГАНИЗАЦИЙ И ПРОВЕДЕНИЯ СОРЕВНОВАНИЙ ПО ТАЭКВОНДО

Б.Ж. Аязбаев – *преподаватель кафедры*
«Оздоровительный физическая культура», КазНПУ им. Абая

Современные правила соревнований по таэквондо это, прежде всего – свод законов, обобщающих определенный опыт. Правила постоянно меняются и совершенствуются с учетом оздоровительной направленности и прикладность таэквондо.

Оздоровительная направленность проявляется в регулировании нагрузок, т. е. времени, которое затрачивается на ведение поединка (например, время боя – два раунда по 2 минуты, с минутным перерывом после первого раунда и три раунда по 2 минуты в финальном поединке) в характере действий положительно влияющих на физическое развитие спортсменов (разрешаются действия руками, ногами, а в поединках профессионалов разрешаются броски, т. е. приемы борьбы, но не более 3 секунд).

Спортивная форма таэквондиста хорошо защищает от повреждений. В правилах по таэквондо имеется ряд запрещенных действий, применение которых может привести к травме.

Прикладность таэквондо выражается в том, что занятия и соревнования способствуют гармоничому физическому развитию, повышают функциональные возможности организма человека.

Прикладность таэквондо заключается в том, что, используя богатый технический арсенал приемов, можно защитить себя и победить в рукопашном поединке, а также более полноценно и высококачественно трудиться на производстве.

Соревнования по таэквондо позволяют определить степень спортивной подготовленности бойца.

Правила по таэквондо определяют содержание техники и методику тренерского процесса В таэквондо разрешаются удары руками и ногами, в корпус, голову, а также приемы борьбы в поединках профессионалов.

Правила поощряют честный бой с использованием разрешенных средств и методов.

Для повышения зрелищности и технического мастерства таэквондистов правила должны быть такими, чтобы активизировать спортсмена максимально проявлять высокое техническое мастерство в каждом бою и на соревнованиях в целом.

Основные задачи правил соревнований по таэквондо:

1) Создание равных условий участникам соревнований и установление дозволенных средств спортивного единоборства.

2) Максимально возможное исключение спортивного травматизма.

3) Соблюдение принципа максимально возможной прикладности таэквондо.

Судья соревнований, прежде всего, является воспитателем, т. е. судья влияет на дальнейшее развитие таэквондо и на дальнейшую судьбу каждого бойца. Например, если в финальном бою судья неверно оценил техническое действие (удары) и в результате победу присудили не тому бойцу, то проигравший, возможно, больше никогда не станет чемпионом, хотя в этот раз имел на то все основания и право. Подобная ошибка влияет не только на конкретного бойца, но и на остальных спортсменов, вплоть до разочарования в виде спорта, объективность которого выданном случае выражает судья.

Деятельность судьи должна соответствовать требованиям морали, требованиям правил соревнований, поэтому судья должен хорошо знать правила и перед каждым соревнованием их перечитывать.

Решения следует принимать в полном соответствии с правилами. Нельзя оправдывать свои решения, проводя аналогию с неправильными действиями судей на тех или иных соревнованиях. При попытке решения сложных судейских задач не все судьи умеют в достаточной степени принять правильное решение в соответствии с прошлым опытом и законами логики. Основная трудность здесь состоит в том, что процессы восприятия результатов действий бойцов и обдумывания отнюдь не свободны от внешних и внутренних воздействий и помех. Судья, прекрасно знающий все требования правил и морали, не всегда может преодолеть возникшие трудности, если у него не будут развиты воля, выдержка и другие волевые качества. Кроме того, он должен иметь и развивать качества: принципиальность, тактичность, чувство товарищества, дисциплинирован-

ность, точность, т.е. должен обладать тактом. Ему противопоказаны эгоцентризм, высокомерие. Он должен помнить, что его решения и действия должны быть на пользу другим. Исправление ошибок или неправильных действий не унижает, а только повышает авторитет судьи и вызывает всеобщее одобрение. Если судья не исправляет свои ошибки, то говорят, что он не объективен или не знает правил.

Не следует распространяться о судейских делах в кулуарах, транспорте, говорить неуважительно о других судьях. Нельзя действовать под влиянием сильных эмоций, необходимо владеть собой.

Принципиальность судьи заключается в том, что независимо от отношений в заинтересованности кого-либо из участников соревнований и порой его личных интересов, он должен неукоснительно соблюдать правила соревнований. Принципиальных судей уважают независимо от того, какие функции они выполняют на соревнованиях.

Участники соревнований профессионально разбираются в ситуациях, возникающих в бою, и если судья неправильно оценивает ситуацию, то это становится очевидным.

Судья должен быть пунктуальным в деятельности на даянге и у даянга и в отношении с окружающими. Точность – это не только вынесение правильных оценок по техническим действиям бойцов – это закон для судьи, но это и своевременная их фиксация.

Опоздание судьи на бой раздражает остальных судей и бойцов. Уважение судей к окружающим проявляется в доброжелательном отношении, в подавлении внутренних помех, к которым относятся: неустойчивость перед «авторитетом», половинчатые решения, подмена действительного «Желаемым».

Судьи, не участвующие в судействе, располагаются на специально отведенных для них местах. Они также должны вести себя дисциплинированно, не жестикулировать, не выкрикивать не только реплику, но и не подсказывать.

При разборе ситуации на заседании судейской коллегии судья должен говорить вполголоса, не жестикулируя.

Соревнования – одна из основных составляющих спорта, без них спорт немыслим.

Соревнования помогают выявить силы таэквондистов, определить победителей. Они способствуют как развитию, так и проверке всех сторон подготовленности бойца – его физических, морально-волевых качеств, технической и тактической подготовленности.

Соревнования помогают обмену опытом, помогают выявлению наиболее рациональных методов тренировки. К участию в соревнованиях спортсмены и тренеры готовятся заранее. Большое значение в выполнении указанных выше задач имеет правильная организация и проведение соревнований.

Высокий уровень соревнований, квалифицированное, объективное судейство помогают определить степень подготовленности спортсменов.

Если соревнования прошли на хорошем уровне, судейская коллегия судила объективно и квалифицированно, то участники соревнований остаются удовлетворены результатами.

Открытие соревнований является важной их частью. Четко организованное, красочное открытие соревнований – залог успешного их проведения. Зал, где проходят соревнования, должен быть украшен. Ритуал открытия соревнований должен проходить по предварительно подготовленному сценарию, примерное содержание которого мы приводим ниже. Соревнования – это праздник не только для спортсменов и их тренеров, но это праздник всех поклонников нашего вида спорта – таэквондо. Ниже приводим примерный сценарий открытие и закрытие соревнований

Сценарий торжественного открытия соревнований

Место проведения: Дворец спорта

14.45 Подготовка к параду.

Все судьи и спортсмены, участвующих команд выстраиваются в запасных залах в следующем порядке: командующий парадом, судьи соревнований, команды участников в порядке мест, занятых на предыдущем турнире.

Перед командой стоит мальчик в форме таэквондо с табличкой в руках, на которой написано название города. Колонна приближается к входу в зал.

15.00. Звучат позывные фанфары. Под звуки торжественного марша командующий парадом вводит участников в зал соревнований и выстраивает их согласно плану построения.

Марш прекращается.

Командующий парадом сдает рапорт. Председатель оргкомитета здоровается со спортсменами, поздравляет с открытием турнира и представляет почетных гостей. Поднимается флаг соревнований. Председатель оргкомитета объявляет об открытии турнира по таэквондо.

Участников турнира приветствуют юные спортсмены-таэквондисты.

Слово представляется главному судье соревнований. Он поздравляет участников с началом соревнований, объявляет программу и приказывает командующему парадом увести парад.

Звучит марш, и командующий парадом после соответствующих команд ведет парад мимо стола главной судейской коллегии. При этом судьи, дойдя до угла даянга, поворачивают налево, идут до тех пор, пока весь ряд судей не выстраивается вдоль края даянга и останавливается, а весь строй участников.таэквондистов проходит дальше прямо к выходу.

Главный судья представляет судейскую коллегию зрителям и участникам.

За это время готовится к бою первая пара бойцов. Диктор или судья-коментатор вызывает их на даянг.

Не менее важным моментом соревнований является их организационное закрытие. Оно должно проходить торжественно, без спешки, чтобы не испортить у зрителей и призеров общего впечатления от соревнований. Закрытие соревнований надо готовить заранее и проводить его по нижеследующему сценарию.

Сценарий закрытия и награждения призеров по таэквондо

После определения призеров в каждой весовой категории руководитель судейской коллегии (диктор) объявляет: «Судье при участниках тов. ...подготовить призеров веса ...кг для награждения».

Судья при участниках выстраивает призеров перед выходом в зал и по сигналу главного судьи под звуки торжественного марша ведет по залу призеров данной весовой категории, останавливает их у пьедестала почета.

Главный судья объявляет имена призеров, которые согласно занятым местам поднимаются к пьедесталу почета.

Для награждения призеров к пьедесталу почета подходят три мальчика или девочки в форме таэквондистов, держа в руках подносы. На подносах медали, дипломы и цветы.

Главный судья: «Награждение производит (называет фамилии и титулы награждающих).

Для удобства заранее составляются списки награждаемых и награждающих. Эти материалы готовит заместитель главного судьи, пользуясь данными главного секретаря.

После награждения призеров всех весовых категорий и их тренеров диктор объявляет командные результаты.

После окончания награждения проводится торжественный спуск флага соревнований.

Затем главный судья благодарит участников, судей, зрителей, облуживающий персонал и объявляет соревнования закрытыми.

Для подготовки новых судей по таэквондо привлекают бывших спортсменов, которые хорошо ориентируются в оценке технических действий. Однако для приобретения и совершенствования судейских знаний, умений и навыков необходимо участие в судействе соревнований. Семинары по подготовке судей можно организовывать при спортивных школах, спорткомитетах. Они проводятся без отрыва от основной работы и могут быть достаточно длительными по срокам проведения (2-3 недели). В год может быть проведено 2-3 семинара.

Основное внимание при проведении этих семинаров следует обращать на усвоение слушателями правил соревнований и практическое судейство.

Разбор пунктов правил должен быть последовательным и скрупулезным. На этих семинарах закладывается фундамент знаний судей. Следует обстоятельно разъяснить наиболее сложные параграфы и формулировки. При проведении семинаров каждое теоретическое занятие следует подкреплять практическими примерами. Особое внимание следует уделять оценке технических действий, выработке позы и жестов судей и т.д. В ходе такого семинара судьи получают навыки работы на соревнованиях в качестве любого судьи.

Семинары по повышению квалификации судей сравнительно краткосрочны – 5-7 дней. Они проводятся в масштабе республики республиканской коллегией судей, которая привлекает наиболее опытных и квалифицированных судей. В учебных планах семинаров по повышению квалификации преобладают вопросы организации и проведения соревнований, вопросы взаимодействия и поведения судей на соревнованиях, вопросы трактовки наиболее сложных пунктов правил и т.д.

В процессе занятий семинара необходимо, чтобы каждый судья мог вполне квалифицированно работать в любой судейской должности, для чего целесообразно «проигрывать» короткие минисоревнования, предлагая участникам семинара выполнять различные обязанности, в том числе в качестве секретаря.

Таким образом изучение методики организация и проведений соревнований по таэквондо показала что:

1. Необходимость соревновании, как один из важнейших аспектов разития физических, технических и психологических качеств спортсмена
2. Прикладность таэквондо в жизни как для защиты себя и других, а так же для полноценного труда.
3. Роль судьи на соревнованиях, его деятельность и профессиональная значимость.

1. *Ким Су. Основы таэквандо. – Сеул. Корея 1994.*

Түйін

Бұл мақалада шығыс жекпе-жегі Олимпиадалық спорт түрі таэвондодан жарысты ұйымдастыру және өткізу ережесі мен әдістемелік нұсқаулар берілген.

Summary

In given article describes east wrestling Olympic sport taekwondo and it’s discussion and aims of education.

БҮГІНГІ ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ – ДЕНСАУЛЫҚТЫ АРТТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ш.Ә. Мендигалиева

Қазіргі заманымыздың қай саласын алып қарайтын болсақ та, технологиялық өзгерудің дамуы әрине, адам баласының қозғалыс қимылын азайтты. Сондықтан да, денсаулық – тән, рухани және әлеуметтік игіліктің жиынтығы. Денені үнемі ширықтыру, шынықтыру, сананың сапа деңгейін көтеру, интеллект өрісін биіктету, рухыңды шыңдау – бәрі де денсаулыққа қызмет етеді десек қателеспейміз.

Қазіргі уақыттағы әлеуметтік-экономикалық жағдай, тіршілік деңгейінің құлдырауы және экономикалық қолайсыздық Қазақстан Ресбуликасының бүкіл халқының, әсіресе, өскелен ұрпақтың денсаулығына кері әсерін тигізуде.

«Дені сау адам – табиғаттың ең қымбат жемісі» деп тегін айтылмаған.

Дүниежүзінде халықтың табиғи өсімі төмендеп, сырқаттанушылық және өлім-жетім деңгейі арта түсті. Әсіресе, балалар мен жастардың денсаулығы қауіп тудыруда. Темекі тарту, ішімдік пайдалану, есірткі құмарлық және улы заттарға әуестік, адамгершілікке жат мінез-құлық, ерте жыныстық қатынас кеңінен етек алуда.

Халықаралық денсаулық сақтау ұйымы сарапшыларының дерегі бойынша халық денсаулығының 49-50 % өмір салтына, яғни адамның өз денсаулығына қалай қарайтынына тәуелді, 17-20% қоршаған орта ерекшеліктеріне байланысты. Сонымен қатар, денсаулық қатерінің негізі факторларына мыналар енеді: қозғалыс күшінің кему салдарынан қимылдың кемуі (гиподинамия) дене массасының артуы, жүйесіз тамақтану, қоршаған орта нысандарының барлығының көптеген уытты заттармен ластануы, өндірісте және тұрмыста күйзеліс туғызатын жағдайлар, зиянды әдеттердің – шылым шегу, алкоголь пайдалану, нашақорлықтың көп таралуы.

Қорыта келгенде, академик Н.М. Амосов айтқандай: «Денсаулығың мықты болуы үшін мәнді өз күшің болуы қажет, оны еш нәрсемен ауыстыруға болмайды».

Құрбы-құрдастар, егемен еліміздің болашағы біздер. Қоғамда болып жатқан жаман әдеттерге

кінәлі – адамдардың өзі. Осындай жат, жаман әдеттерден бойымызды аулақ ұстап, төзімділік, табандылық танытып, адамгершілік қасиеттерді жоғары ұстай білуіміз керек. Болашағымыз нұрлы, еліміздің ертеңі нұрлы болсын десек, ел болып, халық болып болашағымызды, ұлтымызды, тегімізді жоғалтып алмау үшін нашақорлық, СПИД, ішімдік, темекіден бойымызды аулақ ұстап, қоғамымыздың бұл түнектен арылуының жолын іздеп, салауатты өмір салтын насихаттайық.

Ей замандас, алдыменен досыңды ұқ.
Досың спорт, таза ауа, өсімдік.
Ала жүріп, осылардың сыйлығын
Жаңа ғасырға біз берейік көріктік.

Халық денсаулығы – ел дамуының аса маңызды тұтқасы, болашағымыздың кепілі.

Ежелден аталарымыз қазақтың «Бірінші байлық – денсаулық» болмаса «Денсаулық – терең байлық» деген мәтелдері тіршіліктің нағыз өзегінен алынған емес пе? Денсаулықтың қадірін, маңызын айырықша ұғынып барлық игіліктен жоғары санаған. Тағы да «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол изде» деп жан мен тән саулығын қоршаған орта аясында дұрыс сақтап және нығайтуға түрлі пайдалы әрекеттер жасап отырған.

Жасырары жоқ, күні бүгінге дейін небір ғұлама ғалымдар, біліктілігі күшті дәрігерлер де «Денсаулық деген не?» деген сұраққа әлі толымды, тұшымды, дәл анықтама бере алмай келеді. Қолымызда тек ВОЗ (дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы) қалыптастырған анықтама бар. Бұл бойынша Денсаулық – жан, тән және адамның әлеуметтік жағдайының қоңдылығы. Байқап отырсаңыз жан иесінің жалғыз анатономиялық дұрыс қалпына ғана емес, оның әлеуметтік жағдайына да ерекше мән берілген.

Жуырда ғана өткен дәрігерлер мен провизорлардың сьезінде сөйлеген сөзінде еліміздің президенті Н.Ә. Назарбаев: «Халықтың денсаулығы – ел дамуының аса маңызды тұтқасы, болашағымыздың кепілі» деп тағы да айырықша айқындап атап өтті. Сонымен қатар келешек атқарылатын істердің басты стратегиялық бағыттарын да көрсетті.

Бірінші: балалар мен жасөспірімдердің денсаулығына айырықша көңіл бөлу.

Екінші: халықты қол жетерлік және саналы медициналық көмекпен қамтамасыз ету.

Үшінші: отандық медицина ғылымын дамыту.

Осы бағыттама аясында ел басқарған ағалармен біріге отырып, түрлі індеттердің алдын алу керек. Салауатты өмір салтын ұстанбаған мемлекеттің экономикасы құлдырайтыны сөзсіз. Ауру адам қандай іс бітірмек!

Жастар – болашағымыздың алтын тірегі. Жастар арасындағы нашақорлық пен маскүнемдіктің алдын алу үшін мен мынандай деректер мен цифрларды ұсынғым келіп тұр.

Жасыратыны жоқ бүгіндері елімізде осынау қауіпті нашақорлықпен айналысатындар саны өсіп барады. Есіріткінің медициналық–әлеуметтік проблемалары республикалық орталығының мәліметіне қарағанда, бұл кеселге тәуелді болғандардың саны 250 мыңнан асады екен. Ал, 1,5 млн-дай адам нашақорлыққа бейімділік сәтінде отпен ойнағандай әрі-сәрі күй кешуде. Әсіресе кәмелетке толмағандардың әлгіндей қатерлі дертке әуестене түсуі қатты ойландыруы тиіс. Міне, сондықтан да қоғамымыздың ертеңгі болшағы үшін мұндай тағылымды шаралардың өткізіліп тұруы ғанибетті іс болмақ. Жылына БҰҰ-ның сараптауы бойынша есірткінің негізгі массасы 65% Орта Азия арқылы өтеді, ал Қазақстан арқылы жылына 150 тонна өтеді. Қазақстан Ресбуликасы бойынша 47 мың адам есірткіден гөрі өте улы түріне көбірек сұраныс болып жатыр. Республикадағы есірткіні көп пайдаланатын нашақорлар саны қарқынды өсіп келе жатқан қара дақтар. Мысалы: Теміртау қаласында 9 ай ішінде 633 облысымызда 20 мың 732 нашақор, 637 СПИД ауруына шалдыққандар тіркелген. Осылардың 48% – қылмыскерлер.

Тағы да айтарым, өкінішке орай көптеген азаматтарымыз өз денсаулығын сақтауға және нығайтуға жауапты емес, немқұрайлы қарайды. Тіпті денсаулығы өзіне емес, тек дәрігерлерге қажет сияқты медицинаға тұтынушылық немесе масылдық пиғылы бар. Дәрігерлер қанша ескертсе де жаман әдеттерден арылғысы келмейді. Темекі тартады, насыбай атады, салынып арақ ішеді.

Жас кезінен аурушаң болған Поль Брегг «Өзіңді өзің жасай біл» деген қағиданы нық ұстанған. Ол ынта-жігерінің салауатты өмір сүруге деген құштарлығының арқасында барлық ауруларды

жеңіп, денсаулығы мықты болып өмір сүрген. Ия, кісінің болса да, денсаулығы өз қолында. Салауатты өмір сүремін десеңіз ешкім оған қарсы тұра алмайды.

Салауатты өмір салтына денешынықтыру, спорт, ден тәрбиесі, туризм, халықаралық туризм, табиғатқа серуен, таза ауада жүру жатады. Кешкі тамақтан соң, таза ауада бір-екі сағат серуен құрып, ұйықтаудың пайдасы зор. Ұйқы 7-8 сағаттан кем болмауы тиіс. Әр адам жыл сайын бір рет еңбек демалысын тиімді пайдаланғаны жөн. Барлық кезде тамақты жаңадан дайындап ішкен дұрыс. Алланың табиғатты адам үшін жаратқанын және парыз еткенін, тіршілігінде дұрыс пайдалануды, денсаулығына зиян келмейтіндей жағдайда болуын қадағалауды салауатты өмір салты деп ұғамыз.

Адам денсаулығына зиянын тигізетін жат әдеттерден аулақ болғаны жөн. Енді оларға не жататынына тоқтала кетейік: Олар – темекі тарту, спирттік ішімдіктерге, есірткілік заттарға салыну. Арақтың орнына қымыз бен қымыран іш, темекі тартудың орнына таза ауада көбірек жүр. Жастарға есіріткіні пайдаланба, көңіл көтеретін мәдени көшілік орындарына баруды әдетке айналдыр дер едім. Еңбек адамды тәрбиелейді. Сондықтан жұмыс істеуден қашпаған жөн. Жалқаулыққа салынудың соңы жақсылыққа апармайды. Имандылық жолына түсіп, жылына бір келетін оразаны тұтып, оның тәртібін сақтағаныңыз дұрыс. Дүниеде бұған тең келетін ештеңе жоқ.

Біз табиғаттың, қоршаған ортаның ластануына жол бермеуіміз керек. Өзіңізді қалай көрсеңіз, өзгелерді де солай көріңіз. Адамдар бір-бірімен дос, бауырлас, сыйлас, рақымды, мейірімді болса, нұр үстіне нұр жауады. Әрқашан жаман ойдан аулақ болыңыз. Адам өзін өзгеден кем сезінуі, денсаулығының нашар екендігін ойлап қамығуы, көз алдында өлім қорқынышын елестетуі ойды бұзады.

Сөз соңында айтарымыз, халық денсаулығы тек медицина қызметкерлерінің кәсіби тірлігі ғана емес, бүкіл қоғамның тұтас денсаулық сақтауға және нығайтуға арналған үйлескен іс-қимыл әрекеттерінің жемісі екенін баршамыз да ұғынуға тиіспіз. Сонда ғана қоршаған ортаны сақтай отырып, таза су ішіп, дұрыс тамақтанып, иманды және салауатты өмір салттарын тұрақты қалыптастырсақ болашақтың жарқын кепілі болмақ.

1. *Мухамеджанова Ұ.Ж. Дене шынықтыру пәнін оқыту әдістемесі: оқу құралы / Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі. – Астана: Фолиант, 2007. – 190 с.*
2. *Уақбаев Е. Дене тәрбиесінің негіздері – Алматы, 2000.*
3. *Айқын апталық газеті, 27.07.11 ж.*

Резюме

Вопросы о здоровом образе жизни на сегодняшний день являются наиболее актуальными, в этой связи мы провели теорио-аналитический обзор в данной работе.

Summary

This article considers questions of healthy lifestyle, questions which are of interest at this time. In this regard we carried out theoretical – analytical review in this article.

ДЕЙСТВИЯ СОЛДАТА ПРИ САМООКАПЫВАНИИ

К.А. Кулатаев – *подполковник запаса, преподаватель*
КазНПУ им. Абая кафедры теории и методики НВП

В современном бою инженерные заграждения играют важную роль в обеспечении боевых действий частей и подразделений. Они устраиваются на местности и предназначены для задержания продвижения противника, затруднения его маневра, вынудить двигаться в направлении, где он может быть уничтожен, нанесения ему потерь в живой силе и технике.

Инженерные заграждения применяют во всех видах боевых действий войск в сочетании огня и действиями войск. Инженерные заграждения должны быть неожиданными для противника [1].

Инженерные сооружения зародилась с появлением армий. Ее развитие было связано с совершенствованием оружия, появлением новых средств вооруженной борьбы, увеличением количества боевой техники, привлекаемой для решения боевых задач, с качественным изменением личного состава войск.

Инженерное обеспечение организуется и осуществляется в целях создания подразделениям условий для успешного выполнения боевых задач и повышения защиты личного состава и военной техники от всех средств поражения.

На войне всегда приходилось не только разрушать, но и строить: сооружать заграждения, прокладывать дороги, возводить мосты, оборудовать позиции. В современных армиях такие задачи решают инженерные войска. Солдат с эмблемой этих войск по праву называют тружениками войны: они выполняют тяжелую и важную работу. Без них успех боевых действий невозможен, а потери будут слишком велики [2].

Инженерное обеспечение мотострелкового отделение включает: инженерное оборудование позиции (отрытие окопов, хода сообщения, щели, ниш) места расположения и их маскировку; установку невзрывных заграждений на занимаемой позиции (ежи, рогатки, малозаметные препятствия) проделывание проходов в заграждениях и разрушениях противника. Для инженерного оборудования позиции отделения (места расположения) используются навесное (встроенное) оборудование, инженерные боеприпасы, табельные средства маскировки, шанцевый инструмент (саперные лопаты, ломы, кирки) и местные материалы.

Опыт войны свидетельствует, что умелое оборудование позиций во многом предопределяло успех боя. Наши воины, имея высокую инженерную подготовку, успешно справлялись с оборудованием позиций, районов и рубежей [3].

Инженерное оборудование позиции отделения включает устройства окопов, ходов сообщения.

Для отрывки окопа одной силы недостаточно, хотя она и играет важную роль. Малой лопатой приходится работать лежа, с колена, сидя и стоя, согнувшись. Это зависит от обстановки, условий, в которых ведутся окопные работы. При оборудовании окопа может применяться топор, саперная лопата, лом и другой шанцевый инструмент. Весь этот инструмент солдат должен хорошо знать и уметь им пользоваться [4].

Недаром говорится: **«Окоп – твоя крепость, солдат», «Окоп отрывать – не чаек попивать!»** (поговорка) и это действительно так. Современный бой насыщен различными средствами поражения. Поэтому окопаться в бою не значит уклониться от боя, переждать опасность, а наоборот, сохранить себя для боя, для повышения своей боевой активности [5].

В ходе наступления при закреплении захваченных рубежей, отражении контратаки, противника, а также при остановках подразделения в целях защиты от средств поражения противника, наблюдения и ведения огня окапываются, причем каждый солдат отрывает себе одиночный окоп для стрельбы. В непосредственном соприкосновении с противником и под воздействием огня его стрелкового оружия солдаты в первую очередь отрывают одиночные окопы для стрельбы лежа. В последующем каждый солдат, не ожидая приказаний командира, углубляет окоп для стрельбы лежа в окоп для стрельбы с колена и стоя. Перед самоокапыванием солдат применяется к местности, располагаясь так, чтобы был хороший обзор и обстрел в заданном секторе на дальность не менее 400м и чтобы он сам был менее заметен противнику. Самоокапывание под огнем противника выполняется в следующем порядке: лежа на выбранном месте, солдат кладет автомат (пулемет) справа от себя на расстояние вытянутой руки, штыком к противнику; повернувшись на левый бок, вытягивает левой рукой за лоток лопату из чехла, обхватывает черенок двумя руками и ударами на себя подрезает дерн или верхний уплотненный слой земли, обозначая спереди и с боков границы выемки; после этого перехватывает лопату и ударами от себя отворачивает дерн, кладет его спереди и приступает к отрывке окопа. Во время работы следует: лопату врезать в землю углом лотка не отвесно, а наискось; тонкие корни перерубать острым краем лопаты; для обеспечения бруствера дерн и землю выбрасывать вперед в сторону противника, оставляя между краем выемки и бруствером небольшую площадку, называемую бермой, шириной 20-40см, голову держать ближе к земле, не прекрещая наблюдения за противником и не поднимаясь. Когда в передней части выемки окопа будет достигнута необходимая глубина, солдат отодвинувшись назад, продолжает отрывку окопа до требуемой длины (170см), чтобы укрыть туловище и ноги По окончании отрывки, бруствер разравнивается лопатой и маскируется под вид и цвет местности подручным материалом: травой, ветками, пахотной землей и т.п. [6].

В таблицах приведены основные размеры окопов для стрельбы [7].

Размеры окопов для стрельбы

1. Окоп для стрельбы лежа:

длина окопа по низу	170 см
ширина окопа по низу	60 см
глубина окопа	30 см
длина подгрудной части	30 см
глубина подгрудной части	20 см
ширина бермы	30 см
Высота бруствера:	
у бойницы	10 см
справа бойницы	20см
слева бойницы	30см
объем вынутого грунта	0,3м куб
время на отрывку пехотной лопатой	до 35 минут

2. Окоп для стрельбы с колена:

длина окопа по низу	170см
ширина окопа по низу	60см
глубина окопа	60см
ширина бермы	30см
Высота бруствера:	
у бойницы	30 см
справа и слева бойницы	40-50см
Размеры ниши для боеприпасов (оборудуется с левой стороны окопа на – 20-30 см ниже верхнего среза окопа):	
ширина	40см
высота	20 см
глубина	25 см
объем вынутого грунта	0,6 -0,8м куб
время на отрывку пехотной лопатой	до 70 минут

3. Окоп для стрельбы стоя:

длина окопа по низу	150см
ширина окопа по низу	50см
глубина окопа	110см
Ширина бермы:	
впереди	30- 40см
по бокам	20-30 см
высота бруствера	50-60 см (у бойницы – 30см);
Размеры ниши для боеприпасов – те же, что и для окопа с колена	
объем вынутого грунта	1,4 м куб.
время на отрывку окопа	до 1,5 чел/час

На нижеприведенных схемах для наглядного представления изображены вертикальные срезы окопов (рис. 1-3).

Рис. 1 – Одиночный окоп для стрельбы из автомата лежа



Рис. 2 – Одиночный окоп для стрельбы из автомата с колена



Рис. 3 – Одиночный окоп для стрельбы из автомата стоя



Глоссарий:

Окопы – это полевые фортификационные сооружения, которые служат огневыми позициями и простейшими укрытиями для живой силы и боевой техники от всех современных средств поражения.

Бруствер – насыпь в фортификационных сооружениях, предназначенная для защиты от пуль и снарядов, а также для удобства стрельбы.

Шанцевый инструмент – инструмент, с помощью которого войска окапываются в бою и

вручную производят работы по оборудованию позиций. Носимый шанцевый инструмент (малая лопата, военный топор), возимый (саперная или большая лопата, плотничный топор, поперечная пила, киркомотыга, лом, ножницы для резки колючей проволоки).

1. Под редакцией Науменко Ю.А. Начальная военная подготовка. – М.: «Просвещение», 1987.

2. Под общей редакцией Баранова Б.И. Пособие по обучению молодых солдат. – Воениздат. 1973.

3. Гусак П.А., Рогачев А.М. Начальная военная подготовка. Справочное пособие. – М.: «Просвещение», 1987.

4. Под редакцией Назимка И.Г., Штыкало Ф.Е. Методика начального военного обучения. М.: «Просвещение», 1987.

5. Начальная книга будущего командира НВП. – Минск: Харвест АСТ. 2001.

6. Боевой устав сухопутных войск часть 3 (взвод, отделение, танк). – Алматы, 1998.

7. Действия солдат в основных видах боя. Учебное пособие для курсантов по тактической подготовке. – Киев, 1968.

Түйін

Мақалада сарбаздың тактикалық сабақ кезінде және соғыс қимылы кезіндегі, қорғаныс кезеңіне арналған оқпананы қалай жасау керегі және нормативі мен әр түрлі оқпаналардың көлемдері берілген.

Summary

At the organization of defense branch single entrenchments for shooting come off and protection against fire of the opponent lying, and then entrenchments for shooting from a knee and standing. Then they unite trenches for convenience of movement on them, under their protection, with a view of a tray of ammunition, carrying out of wounded men, fast leaving.

РАЗВИТИЕ СПЕЦИАЛЬНОЙ ВЫНОСЛИВОСТИ У ФУТБОЛИСТОВ ЛЮБИТЕЛЬСКИХ КОМАНД С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ДОПУСТИМЫХ ТРЕНИРОВОЧНЫХ НАГРУЗОК

С.А. Погорелов, А.С. Якупов – *кафедра теории и методики физической культуры и спорта, КазНПУ им. Абая*

Проблема развития физических качеств спортсменов и в частности специальной выносливости, прежде всего, сводится к рациональному планированию различных структурных образований тренировочного процесса, оптимальному соотношению различных сторон подготовки спортсменов, а также соответствию между тренировочными нагрузками и условиями для их реализации [3, 6, 7]. Структура тренировочного процесса в футболе может быть охарактеризована порядком взаимосвязи и соотношением различных сторон подготовки, соотношением параметров тренировочной и соревновательной деятельности, последовательностью и взаимосвязью различных звеньев тренировки. Построение только одного тренировочного урока определяется многими факторами: целью и задачами тренировки, закономерными колебаниями функциональной активности организма в процессе мышечной деятельности, величиной нагрузки, а также особенностями подбора и сочетания тренировочных упражнений и режимом работы и отдыха [1, 6].

Выбор того или иного варианта построения занятий зависит от этапа многолетней и годичной тренировки, уровня квалификации и тренированности спортсмена, задач, поставленных на том или ином занятии. Наиболее сильное влияние на организм спортсмена оказывают занятия избирательной направленности, позволяющие сконцентрировать в определенном направлении средства и методы педагогического воздействия [6]. Необходимо учесть, что после занятий избирательной направленности возможно проведение тренировок на фоне неполного восстановления как из-за специфичности утомления, так и из-за особенностей восстановительных функций.

В настоящее время в системе подготовки спортсменов наметился подход к программному принципу организации тренировочного процесса [8]. Поиск путей интенсификации тренировочного процесса обусловил целесообразность широкого использования такого методического приема, как моделирование соревновательной деятельности в условиях тренировки. В основе разработки моделей тренировочных занятий лежат сведения о закономерностях взаимодействия различных тренировочных упражнений в процессе занятия, особенностях протекания процессов утомления и восстановления, поддержания высокого уровня работоспособности и заданных количественных характеристик нагрузки. Модели отдельных упражнений и их комплексов долж-

ны строиться на основе учета механизмов срочной адаптации, а также оптимальной тренировочной нагрузки: количества выполнения упражнений и их серий, длительности выполнения упражнений и их серий, интенсивности выполнения упражнений, продолжительности и характера отдыха между упражнениями и их сериями, а также координационной сложности упражнений.

Целью работы является определение наиболее допустимых тренировочных нагрузок различного объема, направленных на развитие специальной выносливости у футболистов.

Методы и организация исследования

В работе использовались такие методы исследования: анализ научно-методической литературы, хронометрирование, педагогическое тестирование, определение частоты сердечных сокращений (ЧСС), артериального давления (АД) и коэффициента выносливости (КВ) сердечно-сосудистой системы (ССС). Все полученные результаты обработаны с помощью методов вариационной статистики с использованием персонального компьютера. Обследование футболистов проводилось до начала тренировочного занятия и сразу же после его окончания. Для каждого из исследуемых показателей было рассчитано среднее значение (x), среднее квадратическое отклонение (y), ошибка средней (mx). Для оценки достоверности различий между изучаемыми одноименными признаками вычислялся t-критерий Стьюдента. Предельно допустимым уровнем достоверности мы считали p_o=0,05, который вполне обеспечивает необходимую точность при педагогических и биологических исследованиях [4].

Исследования были проведены на футболистах команды Kaspi bank, участвующей в чемпионате Республике Казахстан среди команд второй лиги.

Результаты исследования. В качестве тренировочных нагрузок малого объема (40%) с различной длительностью серий игровых упражнений (4, 6 и 8 мин), направленных на развитие специальной выносливости у квалифицированных футболистов, послужило выполнение четырех серий специальных индивидуальных, групповых и командных упражнений, выполняемых с субмаксимальной интенсивностью при средней координационной сложности.

Выполнение тренировочной нагрузки с длительностью серии упражнений, равной 4 мин, не вызвало отрицательной динамики показателей исследуемых функций. Функциональное состояние или оптимизировалось (по части показателей) или не выходило за пределы исходного уровня. Тренировочная нагрузка с длительностью серии упражнений, равной 6 мин, по большинству показателей исследуемых функций не вызвала достоверных различий. Нагрузка с длительностью серий упражнений, равной 8 мин, вызвала незначительное снижение уровня функционального состояния организма футболистов.

Количественные характеристики тренировочной нагрузки, направленной на развитие специальной выносливости футболистов 19 и более лет

№ п/п	Компоненты тренировочной нагрузки	Объем тренировочной нагрузки, %								
		40	70	100	40	70	100	40	70	100
1	Количество серий упражнений, n	4	6	8	4	6	8	4	6	8
2	Длительность серии упражнений, мин	4	4	4	6	6	6	8	8	8
3	Интенсивность выполнения упражнений	субмакс.	субмакс.	субмакс.	субмакс.	субмакс.	субмакс.	субмакс.	субмакс.	субмакс.
4	Пауза отдыха между сериями, мин	1,0-1,5	1,0-1,5	1,0-1,5	1,0-1,5	1,0-1,5	1,0-1,5	1,0-1,5	1,0-1,5	1,0-1,5
5	Координационная сложность упражнений	средняя	средняя	средняя	Средняя	средняя	средняя	средняя	средняя	средняя

В качестве тренировочной нагрузки среднего объема (70%) с различной длительностью серий упражнений (4, 6 и 8 мин) послужило выполнение шести серий упражнений.

Выполнение тренировочной нагрузки с длительностью серии упражнений, равной 4 мин, не вызвало каких-либо значительных изменений функционального состояния. Тренировочная нагрузка с длительностью серий упражнений, равной 6 мин, вызвало снижение уровня функционального состояния по большинству показателей. Нагрузка с длительностью серии упражнений, равной 8 мин, вызвала более значительные изменения, снижающие функциональное состояние по сравнению с предыдущей тренировочной нагрузкой.

В качестве тренировочной нагрузки большого объема (100%) с различной длительностью серий упражнений (4, 6 и 8 мин) послужило выполнение восьми серий упражнений.

Выполнение тренировочной нагрузки с длительностью серии упражнений, равной 4 мин, вызвало значительные отрицательные сдвиги в показателях функционального состояния. Тренировочная нагрузка с длительностью серии упражнений, равной 6 мин, также обеспечила отрицательную динамику исследуемых функций. Нагрузка с длительностью серий упражнений, равной 8 мин, вызвала дальнейшее снижение уровня функционального состояния организма по всем показателям.

Проведённое исследование позволяет сделать следующие выводы:

1. Увеличение длительности игровой серии упражнений с 4 до 6 и 8 мин при одинаковом объеме нагрузки вызывает различные приспособительные реакции организма:

а) выполнение нагрузок малого объема при длительности игровой серии, равной 4 мин, вызывает или оптимизацию функционального состояния по ряду показателей, или некоторую стабильность в работе функций. Отрицательных реакций не наблюдается. Увеличение длительности выполнения серии до 6 мин сопровождается уменьшением количества положительных реакций, что свидетельствует о приближении утомления. Дальнейшее увеличение длительности серии до 8 мин вызывает появление утомления, так как снижаются почти все показатели исследуемых функциональных систем.

б) выполнение нагрузок среднего объема, при длительности серии упражнений, равной 4 мин, не вызывает каких-либо значительных и достоверных изменений функционального состояния. Увеличение длительности серии упражнений до 6 мин вызывает утомление, выраженное в снижении уровня скоростных и скоростно-силовых качеств, а также в незначительных, но достоверных нарушениях координации движений. Дальнейшее увеличение длительности серии до 8 мин вызывает появление значительного утомления, выраженного в снижении показателей всех исследуемых систем.

в) выполнение нагрузок большого объема независимо от длительности серии упражнений вызывает только отрицательные сдвиги, снижающие уровень функционального состояния организма футболистов.

2. Увеличение объема тренировочной нагрузки с 40 до 70 и 100% при одинаковой длительности серий игровых упражнений также вызывает различные ответные реакции организма:

а) при длительности игровой серии, равной 4 мин, по мере увеличения объема нагрузки происходит постепенное снижение уровня функционального состояния. Нагрузки большого объема обеспечивают состояние полного утомления по всем показателям исследуемых систем;

б) при длительности игровой серии, равной 6 мин, также наблюдается постепенное нарастание утомления, и только нагрузки малого объема не вызывают отрицательных сдвигов.

в) при длительности игровой серии, равной 8 мин, только нагрузки малого объема вызывают незначительное утомление по всем показателям. Нагрузки среднего и большого объемов вызывают большое утомление, резко снижая уровни функционального состояния организма футболистов.

3. При подготовке квалифицированных футболистов можно рекомендовать использовать в тренировочном процессе нагрузки малого объема с различной продолжительностью серий игровых упражнений, нагрузки среднего объема с продолжительностью серий игровых упражнений, равной 4 и 6 мин, направленные на развитие специальной выносливости.

4. Тренировочные нагрузки большого объема с различной продолжительностью серий упражнений, а также нагрузки среднего объема с длительностью серий упражнений, равной 8 мин, спо-

собны вызывать значительные сдвиги в функциональном состоянии и приводят к большому утомлению, что необходимо учитывать при планировании тренировочного процесса.

5. Тренировочные нагрузки, направленные на развитие специальной выносливости, в своем большинстве вызывают снижение уровня скоростных и скоростно-силовых качеств, а также координационных способностей.

1. Алешина М.С. Структура тренировочных нагрузок в годичном цикле для развития и поддержания специальной выносливости у юных лыжников-гонщиков: Автореф. канд. дис. – Тула, 1995. – 28 с.

2. Верхошанский Ю.В. Программирование и организация тренировочного процесса. – М.: ФиС, 1985. – 176 с.

3. Дзагания Д.Г. Этапы базовой подготовки и начальная спортивная специализация юных гандболистов: Автореф. канд. дис. – Киев, 1986. – 24 с.

4. Корягин В.М. Исследование соревновательных и тренировочных нагрузок, применяемых в процессе подготовки баскетболистов высокой квалификации: Автореф. канд. дис. – М., 1973. – 30 с.

5. Мелленберг Г.В. Специфика тренировочного моделирования соревновательной деятельности в видах спорта, требующих предельного проявления выносливости: Автореф. докт. дис. – М., 1993. – 47 с.

6. Платонов В.Н. Подготовка квалифицированных спортсменов. – М.: ФиС, 1986. – 286 с.

7. Славик Н.И. Управление тренировочными нагрузками в соревновательном периоде с учетом функционального состояния гимнастов: Автореф. канд. дис. – Киев, 1989. – 24 с.

8. Тюленьков С.Ю. Теоретико-методологические аспекты управления подготовкой высококвалифицированных футболистов: Автореф. докт. дис. – М., 1996. – 44 с.

Түйін

Мақалада әуесқой футболшылардың үстеме жаттығу жүктемесімен аркайсысы төзімділікті дамыту мәселелерін қарастырады.

Summary

In article is considered question of the development to special endurance beside soccer player of the amateur commands with use the possible burn-in loads.

ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ СПОРТ МАМАНДАРЫН КӘСІБИ ДАЯРЛАУДАҒЫ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР

Ж.Ж. Сугуров – *Абай атындағы ҚазҰПУ*

Дене мәдениеті және спорт маманының кәсіби дайындығы, одан ілімдік білімі мен дағдысын үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді. Елімізде және шет елдерде дене мәдениетінен шыққан алдыңғы қатарлы, алға ілгерілеуші білімді, ой-сананы білмей, уақытпен бірге жүру мүмкін емес. Қазіргі заманғы ғылым мен тәрбие мағлұматының зор ағымында адамның өзіне қажетті, алға ілгерілеуші, жаңалықты табуы, әсіресе шет тілін білмеуі қиын. Сондықтан, дене мәдениеті және спорт саласындағы ілім мен тәжірибедегі жаңа әлемдік жетістіктерді өзінің тікелей қатысып, жылдам танысуы үшін, мамандардың кем дегенде бір негізгі (ағылшын, француз, неміс, араб, қытай және т.б.) шет тілін білгені абзал [1, 2, 3].

Дене мәдениеті және спорт маманы – бұл ең алдымен педагог-тәрбиеші. Бірақ, дене мәдениеті әртүрлі саланы қамти алатын жағдайы болғандықтан, дене мәдениеті және спорт кәсібі қызметкерінің мамандық бойынша бағыттарының ауқымы кең болмайды.

Дене мәдениеті саласында қандай мамандықтарды бөліп шығаруға болады?

Бұл ең алдымен педагогикалық мамандықтар тобы; орта оқу орнындағы (мектеп, колледж, лицей) дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері, жоғары оқу орнындағы дене тәрбиесі пәнінің оқытушысы, дене мәдениеті және спорт мамандарын дайындайтын, жоғары оқу орындарының спорттық педагогикалық немесе ілімдік пәндерден сабақ беретін оқытушысы, қарулы күштер саласындағы дене шынықтыру дайындығы маманы. Осы мамандықтар өкілдерінің барлығының көптеген ортақ мүдделері бар, өйткені олар дене тәрбиесін ұйымдастыру түрлерімен, оқу және жаттығу сабақтарымен, оқу орындары көлеміндегі ерекше тәрбие процесінде жұмыс атқарады.

Дене мәдениеті саласы маманының бұдан да ауқымы тар, жіңішке мамандығы болуы мүмкін.

Ол, мысалыға, мектептегі бастауыш немесе жоғары сынып мұғалімі. Сонымен бірге, педагогтың негізгі қызметі бала-бақша тәрбиешісі болып, дене шынықтыру сабағын жүргізуі мүмкін.

Басқа көбірек таралған мамандық – бұл спорт түрлері бойынша жаттықтырушы. Жаттықтырушы құрамы, жас ерекшелігі мен дайындық дәрежесіне қарай шұғылданушылардың әртүрлі контингентімен жұмыс істейді (мектептегі, балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіндегі, мектеп-интернаттағы, өндіріс жұмыстарындағы, ерікті спорт қоғамдарындағы жаттықтырушылар) және т.б.

Жаттықтырушылық жұмыстың мұғалім, оқытушы жұмыстарымен жалпы көп ұқсастығы болады, сонымен бірге, өзінін айрықша ерекшеліктеріне ие. Жаттықтырушы мамандығының ерекшелігі әртүрлі жағдайларға байланысты болады, оған шұғылданушылардың жас ерекшелігі, спорттың түрі, оқу-жаттығу процесін жүзеге асыратын ұжым және т.б. жатады.

Келесі мамандық – бұл өндіріс ұжымдарындағы дене мәдениеті және спорт нұсқаушысы. Олардың негізгі қызметі көбінесе дене шынықтыру-спорттық шараларды ұйымдастыру аясында болады.

Дене мәдениеті және спортқа басшылық етушілер – бұл аудандық, калалық, облыстық және Республикалық спорт бөлімі мен департамент қызметкерлері. Бұл қызметкерлердің, ереже бойынша, арнайы жоғары білімі, жаттықтырушылық, оқытушылық, нұсқаушылық жұмыстардан бай тәжірибесі бар болуы керек. Бұл мамандық иелерінің қызметі негізінде, басқарушылық, әкімшілік-орындаушылық, ұйымдастырушылық жұмыстар түрінде болады.

Сол сияқты, бұқаралық денешынықтыру сауықтыру жұмыстары мен туризмді ұйымдастыру оқытушылары, сауықтыру гимнастикасының нұсқаушысы, өндірістік гимнастика нұсқаушысы және т.б. қызметтерді атқарады.

Әрине жоғарыда аталған мамандықтардың өздерінің айрықша ерекшеліктері бар, оның барлығы да терең білімді қажет етеді. Мектептегі дене шынықтыру пәні мұғалімінің, баланың, жеткіншектің тұлғалығын қалыптастыруда, келешек өміріне, денсаулығының мықты іргетасын қалаудағы еңбегі орасан зор. Бірақ, дене мәдениеті және спорт маманы қай жерде жұмыс істесе де ол, оқытып үйрету және тәрбие процесімен жұмыс істейді. Сондықтан, оқытушы тұлғалылығының тәрбиеге әсері болуы мүмкін. Сол әсердің мәні мамандардың дайындық дәрежесін, білім мен жеке сапаларының деңгейіне байланысты болады [4].

Дене мәдениеті және спорт маманының кәсіби кызметіне келетін болсақ дене мәдениеті және спорт маманының кәсіби еңбегінің ерекшеліктері жалпыпедагогтікі сияқты, қызметі жастарды тәрбиелеумен байланысты болып табылады, яғни ол қоғамды өскелең өмір талабы негізінде құрудағы күрестің ең маңызды бір бөлігі.

Жастардың жүрегіне жол тауып, жақындап, олардың мәңгі өзгермелі, қарама-қайшылығы мол жан дүниесіне ене білуі, жас ерекшеліктерін, өскелең жас ұрпақтың өзгешелік жолдарын түсіндіріп үйретуі керек. Жастармен жұмыс істегенде, олардың арманға берілу, сезімдік, елгезектік, сенушілік, қайырымды және көтеріңкі көңілдегі әрекеттермен игі істерге ұмтылу сияқты әлеуметтік-психологиялық сапалары мен қызметтерін ескеріп, жетілдіру қажет. Сонымен бірге, ақылшы-ұстаз, педагог жастардың саяси белсенділігін, қоғамдық жұмыстарға белсене араласуға ықыласын қалыптастырады және дамытады.

Дене тәрбиесі саласы жалпы педагогикалық мұрат мақсаттарды, жеке тұлғаны үйлесімді дамытуды, денсаулығы жақсы және өмір сүруге бейімділікті қалыптастыруды шешеді. Онда, Отансүйгіш, адал, қайырымды, кеңпейіл және ержүрек, өз әлсіздігін өзі жеңе білетін, жігерлі адамдарды тәрбиелейді. Дене тәрбиесі педагогі өзінің қызметінде жастарды дене мәдениеті және спортпен шұғылдануға тартудың түрлі себептері мен жолдарын дұрыс түсінуі және ескеруі керек. Онда, адамның жеке өзінің басынан бастап әлеуметтік-қоғамдық деңгейге дейінгі жолдары мен себептері негізге алынады, олар мыналар: жағымды болуға ықыластану, белсенді әрекет жасауға қажеттілік; жаттықтырушының көңілін тауып, сеніміне ие болу, қозғалыс-қимыл әрекеттеріндегі өзінің мүмкіндіктерін кеңейту: қарқынды сезімділік қызметі ретінде спортқа деген қарапайым сүйіспеншілік; материалдық әл ауқатын көтеруге мүмкіндік алу немесе басқаларға өзін көрсету; сұлу дене бітімін қалыптастыру, күшті болу және т.б.

Дене тәрбиесі маманы өзінің күнделікті кызметінде көптеген өте қиын психологиялық, қоғамдық жоспардағы жұмыстарға кездеседі және ол оған дербес, қысқа уақыт ішінде дұрыс педагоги-

калық шешімді табуы тиіс. Оқытушы өзінің шығармашылық жұмысы барысында қандай жағдайларға тап боларын алдын-ала білмейді және оны ешкім айта алмайды. Сондықтан, тек терең ілімдік білім мен практикалық бай тәжірибе ғана педагогты қиын жағдайлардан алып шыға алады.

Қазақстан Республикасының ата заңында дене мәдениетінің, жастарға тәрбие беруде орасан зор рөлі мен мемлекеттік маңызы бар екені атап көрсетілген. Ал екінші, жағынан мектептерде, лицейлерде, колледждерде, жоғары оқу орындарында дене тәрбиесі сабағын жетекші пән ретінде есептемейді және оған жеткілікті дәрежеде көңіл аударылмайды.

Дене тәрбиесі сабақтарын оқушылармен әсерлі сезіммен және жоғары дәрежедегі қимыл-қозғалыстық деңгейінде өткізу, оларды басқаруға, ұйымдастыруға және тәрбиелеуге қарағанда әлде қайда қиынға соғады. Оқытушы оқушылармен бірлесе отырып, жалпы педагогикалық қиындықтарды ғана емес, сонымен бірге, қарапайымнан күрделіге, белгіліден-белгісізге, даңқтылықтан даңқсыздыққа дейінгі жолдардағы ерекше, күрделі проблемаларды шешуден өтеді. Мысалы, оқушыны (студентті) ұялшақ мінезінен арылтуды үйрету қажет дейік. Адамның ілімдік пәннен тапсырманы орындамағанында, ол көрінбейді. Ал, оның спорттық жаттығуды орындай алмағаны немесе икемсіз орындағаны барлығына көрінеді.

Көптеген қозғалыс-қимылдар, жаттығулар батылдылықты қажет етеді (гимнастикада, хоккейде, бокста, суға секіруде және т.б.). Педагог тәрбиеленушісіне өз күшіне сенбеушілікпен күресуге, жағымсыз, кертартпа сезімдерге төзуге (бокс, күрес, хоккей және т.б.) көмек береді.

Дене тәрбиесі пәні оқытушысы, оқушыларға жеке адамның материалдық негізін қалайды, өз еңбегімен олардың ой-өрісінің дамуына және өнегелі тәрбие алуына мүмкіндіктер жасайды.

Дене тәрбиесі маманы өзінің күнделікті жұмыстарында адамның көрінбейтін шексіз жоғарғы мүмкіндіктерін алдын-ала таба білу қабілеттерімен үнемі кездесіп тұрады. Адамның аффект (ашуланғандағы) жағдайларында оның қимылында ғажайып күш пен жылдамдықтың байқалатыны белгілі. Ал, балалардың кейбір қатты аурулары кезінде (сіңір тартылу, түйілу, құрысуда) үлкен адамнын өзі ұстап тура алмайтын күш пайда болады.

Бұндай күштер қайдан пайда болады? Шамасы, ішкі қуат қорлары мен басы артық күштерден болар. Белгілі орыс физиологы Н.Е. Введинский (1852-1922 ж.) "Әрбір жас ағзада қалыпты жағдайлардың өзінде аса көп күш, жігер мен талап қорлары болады. Сол қарапайым күш жігер мен талаптың бөлшегі ғана адамның өмірінде жүзеге асырылады және пайдаланылады, ал көпшілігінде азғантай бөлігі жұмсалады. Ал, сол біздің ағзамыздағы мол күш қорын мүмкіндігінше толық қалай пайдаланамыз деген маңызы зор мәселе туады," – деп жазды.

Ал, басқа орыс физиологы И.П. Павлов адамның ерте ме, кеш пе әйтеуір бір өзінің ішкі қорларды пайдалану жолдарын табатынына сенімді екенін айтты.

Осы көкейкесті мәселенің шешімін табу, дене тәрбиесінің мектептегі мұғалімнен бастап, белгілі жаттықтырушыға дейінгі мамандарынын алға қойған күрделі де, маңызды мақсаттарының бірі.

Дене шынықтыру жаттығуларының нәтижесінде адам ағзасы, үнемі өзгереді және күрделі қызмет жағдайына бейімделудің айқын түрін көрсетеді. Осы бейімделу әсерлері кезінде ағзадағы ішкі қорлары біртіндеп ашыла бастайды.

Адам ағзасының дамуында кейбір өзгерістер болады. Бұл өзгерістердің себебі, әлеуметтік жағдайлардан, қызметінің ерекшеліктерінен, тамақтанудан және т.б. болады. Мысалы, біздің елімізде соңғы 15-20 жылда 12-15 жастардағы жасөспірімдердің бойлары орта есеппен 12 см өскені белгілі. Ал, бірақ осы уақытта қазіргі өмір сүріп отырған адамдардың өзінің анатомиялық құрылысы және физиологиялық, биохимиялык процестерінің мәнділігінің, айталық Ертедүниедегі Египеттің немесе Элладаның адамдарынан қаншалықты айырмашылығы бар екенін айту қиын. Сөйтсе де, бұл өзгерістер өлшемі соңғы 100 жыл ішіндегі тіркелген спорттық жарыстарды өткізу кезінде дене шынықтыру дайындығы сапасының (күш, жылдамдық, шыдамдық, иілгіштік, қозғалыс үйлесімділігі) абсолютті көрсеткіштері өлшемінен өзгешілігі шамалы екенін нық айтуға болады.

Педагогқа адам ағзасындағы ішкі қырларды ашуға көмек беретін міндетті шарттың бірі ол, шұғылданушыға үнемі жоғары талап қойып отыру болып табылады. Адам тек қана әртүрлі қиындықтарды жеңіп шығу процесінде ғана дамиды, ал адамның жеке тұлғалық сапасы тек қана белсенді қимыл-қозғалыста ғана байқалады. Бұл үшін дене тәрбиесінде көбінесе жеңімпаздың күштен, ептіліктен, жылдамдылықтан басымдылығын анықтау жолдары ретінде адамның еңбекке және әскери міндетін орындауға дайындық дәрежесін тексеру үшін жарыстар кең түрде пайдаланылады.

Оқытушы дене дамуы процесін бақылау кезінде әртүрлі нормативтерді, ережелерді және тесттерді кең түрде қолданады. Нормативті бағалар мен көрсеткіштерді дене шынықтыру жаттығуларымен шұғылданушылардың белгілі бір көпшіліктің қол жеткізген нәтижерлерінің корытындысы негізінде белгілейді, ал спорттағы нақтылы нәтижені тіркеу әрбір спортшы мен дене шынықтырушының қол жеткізген табыстарына талдау жасауға мүмкіндік береді, бірақ, сонда да адамның мүмкіндіктерін ашпайды.

Дене мәдениеті мен спорт адамдардың дене дайындығы сапасы мен қабілеттілігін ғана емес, сонымен бірге қоғамның және жеке бастың мүдделерінің қалыптасуына, мінез-құлқы мен дүниетанымының жан-жақты дамуына әсерін тигізіп отырады.

Бірақ, спортта да қарама-кайшылықтар болады – ол адамның игілікті келбет кескінін қалыптастырумен бірге, жағымсыз адамның пайда болуына ықпал етеді, ол міндет пен борышты, жауапкершілікті сезінуді қалыптастырып тәрбиелейді, ол сонымен бірге, адамды таңқалдыратын мансапқор, өзімшіл, пасықтарды өмірге келтіреді. Спортшының атаққұмарлығы оны даңқтылықтың шыңына жетелеп, оның адамгершілік қайрат-жігерінің жақсы қасиеттерін көрсетуге мүмкіндіктер туғызады, не болмаса адамдық тұлғаны бұзады, оны барынша төменгі дәрежесіне дейін жеткізеді. Негізінде спорт – бұл күрес пен жеңіс қуанышына толы өмір, адамның адамгершілігін, абырой-намысын елге паш ету, өнегелілік пен күштің сұлулығын, көркемдігін іс жүзінде көрсету. Мұның барлығы тәрбиенің күрделі мәселелері, күнделікті кездесіп отыратын дене мәдениеті маманының белгілі бір қызметіндегі қиындықтарының күрделілігін айқындайды. Үлкен жетістіктерге жету мақсатында ұстаз-педагог өзінің оқушысына жақсы нәтижелер көрсетуге, рекордтар жасауға көмек берумен қатар, спорттық қызмет пен іс-әрекеттеріне, жүйелі еңбекке сүйіспеншілігін арттыру, спортшылардың адамгершілік, қажырлылық қасиеттерін дамытып, нығайтып отырады.

Педагог тәрбиеленушілермен жаттықтыру сабақтарын бастаған кездерден-ақ, өзінің шәкірттерінің денесі мен психологиялық саулығын нығайтуға жағдай жасауы керек. Ол оларды өз кезегімен өмірге, еңбекке, қиыншылықты жеңе білуге және көбінесе шәкірттерінің ішіндегі қабілеттілерінің үлкен спорттық аренаға және жоғарғы деңгейдегі жарыстарға шыққанда өздерінен ерекше ұйымшылдықты, естің саралығын, ақыл-ойдың парасаттылығын, ішкі сезімнің байсалдылығын талап етуді дайындайды.

1. Абдиллаев А.К., Мухамеджанов Б.Қ. Олимпиадалық білім. – Кентау, 2008.

2. Алимханов Е. «Балуанның дене-күш қабілетін арттыру». – Алматы, 2004.

3. Мұхамеджанова Ұ.Ж. Дене шынықтыру пәнін оқыту әдістемесі: оқу құралы / Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. – Астана: Фолиант, 2008.

4. Уақбаев Е. «Дене тәрбиесінің негіздері». – Алматы, 2000.

Резюме

Особенности профессионального труда специалиста по физической культуре, как у педагога, его функций заключается в воспитаний молодежа, то есть оно является важным элементом в формировании общество по требованием жизни.

Summary

The pecularities of professional work of specialists on physical training as a teachers, functions conclude in bringing up the youth, i.e. it is important elements in forming the broad public demands of life.

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Н.Төлегенұлы – *педагогика және психология магистрі,*
сауықтандыру дене мәдениеті кафедрасы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Жалпы мемлекеттік білім жүйесінде және оның ішіндегі дене тәрбиесі білімінде, осы жүйенің бір бөлігі ретінде, өмірдегі және біздің қоғамдағы басқа да салаларда кездесетін мәселелер орын алады.

Біздің көзқарасымыз бойынша республикадағы дене тәрбиесі білімі жүйесіндегі ең негізгі кемшілік, жоғарғы оқу орны мамандар дайындайтын «Дене шынықтыру және спорт» саласының мәселелері ретінде емес, осы жүйенің өзіндік жетілуі, яғни жоғарғы мектептің ішкі мәселелері ретінде қаралуы болып табылады.

Соңғы жылдарда және қазіргі кезде дене шынықтыру және спорт саласындағы болып жатқан өзгерістер дене тәрбиесі білім жүйесінде іс жүзінде еш қарастырылған емес.

Дене шынықтырудың еліміздегі халықтың денсаулығын нығайту және түрлі аурулардың алдын алу, еңбек өнімдерін жоғарылатуы және дұрыс демалуды ұйымдастыру, адамдардың ұзақ өмір сүруін және шығармашылық белсенділігін арттырудағы атқаратын орнын білім жүйесі өте аз ескереді.

Сонымен қатар дене тәрбиесі білім жүйесі қазіргі замандағы жоғарғы көрсеткіштер спортындағы көп түрлі үрдістердің ерекшеліктеріне көңіл бөлмей келеді. Қазіргі замандағы жоғарғы көрсеткіштер спорты саясатта, экономикада, идеологияда өте маңызды факторлар болып табылады.

Міне бірнеше мысал, салмақты ұстанымды қарама-қайшылық пен істің шынай қалпын көрсететін бұқаралық (сауықтандыру) дене шынықтыру және жоғары көрсеткіштер спортты бір жағында және республикадағы дене тәрбиесі білімі жүйесі басқа жағында.

Бүгінгі күнде көзге көрініп тұрғанды аса дәлелдеудің қажеті жоқ: біздің республикада бұқаралық дене шынықтырудың барлық жұмысын Президенттік (ПТ) кешеніне бағыттамау керек, ғылыми негізделген ұйғарымдарды балалар, жасөспірімдер және жастардың сапалы, қолайлы дамуына және үлкен жастағы адамдардың шығармашылық белсенділігін арттыру қимыл-қозғалыстың басқа да құралдарын қолдану арқылы ғылыми негізделген ұйғарылуларды құрастыру қажет.

Дене тәрбие жүйесі функционалдық қорды кеңейтуді және ағзадағы жүйелерді және мүшелерді нығайтуды қамтамасыз етуі қажет, әр жастағы ең жанды, әлсіз жерін: мысалы балаларды және жасөспірімдерде-омыртқа, нервтік-психикалық орталығын, зат алмасу жүйесін; орта жаста-жүрек тамыр жүйесі және т.с.с.

Сонымен қатар дене тәрбиесі қазіргі кездегі адамзаттың запа шегіп отырған нақты аурулардың алдын алу және емдеуі қажет және оларға қарсы ұйымдастырылған қимылдау белсенділігі (дұрыс тамақтану, шыныңу, қатерлі әдеттерден бас тарту, әсіресе темекі шегуден және де басқа да қауіпті факторлардан бас тарту) дәстүрлі медицинаның мүмкіндігінен көп есе асып түсетін жалғыз тиімді құрал болып табылады. Бұл әсіресе жүрек-тамырларының, нервтік-психикалық және басқа қатерлі ауруларға қатысты.

Елдегі дене тәрбиесі жүйесі, бүгінгі күнде қимылдау белсенділігінің қандайда бір құралдарына, халықтың қызығушылығын елемеуі мүмкін емес. Адамдардың әсіресе жастардың тенниспен, бадминтонмен, сауықтандыру жүгіруімен және жүзумен, ырғақты гимнастикамен шұғылданғысы келетіндерін және мектеп, жоғарғы оқу орындарының дене тәрбиесі бағдарламасының ПТ кешенінің мазмұнын құрайтын қимылдау белсенділігінің көптеген құралдарына ешқандай көңіл бөлмейтінін көрмеу мүмкін емес.

Бірақ осы білімдерді қажетті мөлшерде және дене шынықтыру факультеттеріне арналған қазіргі күннің талаптарына сәйкес мазмұнды оқу бағдарламаларын біз таппаймыз. Ал бұл тек қана білім мәселелерін туғызбайды, сонымен бірге ең бірінші әр түрлі оқу мекемелеріне (мектеп, колледждер, институттар және т.б.) арналған ескірген оқу бағдарламаларда көрінетін практиканың сұраныстарының мәселелерін туғызады.

Біздің елде көптеген он жылдықтар бойы ЕҚД (ГТО) кешені кең тараған еді және дене шынықтыру жүйесінің денсаулықты сақтау, білім және тәрбиелеудегі шынайы міндеттерден аулақ болды және оның адамдардың тұрмысына, өміріне бұқаралық енгізілгендігі туралы шу көтерді.

Көптеген дамыған елдерде (Канада, Швеция, АҚШ, Жапония және т.б,) қимылдау белсенділігінің және сауықтандырудың күшті және қажетті шарттары аурудың алдын алу (кейбір жағдайларда оларды емдеуде) дем алуды ұйымдастыру, салауатты өмір сүруді кең тарту, дұрыс тамақтанудың күн тәртібі және т.с.с. Осы елдердегі өмір сүрудің орта жасын үлкейтуде, сонымен қатар әр түрлі жастағы топтарда аурулардың төмендеуіне неше түрлі формаларын және құралдарын жүзеге асыруда әсерлі жетістіктерге жеткен болатын.

Дене тәрбиелеу жүйесі халықты медициналық қамтамасыздандырудың дәрежесінің төмендігімен байланыстырғанда және сонымен қатар экономикалық және әлеуметтік тәртіптегі адамның денсаулығына кері әсер ететін шарттар біздің республикамыздағы халықтың денсаулығының нашарлауына әкелді.

Мектепке дейінгі жастағы, мектеп жасындағы, студент жастардың және басқа топтардың халықтың денсаулығы өте нашар жағдайда.

Тек қана жүрек-тамыр, жүйке-психикалық аурулар ғана емес, сонымен бірге басқа қатерлі аурулар (туберкулез, әр түрлі жұқпалы аурулар, суық тию, иммунитеттің төмендеуіне байланысты аурулар) кең тарап келеді.

Жоғары жетістіктер спортындағы жағдай бұқаралық дене шынықтыру жағдайынан күрделірек болып отыр.

Келесі олимпиада ойындарында бір жақты бағытталған. Жалпы командалық жеттістікке жету (жеңіп алған медальдар бағасы, ресми емес сынақтағы ұпайлар, сонымен қатар еліміздегі жоғарғы жетістіктер спортын орталықтандыру кезінде), осы саладағы қызмет жүйесіндегі біздің білімізден де бір жақты болуына әкеліп соқты.

Бүгінгі күні ол қазіргі замандағы жоғарғы жетістіктер спортында болып жатқан үрдістің және құбылыстың әр түрлілігін көрсете алмайды.

Қазіргі кезде бүкіл әлемде жоғарғы жетістіктер спортын (дәнекерлікті дамыту, теледидардың көп көңіл бөлуі, пресса және т.с.с., кейбір спорт түрлерінің өте кең тарағандығымен байланысты) қарқынды кәсіптендіру және коммерцияландыру белгіленіп отыр. Біздің дене шынықтыру білімі жүйесінде қазіргі кездегі кәсіби спорт тәжірибесінде күрделі әрі әр қилы коммерциялық жоғары жетістіктер спортында және т.с.с. қатысты материалдар жоқ деп айтса да болады.

Одан бөлек, сол себептерге байланысты біз жиі артта қалушылардың қалпында қалып жүрміз, бұрын біздің елде болмаған (мысалы, бейсбол, фристайл және т.б.) спорт түрлерін жылдам дамыту қажет болғанда мәселелер пайда болады. Біздің спорттық ұйымдар (олимпиада бағдарламасына енгізгенде ғана асып-сасып дамытуды бастайды.

Жоғарыда және көптеген жеке себептерден нәтижесінде қазіргі кезде дене тәрбиесі білімі өзінің ұйымдастыру құрлымында жоғарғы оқу орнының түлектеріне мамандарға күнделікті жұмыста біріншіден кәсіби, әлеуметтік және басқа мәселелерді шешуге қажетті білім, білгірлік және дағдыларды бермейді.

Осының бәрін ескере отырып, біздің елдегі дене тәрбиесі білімі жүйесіндегі қайта құру осы жүйедегі барлық маңызды үрдістер мен құбылыстарды бұқаралық (сауықтандыру) дене шынықтыруда және жоғары көрсеткіштер спортында – білімдерін практика жүзінде жан-жақты және толық көрсетуі керек.

Білім жүйесі міндетті озық болу күн тәртібінде әрекет етуі қажет, бүгінгі талаптармен сұраныстарға ғана бағытталмай, сонымен бірге ертеңгі күннің талаптарымен сұраныстарына бағытталу керек.

Осы ұстанымдарды ескере отырып, қалыптасқан жағдайды талдап және дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлауда елдегі және әлемдегі тәжірибені ескере отырып, біздің жоғарғы оқу орнының қызметін барлық жағынан қайта құру кешенді бағдарламасын құрастыру.

Дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлаудағы жоғарғы оқу орнының белгіленген мамандық талаптарына жауап беретін басты міндеті болып табылады:

– мәдениетті, әлеуметті белсенді заматтарды тәрбиелеу;

– ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу;

– оқу үрдісімен тығыз байланыстағы дене шынықтыру және спорт саласындағы маңызды қолданбалы міндеттерді шешу;

– жоғары маманданған ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау;

– дене тәрбиесінде, дене шынықтыру және спортта т.б. практика жүзінде ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін қолдану.

Дене тәрбиесі білімінің өзекті мәселелерінің бірі «Дене шынықтыру және спорт» саласындағы болып жатқан мәселелерге болашақ мамандықтың ерекшеліктеріне, жоғарғы оқу орнының білім жүйесіне және т.с.с. білімгерлерді тез арада кірістіру тәжірибесінің жоқ екендігі болып табылады. Бірнеше жылдар қатарынан практикалық тәжірибені талдау өткізу кезінде және қажетті зерттеулер көрсеткені, кешегі мектеп оқушылары-бірінші курс білімгерлеріне жоғарғы оқу орнында оқуға және өмір жағдайларында бейімделу қиын болды, ал 3-ші курс және 4-ші курс білімгерлері, оқуды бітірушілер осы саладағы негізгі мәселелер туралы түсініктері өте саяз, өз бетінше дайындалу және ғылыми іздену әдістерін игермеген, алдағы жұмыстың ерекшеліктерін білмейді. Мұндай жағдайда жоғарғы оқу орнындағы барлық педагогикалық үрдіс көбінесе іске немғұрайлы қарау мінездеме алады. Осыны болдырмау үшін, білімгерлердің шұғыл бейімделу мәселесін шешуге тура келеді.

Жоғарғы оқу орнындағы оқу үрдісін қайта құра отырып, үгіт-насихат және түлектерді таңдау жүйесін жетілдіру қажет, жалпы және кәсіби дайындықты ескере отырып оларды оқытуға және тәрбиелеуге дифференциалды жақындауға тырысу керек.

Жоғарғы оқу орнында білімгерлердің оқитын пәндерін, біліктілігін интеграциялау мәселесін шешу, осы барлық біліктілігін практикалық қажеттілікке қосу қажет.

Бұл жерде мынаны ойлану керек, жоғарғы оқу орнындағы білімгерлер пәндерді «өтіп» және «тапсырып» қана қоймай, сонымен бірге алған біліктілікті кәсіби қызметте практика жүзінде қолданатындай қарастыруға, оқытуға тырысу керек.

Басқа сөзбен айтқанда жоғарғы оқу орнында анатомия, физиология немесе биохимия пәндерін оқып қана қоймай, осы біліктілікті адам ағзасындағы қызметте, оның жүйелерін және мүшелерін спорт түрлерінде екпінді жұмыс жасау кезінде, сауықтандыру сабағында дене шынықтыру жаттығуларын жасау кезінде қолданатындай түсіндіру қажет.

Көп жылдар бойы жоғарғы оқу орнының ғылыми жүйесі (біздің, және басқа салаларда) іргелі біліктілікті дамытуға және қолданбалы міндеттерді шешуге бағытталған болатын.

Әсіресе бұл әр түрлі ірі жарыстарға құрама команда дайындаудың ғылыми-практикалық негізін құрастыруда көрінеді, сәйкес кешенді ғылыми топтардың қызметін негіздеу және ұйымдастыруда, сонымен бірге монография, мақала шығаруда, конференцияларға қатысуда, маман-практиканттарға ғылыми көмек көрсетуде іске асырылады.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын белсендіру мен жетілдірудің негізгі қоры біз дене шынықтыру және спорт саласында білімгерлер арқылы әсер ету керек деп санаймыз, оларды бізге тек оқытып, біліктілік беріп қана қоймай, сонымен бірге дене шынықтыру және спорттың болашақ мамандарын үнемі жаңалық ашуға, ізденіс жүргізу қажеттілігіне, жаңа көкжиектерді ашуға тәрбиелеу қажет.

1. Правовые регулирование физической культуры и спорта в Республики Казахстан. – Астана: «Данекер», 2002.

2. Массовая физическая культура в ВУЗе (учебное пособие). Под редакцией Маслякова В.А., Матякова В.С. – М.: «Высшая школа», 1991.

3. Пономарев Н.И. Физическая культура как элемент культуры общества и человека. – Алматы: «Мерей», 1996.

4. Физическая культура студента. Под редакцией Ильинича В.П. – М.: Гардарики, 2001.

Резюме

В данной статье представлены результаты теоретических исследований по проблемам физического воспитания студенческой молодежи.

Summary

In given article it is presented results theoretical research on problems physical education of student's youth.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЕРІК САПАЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Б.Б. Атабекова – *педагогика психология магистры, оқытушы, Абай атындағы Қаз ҰПУ*

Қазіргі таңда жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру мемлекеттің алдында тұрған ең басты міндеттердің бірі. Еңбек өнімінің өсуі, білім беру мен денсаулық сақтау жүйесін жақсарту, осылардың барлығы адамға қатысты мәселелерді ғылыми зерттеуді талап етеді. Өмір сүру барысында дамыған тұлғаның ерекшеліктері, меңгерген білімінің көлемі мен сипаты, қызығушылығы, ерік сапаларының ерекшеліктері, адамгершілік қасиеттері, осылардың барлығы адамның белгілі бір жағдайға еркін жауап қайтаруына, оның жағымсыз психикалық факторларға бейімделуіне белсенді және мақсатты түрде әсер етеді. Студент тұлғасының ерік процестерін теориялық және экспериментальді зерттеу студенттің оқуда, еңбекте, қоғамдық өмірде белсенділігін дамыту жолдарын ашуға мүмкіндік береді. Біздің қоғамның болашағы болашақ педагогтарды, психологтарды, өндіріс және ғылым басшыларын т.б. мамандарды тек қана сауаттылыққа ғана емес, сонымен қатар белсенділікке, алдына қойған міндеттерге қызығушылықпен қарауға тәрбиелеумен байланысты. Соның негізінде тұлғалық позициясы белсенді, өзінің күшіне сенімді, орындалатын іс әрекетке шығармашылықпен қарайтын тұлға қалыптасады. Әрине ерік процестері дұрыс қалыптаспаған студенттерде осындай сапалардың көрініс беруі қиындайды. Осыған байланысты студенттердің ерік процестерін қалыптастыру кешенді зерттеуді талап етеді.

К.Д. Ушинский студенттік кезеңнің адам үшін маңыздылығы мен жауапкершілігін көрсете келіп: «Біз адам өміріндегі 16 дан 22-23 жасқа дейінгі жасаралықты ең шешімді кезең деп есептейміз» деген. Сол себепті студенттік кезеңде субъект қасиеттерін меңгеру маңызды мәселе болып табылады.

Студенттер – бұл ерекше әлеуметтік категория, білімді және кәсіби біліктерді мақсатты түрде жүйелі меңгеретін және оқу еңбегімен айналысатын алдыңғы қатарлы топ. Студенттер субъективтік қасиеттерімен ерекшеленеді. Әлеуметтік-психологиялық аспектіде студенттер өзге топтардан жоғары білімдік деңгейімен, мәдениетті белсенді қолдануларымен, жетістікке жету және танымдық мотивацияларының жоғарылығымен ерекшеленеді.

Бүгінгі студент озық ақпараттық білгірлікті, қажетті іс-әрекеттік дағды-іскерлікті игеріп ғана қоймай, оларды танымдық әрекет нәтижесі ретінде дамытуы керек. Адамның сыртқы дүниесінің байлығы біріншіден, оның білімділігімен, дүниетанымымен, мұратымен, мақсатымен, өмірлік жоспарымен, қоғамдағы рухани өмірдің негізгі құндылықтарын орынды пайдалана білуімен байланысты. Адам өмірі үлкен мақсатқа бағытталған жағдайда ғана мазмұнды бола түседі. Осы мақсат адамды толыққанды, әдемі, үйлесімді етеді /1; 236-239/.

Ол біз адам бойынан жоғары бағалайтын шексіз энергияны, батылдықты, өз күшіне деген сенімділікті тудырады. Және осы мақсат адам өмірінен қаншалықты маңызды орын алса, ол соншалықты ерік сапаларын ынталандыра түседі.

Студенттердің жеткілікті, жақсы білім алуы көптеген факторларға байланысты. Оның ішінде маңызды орын алатындары: интеллект – ақыл-ой іс әрекетінің көрсеткіші ретінде, зейін-танымдық іс әрекеттің реттеуші қызметін атқарушы, эмоциялық-еріктік сфера – студенттердің іс әрекетін реттеуші ретінде қызмет атқарады.

Студент өз болашағын өзі жасаушы, өзінің алған білімін, ерік-жігері мен шығармашылық белсенділігін, эмоцияларын іс-әрекеттің белгілі бір түрін меңгеруге жұмылдырып, өмір ағысына икемделе білген, ертеңіне үмітпен, сеніммен қарайтын жеке тұлға. Өз бойындағы дарын мен қабілетті, мүмкіндік пен бейімділікті заман талабына сай қалыптастыру, оны дамыту, ұйымдастыру, өзін өмір бойы оқуға, ғылымға, еңбек етуге баулу, алған білімін үздіксіз жоғарлатып отыру студенттен жоғары деңгейлі ерік сапаларының болуын талап етеді /2; 56/.

Ерік – бұл сыртқы және ішкі қиындықтарды мақсатқабағытталған әрекеттер арқылы жоя білуде көрініс беретін адамның әрекеттерінің немесе іс әрекеттерінің саналы регуляциясы.

Тұлғаның ерік сапалары туралы жайлы теориялар бірнеше кезеңдерден тұрады. Ғалымдар Августин, И.Д. Скотт, А.Шопенгауер, Э.Гартман ерікті философиядағы идеалистік бағыт валюн-

таризммен байланыстырса, Б.Спиноза, У.Джеймс ерікті таңдау мен түрткілер арасындағы қайшылықтар мәселесі ретінде қарастырды.

Ал Г.И. Челпанов, Ф.Лерш, В.Е. Франкл ерікті қиындықтар мен кедергілерді жеңу механизмі ретінде қарастырса, Л.С. Выготский ерікті таңдау еркіндігімен байланыстырады, осы көзқараста М.В. Аллахвердиев, П.В. Симонов болған. Ерікті мотивациялық тұрғыдан Э.Мейман, С.Л. Рубинштейн, К.М. Гурьевич, Л.И. Божович, А.Н. Леонтьев, В.А. Иванников қарастырады. Сонымен қатар ерік мәселесі жайлы Қ.Жарықбаев, Ә.Алдамұратов, Сәбет Бап-Баба еңбектерінде жазылған ерік мәселесі жайлы көзқарастар, эксперименттер теория және практика үшін өте маңызды.

Ерік мәселесі, адам іс-әрекетінің ерікті және еріксіз реттелуі ұзақ уақыт бойы ғалымдарды ойландырып, әр түрлі пікірталастар тудыруда /5; 259/.

Ерік мәселесін зерттеу қиындығы ғылыми тұрғыдан және былайғы өмірде түрліше түсіндірілуде. Былайғы өмірде ерікті еркіндік ретінде, кейде адам тілегінің бір жағы ретінде, кейде мінез-құлық күшінің көрінуі ретінде қабылдаймыз. Осы көріністердің әр түрлілігіне байланысты, ғылыми тұрғыдан екі қарама-қарсы бағыт бар. Оның бірі сыртқы кедергілерге қарамастан, адамның әрекетін автоматтандырумен байланысты болса, екіншісі – детерминизмммен адам әрекетінің сыртқы шарттылығымен байланысты.

Ерік адам психикасының маңызды компоненті болып табылады, ол тұлғаның мотивациялық сферасымен, танымдық және эмоциялық процестерімен үздіксіз байланысты. Еріктің ең басты қызметі – мотивацияны күшейту және соның негізінде әрекеттің саналы реттелуін дамыту.

Еріктік әрекеттер іс-әрекет мақсатын, оның маңызын саналы түсінумен, өз импульстерін басшылыққа бағындырумен, қоршаған орта шындығын өз ойына сәйкес өзгерте білумен байланысты. Еріктің негізгі сипаттарының бірі оның күші /3; 120-121/.

Ерік күші-еріктік актілердің барлық кезеңдерінде, әсіресе еріктік әрекеттердің көмегімен жойылған қиындық және одан алынған нәтижеден жақсы көрініс береді. Ерік күші арқылы жойылған кедергілер оның объективті көрсеткіші болып табылады. Еріктік әрекеттердің кезеңдері тұлғаның келесідей сапаларына тәуелді: мақсатқабағыттылық, инициативтілік, өзбеттілік, шыдамдылық және өзін ұстай білу.

Мақсатқабағыттылық – адамның өз әрекеттерін қойылған мақсатқа бағындыра білуі. Мақсатқабағыттылық өзге ерік сапаларының даму деңгейі мен мазмұнын анықтайтын тұлғаның маңызды мотивациялық-еріктік сапасы болып табылады. Мақсатқабағыттылық стратегиялық және оперативті болып бөлінеді. Стратегиялық мақсатқабағыттылық – тұлғаның барлық өмірлік іс-әрекеттерін белгілі бір принциптер немесе идеалдар арқылы басқара білуі. Оперативті мақсатқабағыттылық – жеке әрекеттер үшін тұлғаның анық мақсат қоя білуі және оны орындау процесінде одан бас тартпауы.

Инициативтілік – өзіндік бастама бойынша әрекеттерді іске қоса отырып шығармашылықпен жұмыс істей білу қабілеті.

Өзбеттілік – әр түрлі факторлардың ықпалына көнбеуден, өзге адамдардың кеңестері мен ұсыныстарын сыни бағалай білуден, өз көзқарастарының негізінде әрекет ете білде көрініс береді. Өзбеттілігі жоғары адамдар өзгенің көмегінсіз мәселені көре біліп, соған байланысты өзінің алдына мақсат қояды /4; 142-145/.

Психология ғылымында ерік мәселесі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Ерік адамның ішкі және сыртқы қайшылықтарды жеңуімен байланысты, оның өзінің мінез-құлықтары мен іс-әрекетін меңгере білу қабілеті. Ерік адам психикасының маңызды компоненттерінің бірі болып табылады және танымдық мотивтермен эмоциялық процестерімен тығыз байланысты. Адамның барлық әрекеттері екі категорияға бөлінеді: ерікті және еріксіз.

Еріксіз қозғалыстар мақсат қойылмайтын қозғалыстар.

Ерікті қозғалыстар – адамның саналы және мақсатқа бағытталған әрекеттері. Себебі олар адам ерігінен туындайды. Ерік мақсат таңдауда, шешім қабылдауда, әрекет етуде, қайшылықтарды жеңуде өте қажет. Қайшылықтарды жеңу ерік күшін талап етеді. Кез-келген ерікті әрекет нәтижесінде адам белгілі бір мақсатқа жетеді және екіншіден, адам өз әрекетін бағалайды.

Ерік студенттің ішкі және сыртқы қайшылықтарды жеңуімен байланысты, және өзінің мінез-құлықтары мен іс әрекетін меңгере білу қабілетіне байланысты. Ерік процесі эмоциямен тығыз

байланысты. Осы тығыз байланыс және оның студенттің іс-әрекет барысында өзінің психикалық күйлерін басқаруға тигізер әсері эмоциялық-ерік сфера ұғымында қарастырылады. Ерік эмоцияның іс-әрекетке тигізер негативті әсерін реттеуші және түзетуші құрал ретінде көрінеді. Эмоция ерік күшіне субъективті тон беріп, оның потенциялын жоғарлатуға қатысады. Яғни олар шынайы әрекетте бөлінбес процестер болып табылады. Ерік, Р.С. Немовтың берген анықтамасы бойынша, – адамның өзінің психикасы мен іс әрекетін саналы түрде басқара білу қабілетінен көрінетін қасиет. Бұл қасиет тұлғаның мақсатқа жету жолында кездесетін қайшылықтармен күресуінен көрініс береді. Зерттеулердің көрсетуі бойынша, студенттердің белсенділіктері мен оқу үлгерімдері неғұрлым жоғары болса, ерік сапаларының жоғары деңгейде болуы соғұрлым ықтимал. Оқу үлгерімінің жоғары болуы сабақта, құрбы-құрдастарының арасында өздерін еркін сезінулеріне, алға қойған саналы мақсатқа жетуде шыдамдылық танытуға мүмкіндік береді. Олай болса, студенттердің эмоциялық-ерік сфераларының дамып, қалыптасуы ақыл-ой деңгейімен байланысты. «Ерік белсенділігі мен ерікті жаттықтыруды» ғалымдар сыртқы белсенділік деп атайды. Ерік компонентін, яғни «мақсатты ерікті» ақыл-ой іс әрекетін басқаруға, өзін басқару процесін белсендіруге бағыттап отыру керек. Ерік сапаларымен қатар әрине эмоциялар мақсат қоюдан бастап, нәтижеге жетуге дейін адамның барлық іс әрекет процесіне қатысады /6; 576/.

Адам дүниеге келгенде белгілі бір ерік сапаларымен дүниеге келмейді, ерік өмір сүру барысында қалыптасады. Ерік сапаларының дамуы сыртқы және ішкі қайшылықтармен күресумен байланысты. Күнделікті қайшылықтарды адам алдына өмірдің өзі қояды. Сыртқы қайшылықтарға жұмыс жағдайы, өзге адамдар тудырған қиындықтар жатса, ішкі қайшылықтарға жалқаулық, шаршау, тәжірибе мен білімнің кемшілігі жатады. Осы қиындықтарды жеңе отырып, біз ерік күштерін нығайтамыз.

Ерік сапасына сипаттама бере келе В.И. Симонов олардың ортақ қасиеттері: кеңдік, күш және тұрақтылық туралы айтады. Ерік сапасының кеңдігі мен тарлығы іс-әрекет саны арқылы өлшенеді. Ерік сапасының күші кедергілерді жеңудегі ерікті күштеу дәрежесімен анықталады. Ерік сапасының тұрақтылығының басты белгісі ретінде шыдамдылық саналады. Осы қасиеттердің ерекшеліктері әр адамда әр түрлі. Ерік сапасының көрінуі әр түрлі эмоционалдық реактивтілікке, жүйке жүйесінің типологиялық ерекшеліктеріне байланысты. Студенттердің еріктері оның өмір сүру процесінде пайда болған қасиеттерінің белгілі бір жиынтығы, ол мінез-құлықтың саналы өзіндік реттелуінің жеткен деңгейін сипаттайды. Студенттердің ерік қасиеттеріне мақсатқабағыттылықты, инициативтілікті, шешімге келе білушілікті, төзімділікті, ұстамдылықты, батылдықты, өзін басқара білушілікті жатқызуға болады. Адамның еріксіздігі келесі ұғымдармен сипатталады: принципшілдіктің жоқ болуы, инициативаның жоқ болуы, ұстамсыздық, жалқаулық, қорқақтық, қырсықтық және т.б. Тұлға сыртқы ортамен өзара әрекеттесе отырып, көптеген психикалық қасиеттердің иегері болады. Ерік адам мінез-құлығының маңызды компоненті. Халық арасында еріксіз адамдарды мінезсіз адам деп атайды. Сондықтан да ерік сапаларын тәрбиелей отырып, біз адамның мінезін тәрбиелейміз. Тұлғаның бағыттылығы мен ерік сапалары белгілі бір іс-әрекетте қалыптасады (еңбек, оқу, спорт). Кез келген әрекет эмоциямен байланысты. Жоспарланған және қызығушылықпен орындалған іс-әрекет жемісті болады. Егер студент эмоцияларын саналы басқара білмесе, онда әрекет аффективті сипатқа ие болады /7; 11-18/.

Студенттік өмір көбінесе стрестік ситуациялармен ерекшеленеді. Зерттеулердің көрсетуі бойынша, эмоциялық қолдау көрсету студент санасынан маңызды орын алады екен. Жасерекшелік және педагогикалық психологияда студенттердің эмоциялық-ерік сфералары аз зерттелген. Студенттердің эмоциялық-ерік сфераларын зерттеу олардың оқыту процесінен, әлеуметтік деңгейінен алатын қанағаттану деңгейлерін анықтауға мүмкіндік береді /8; 44-49/.

Студенттердің еріктері мен еріктік сапалары олардың іс-әрекеттерінен, әсіресе емтихан тапсыру, курстық, дипломдық жұмыстар жазу барысында кездесетін күрделі жағдайлардағы қиындықтарды жоюға тырысуларынан көрініс береді. Оқу еңбегінің немесе қоғамдық жұмыстардың қандай да бір жақтары оларды қызықтырмауы мүмкін. Лекция, семинар сабақтарында ырықты зейіннің алатын орны өте маңызды. Баяндама жасауға, жалпы өзіндік жұмысқа дайындалу толығымен жинақылық пен табандылықта талап етеді. Сондықтан да студенттердің еріктері мен еріктік сапалары олардың іс-әрекеттеріндегі қиындықтарды жоюдың, әсіресе бірінші курста еңбекке қабілеттіліктің және жоғары оқу үлгеріміне жетудің алғы шарты болып табылады /9; 289-304/.

Студенттердің еріктері мен еріктік сапаларында оның тұлғасының белсенділігі, өзін-өзі ұстай алу қабілеті және өзінің мінез-құлқын саналы басқара алу қабілеті көрініс береді. Сонымен қатар онда тәжірибесі, білімі, дағдылары мен индивидуалды ерекшеліктері көрініс береді. Еріктің пайда болуына ықпал ететін негізгі себептер тұлғалық және ситуациялық және т.б. мотивтер.

Барлық ерік сапалары бір-бірімен тығыз байланысты, заң бойынша бірін бірі толықтырып, күшейтіп отырады. Ерік сапаларының мықтылығы мен оның құндылықтары идеялық бағыттылыққа, олардың дүниетанымдарына және студенттер іс-әрекеттерінің мазмұнына тәуелді /9;289-304/.

Студенттердің психикалық күйлері мен ерік сапаларын зерттеу мақсатында «Ситуациялық және тұлғалық мазасыздануды зерттеу әдістемесі», «САН» сұрақнамасы және «Тұлғаның ерік сапаларын зерттеу» әдістемесі қолданылды. Соңында алынған фактілер Стъюдент критерииіне салынып, келесідей қорытындыға келдік.

Сонымен, эмоция және ерік сапаларын тәрбиелеу, сонымен қатар олардың ерекшеліктері әр курста әр түрлі бағытта жүреді. Егер эмоция және ерік сапаларын тәрбиелеу жағына келетін болсақ, 1-ші курс студенттерінде ол оқуда жетістіктерге жетумен байланысты, ал жоғарғы курстарда мамандығын меңгеру деңгейімен байланысты. Ерекшеліктеріне келсек, 1-ші курс студенттерінің эмоциялық-ерік сфералары жоғары курс студенттерінің эмоциялық-ерік сфераларына қарағанда әлдеқайда төмен. Оның себебі, 1-ші курс студенті көптеген қиындықтармен кездеседі, мектептік әдеттерді жоюға тырысады, жаңа білім, білік, дағдыларды меңгеруіне тура келеді. Ал бітіруші курс студенті барлық пәндер бойынша білімдерді меңгерген және және өз бетінше еңбек етуге дайындалуда.

Біздің зерттеуіміздің көрсетуі бойынша, 1-ші, 2-ші курс студентерінің көпшілігінде, әсіресе оқу үлгерімі жақсы студенттерде қатты шаршау кездескен. Сонымен қатар өздеріне деген сенімсіздік, мазасыздану да осы курс студенттерінде анағұрлым жиі кездеседі. Мазасызданудың жоғарлауын таңдаған мамандығы бойынша оқу орнына жаңа түскен студенттің әлі де болса бейімделе қоймауымен түсіндіруге болады. Екіншіден, информацияның жетіспеушілігінен студенттерде негативті эмоциялар, яғни күйзеліс пайда болады. Студенттер іс-әрекеттерінің маңызды ерекшеліктерінің бірі оның күрделі де мазмұнды информациялармен жұмыс жасауында. Мазмұны жағынан бұл информациялар әр түрлі, өзгермелі, жан-жақты болып келеді. Информацияның көлемі, оны өңдеуге қойылатын талаптар субъектінің, яғни студенттің психикалық мүмкіндіктеріне қайшы келеді. Осыған байланысты жоғарғы когнитивті қысым негативті фактор ретінде студентті жоғары күйзелуге, стреске әкеледі. Осыған сәйкес олардың ерік сапаларының деңгейі төмендейді. Мұндай жағдайдың алдын алу біріншіден, студенттің өзінің ақыл-ой деңгейіне, оның оқу үлгеріміне тәуелді болса, екіншіден жоғарғы оқу орнының қызметкерлері студенттерге оқу барысында кездесетін қиындықтармен алын ала хабардар етіп, жиындар өткізіп отырған жөн. Себебі, әлеуметтік-экономикалық дамуды жылдамдатуда болашақ мамандарды дайындайтын жоғарғы оқу орындарының жауапкершілігі артып отыр.

4-ші курстар 3-ші курс студенттерімен ұқсас келеді. Мазасыздану деңгейлері жоғары, өзбеттіліктері, жауапкершіліктері жоғары. Олар батылдықтарымен, тәуекелге келе білулерімен, белсенділіктерімен ерекшеленеді. Тәуелсіз, дербес пікірлері бар, студенттермен қарым-қатынастары жеңіл. Әлеуметтік ролдері жоғарылайды. Осылайша, 4-ші курс студенттерінің психикалық күйлер және ерік сапалар туралы ойлары 1-ші курстарға қарағанда анағұрлым қалыптасқан.

Соған қарамастан жоғары оқу орнында білім алу барысында студенттердің үлкен интеллектуалды қиындықтарды жеңе білу біліктіліктері мен өздерінің еңбекке қабілеттіліктерін жоғары қалыпты деңгейде ұстай білу біліктіліктері сөзсіз қалыптасады.

Жоғарыдағыларды қорыта келгенде, студенттердің жеткілікті жоғары деңгейдегі еріктері мен еріктік сапалары – қоғамды құрушы тұлғаның еңбек және қоғамдық белсенділігі мен шығармашылық инициативасы үшін маңызды жағдай болып табылады.

1. Зимняя И.А. Педагогическая психология. – М., 2004.

2. Зимняя И.А. Педагогическая психология. Учебное пособие. – Ростов н/Д.: Феникс, 1997.

3. Психология. / Под ред. Сосновского Б.А. – М.: Юрайт, 2005.

4. Глуханюк Н.С. Практикум по общей психологии. – М., 2005.

5. Материалы Междунар. научно-прак. конф. «Аманжоловские чтения – 2005».ч.3.

6. Немов Р.С. Общие основы психологии – М.: Владос, 1995.
7. Селиванов В.И. Воля и ее воспитание. – М., 1976.
8. Альманах психологических тестов. – М.: Изд. «КСП» 1995.
9. Дьяченко М.И. Психология высшей школы. – М., 2004.

Резюме

В этой статье рассматривается особенности волевых качеств у студентов.

Summary

In this article considered peculiariarities of willing qualities of students.

ОРГАНИЗАЦИЯ И МЕТОДИКА ПРОВЕДЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ПРИКЛАДНОЙ ФИЗИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ

Г.Р. Ашимханов, С.Т. Кокенов, В.А. Селиванюк –
КазНПУ и колледж им. Абая

В настоящее время профессионально-прикладная физическая подготовка (ППФП) студентов к высокопроизводительному труду в различных сферах народного хозяйства осуществляется в ВУЗах последующим основным направлениям:

- овладение прикладными умениями и навыками, являющимися элементами видов спорта;
- акционированное воспитание отдельных физических и специальных качеств, особо необходимых для высокопроизводительного труда в определенной профессии;
- приобретение прикладных знаний (знаний и умений применения средств физической культуры и спорта в режиме труда и отдыха с учетам меняющихся условий труда, быта и возрастных особенностей и др.).

Первое из направлений связанно с проблемой обучения движениям, второе – с воспитанием физических (двигательных) и специальных качеств, третье – с приобретением прикладных знаний по использованию средств физической культуры в режиме труда и отдыха, а также с проблемой подготовки общественных физкультурных кадров для производства. Указанные направления имеют достаточно глубокое научно-методическое обоснование в теории и методике физического воспитания и изложены в специальной литературе.

При разработке ППФП студентов конкретной профессии, общие положения ППФП, выявленные для группы схожих профессий путем проведения социологических исследований, должны дополняться психофизиологическими исследованиями на рабочих местах с применением методик, используемых в физиологии, психологии, гигиене труда и спортивной тренировке. Такие исследования должны носить перманентный характер, обеспечивающий накопление научного материала с учетом тех постоянных изменений, которые происходят во всех отраслях народного хозяйства под влиянием научно-технического прогресса.

Следует отметить, что при определении содержания ППФП студентов все шире используются математические методы анализа полученных материалов.

Есть все основания полагать, что более широкое применение дисперсионного, корреляционного и регрессионного методов для объективной оценки существенности значения различных компонентов в ППФП намного повысит научность подбора средств и методов для ее реализации в системе физического воспитания студентов.

В идеале необходимо построение многофакторных статистических моделей ППФП специалиста будущего с определением наиболее существенных факторов, влияющих на его профессиональную работоспособность, а также форм связи и степени взаимозависимости, различных параметров, включенных в модель. Необходимость в перспективе решения этой сложной проблемы для каждой профессии подчеркивается временным разрывом между периодом изучения существующих условий труда специалистов и реализации ППФП студентов в вузе, с одной стороны, и условиями и характером труда будущих специалистов в течение последующих 30-35 лет – с другой. Естественно, что эта проблема тесно связана с проблемой определения профессиограммы

специалиста будущего, над которой работают социологи и психологи труда, специалисты по организации производства и др. Результаты этих исследований должны быть также использованы при построении модели ППФП специалистов.

Организация ППФП студентов в процессе их физического воспитания и особенно на учебных занятиях связана с рядом объективных трудностей, главными из которых являются:

- отсутствие или недостаток надлежащей базы проведения занятий по данному разделу физического воспитания;
- неподготовленность преподавателей кафедры физического воспитания для проведения отдельных разделов ППФП студентов;
- влияние климатических и погодных условий на возможность проведения специально организованных занятий по ППФП;
- недостаточная физическая подготовленность поступающих в ВУЗ, затрудняющая реализацию некоторой части ППФП в учебное время.

Последнее положение является одним из существенных, так как основой физического воспитания студентов (и, в частности, ППФП) является всесторонняя физическая подготовка, которая определена программой и зачетными нормативами по этому разделу физического воспитания.

Поэтому любые колебания уровня физической подготовленности абитуриентов, погодных условий и др. требуют увеличения учебных часов на общую физическую подготовку, вынужденного сокращения других разделов программы физического воспитания, а следовательно, гибкого планирования и использования различных форм ППФП в системе физического воспитания студентов.

В настоящее время определилось несколько форм ППФП в системе физического воспитания, которые могут быть сгруппированы по следующему принципу: учебные занятия (обязательные и факультативные), самодеятельные занятия, физические упражнения в режиме дня, массовые оздоровительные, физкультурные и спортивные мероприятия. Каждая из этих групп имеет одну или несколько форм реализации ППФП, которые могут быть избирательно использованы или для контингента студентов, или для его части.

ППФП студентов на учебных занятиях проводится в форме теоретических и практических занятий.

Программой физического воспитания предусматривают проведение теоретических занятий в форме лекции по обязательной теме «Профессионально-прикладная физическая подготовка студентов», цель которых вооружить будущих специалистов необходимыми знаниями, обеспечивающими сознательное и методически правильное использование средств физической культуры и спорта для подготовки к профессиональным видам труда с учетом специфики каждой специальности.

Значение теоретических занятий велико, так как в ряде случаев это единственный путь для изложения студентам необходимых профессионально-прикладных знаний, связанных с использованием средств физической культуры и спорта. На этом занятии должны быть освещены такие вопросы:

- краткая характеристика различных видов труда с более подробным изложением психофизиологических особенностей труда специалистов, готовящихся на данном факультете;
- динамика работоспособности человека в процессе труда, с освещением особенностей изменения работоспособности специалистов данного профиля в течение рабочего дня, недели и года;
- влияние возрастных и индивидуальных особенностей человека, геогрофо-климатических и гиниенических условий труда на динамику работоспособности специалиста;
- использование средств физической культуры и спорта для повышения и восстановления работоспособности специалистов, с учетом условий, характера и режима их труда и отдыха;
- основные положения методики подбора физических упражнений и видов спорта в целях борьбы с производственными утомлениями, для профилактики профессиональных заболеваний;
- влияние занятий физической культурой и спортом на ускорение профессионального обучения.

Как правило, эти вопросы следует изложить в первой половине занятий, содержание материала должно основываться на общих теоретических положениях с привлечением примеров из профессиональной деятельности выпускников данной специальности. При избытке материала неко-

торая часть его может быть изложена в другой обязательной теме "Физическая культура в режиме труда и отдыха", где имеется ряд положений, близких к перечисленным вопросам.

Вторая половина занятий посвящается вопросам, которые непосредственно связаны с профессиональной деятельностью выпускников данной специальности:

- характеристика условий труда и психофизиологических нагрузок специалиста в процессе труда, на различных рабочих местах;
- основные требования к физической и специальной прикладной подготовленности специалиста, обеспечивающие высокую и устойчивую продуктивность его труда;
- перечень основных профессионально-прикладных навыков, необходимых специалисту для обеспечения высокой производительности и безопасности труда;
- использование средств физической культуры и спорта с целью подготовки (самоподготовки) к профессиональной деятельности, предупреждения профессиональных заболеваний и травматизма, обеспечения активного отдыха в свободное время.

Эти вопросы должны освещаться по материалам специальных исследований работников кафедр физического воспитания или других кафедр и учреждений и содержать достоверные сведения для будущих специалистов конкретной профессии, специальности, специализации.

При изложении данной темы должна быть учтена и другая особенность подготовки специалистов высшей квалификации. Учебный материал должен быть рассчитан не только на личную подготовку студента, но и на его подготовку как будущего руководителя производственного коллектива. От знаний и понимания им комплекса этих вопросов нередко в будущем зависит степень и масштабы использования средств физической культуры и спорта в производственном или другом коллективе.

Однако не всегда весь необходимый теоретический материал по ППФП может быть изложен в течение двух часов занятий. В этом случае следует использовать и форму краткой тематической беседы во время проведения практических занятий по разделу физического воспитания. В частности, вопросы техники безопасности во многих случаях более целесообразно объяснить именно во время практических, а не теоретических занятий.

Следует указать, что в различных вузах наряду с обязательными теоретическими занятиями, предусмотренными единой учебной программой по физическому воспитанию, проводятся занятия и на другие темы, освещающие отдельные разделы ППФП. В содержании таких занятий, как правило, раскрываются наиболее актуальные стороны ППФП студентов данного учебного заведения. Так, в университетах и педагогических вузах чаще всего дополнительно читается лекция о формах и методах физического воспитания в школе, об основных организационно-методических положениях проведения познавательных туристических походов, о подготовке мест для проведения учебных занятий по физической культуре, об организации и проведении массовых спортивных соревнований, о страховке при выполнении упражнений в отдельных видах спорта.

На естественных факультетах университетов, в геологоразведочных, сельскохозяйственных и некоторых других вузах на теоретических занятиях студентам даются знания об основах альпинизма, топографии, спортивного ориентирования и различных видов туризма.

Подобные темы в различных вузах раскрываются с разной степенью детализации отдельных вопросов, зависящих от профиля подготовки специалистов. Следует отметить, что при достаточном качестве этих лекций, вполне компенсируется соответствующее сокращение часов практических занятий в связи с повышением уровня подготовки и сознательности студентов в ходе освоения ими практического материала.

Практические учебные занятия по ППФП могут проводиться в учебных группах всех отделений (специального, подготовительного и спортивного совершенствования).

В процессе этих занятий могут в той или иной степени решатся все основные задачи ППФП. Однако главная целевая направленность этих занятий – преимущественное и специальное воспитание прикладных физических и специальных качеств, умений и навыков, особенно необходимых в профессиональной деятельности.

Программа и содержание этих учебных занятий для учебных групп подготовительного отделения разрабатывается кафедрой физического воспитания также на основе изучения условий и характера труда выпускников данной специальности.

Так, например, в разделе ППФП институтов гражданской авиации и некоторых морских училищ уделяется большое внимание специальной тренировке вестибулярного аппарата будущих специалистов (элементы акробатики, упражнения на батуте, вращающем колесе и т.п.). В то же время для студентов «полевых» и других подобных факультетов необходимо применять средства, направленные на акцентированное развитие общей и специальной выносливости и т.д.

В то же время следует учитывать, что само содержание практических занятий, методических разработок и указаний по одному и тому же виду ППФП, но на разных факультетах может иметь свою специфику. Например, туристская подготовка будущих специалистов, связанных в своей работе с полевыми изысканиями, имеет существенное отличие от подготовки к познавательным туристским походам будущих педагогов, художников и т.д. По этой причине существующие методические разработки по отдельным разделам ППФП студентов в одних ВУЗах зачастую не могут быть использованы другими вузами без тщательной корректировки.

При проведении практических учебных занятий в специальном учебном отделении содержание специально направленных занятий по ППФП должно быть согласованно с возможностями каждого студента в зависимости от характера отклонений в состоянии его здоровья. При проведении подобных занятий в учебных группах отделения спортивного совершенствования должны быть максимально использованы возможности каждого вида спорта для воспитания прикладных физических и специальных качеств для успешного формирования прикладных умений и навыков.

1. Уч. для институтов. физ.культуры. Под общей ред. Озолина Н.Г., Ворокина В.И. – М.: Фис, 1989.

2. Матвеев Л.П. Теория методика физ. культуры. – М.: ФИС, 1991.

3. Загорский Б.И., Губанов Н.А. Теория и методика физ. Воспитания. – М., 1974.

4. Наталов Г.Т. Теория физ. воспитания (учебно-методическое пособие для слушателей ФПК) – Алматы, 1976.

5. Матвеев Л.П., Новиков А.Д. Тероия и методика физ. воспитания. Том I-II. – М., 1996.

Түйін

Бұл мақалада кәсптік-қолданбалы дене дайындығының әдістемесін ұйымдастыру және өткізу мәселелерін қарастырылған.

Summary

In it the article methodology preparation of body unites and examined questions realization.

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ БАҒЫТТЫ ДАМУЫ

Н.Төлегенұлы, Ғ.Р. Ашимханов – *Абай атындағы ҚазҰПУ және колледжі*

Дене тәрбиесі адамгершілік, өнегелілік, ақыл-ой, эстетикалық және еңбек тәрбиелерімен түбірлі байланыста. Бұл тарауда дене тәрбиесінің басқа тәрбие түрлерімен өзара байланысының нақтылы жактары көрсетіледі және адамгершілік, ақыл-ой, эстетикалык және еңбек тәрбиелерінің дене тәрбиесі жүйесіндегі маңызы баяндалады.

Дене тәрбиесі мен адамгершілік, өнегелілік тәрбиелерінің арасында жеке тұлғаны жан-жақты және үйлесімді дамыту заңдылықтарымен қамтамасыз етілген екі жақты байланыс бар. Бұл байланыстың табиғи-ғылымилық негізін ағзаның бірлігі туралы ілім, жеке тұлғаның дене және рухани дамуы құрайды.

Шұғылданушыларға дене және адамгершілік тәрбиесінің өзара бірлікте әсер етуі бағытына карай мүлде қарама-карсы нәтиже келтіруі мүмкін.

Біздің егеменді еліміздегі дене және адамгершілік тәрбиелерінің өзара байланысы дені сау, жаны таза, еңбек етуге, отанды қорғауға рухы дайын, өскелең өмір жолының қиындықтарына төзімді жаңа заманының белсенді жастарының бейнесін қалыптастырады.

Дене тәрбиесі жүйесінде спортшылардың адамдық бейнесінің келесі ерекшелік белгілері көрінеді:

1. Халқымыздың мақсатты ісіне берілгендік, қоғамдық және мемлекеттік мүддені өз мүддесінен жоғары қою. Еңбекке және отанды қорғауға дайын болу мақсатында өзінің дене сапалары қабілеттерін жетілдіру және денсаулығын нығайтуға үнемі камқорлык жасау. Қоғамдық пайдалы істен өзін аулақ ұстайтын спортшыларға бойында кешірімсіз көзқарасты қалыптастыру.

2. Қоғамдық мүлікті көздің карашығындай сақтауға дайын болу. Дене шынықтыру мәдениеті

базасының құрылысын салуға және оны құрал-жабдықтармен камтамасыз етуге белсенді түрде қатысу. Қоғам мүлкін талан-тараж жасаушылармен аянбай күресу. Дене шынықтыру мәдениеті ұжымының жүргізетін жұмыстарына белсенді ат салысу. Еңбекке, оқуға, қоғамдық міндетке, спорттық шеберлігін жетілдіруге, тұрмыстағы іс-әрекеттерге ұжым алдына жоғары жауапкершілікте болу жүзіндегі үйрету әдісімен іске асады. Іс-тәжірибе жүзіндегі үйрету әдісін жаттығу әдісі ретінде қарауға болады. Бірақ жаттығу өнегелілікке тәрбиелеу әдісі ретінде өзінің сипатына қарай оқытып үйрету жолымен айырмаланады.

Іс-тәжірибелік үйрету әдісі шұғылданушылардың қызмет аясын педагогикалық тұрғыдан ұйымдастыруда тек нақтылы дағдыларды, әдеттерді ғана өндіріп қоймайды, сонымен бірге жеке тұлғаның бүтіндей қалыптасуын, яғни түйсік, сезім, ерік және баска да психикалық құбылыстарды қамтамасыз етеді. Дене тәрбиесі жүйесінде іс жүзіндегі үйретуде этикалық өлшемдердің сақталуы қозғалыс әрекеттері арқылы іске асады. Дене тәрбиесінін ерекшелік құралының бар жиынтығы – гимнастика, ойын, туризм, сонымен бірге бұл саладағы педагогикалық ұйымдастыру шұғылданушыларды этикалық өлшемдер мен ерік-жігер сапаларын мақсатты бағытта дамытуға үйретеді.

Дұрыс өнегелілік мінез-құлық әрекеттердің, дағдылардың белгілі бір жүйесін жаттықтыру үшін оны дұрыс, жағымды әрекеттер мен істерді қызметтің нақтылы жағдайында көп рет қайталау қажет. Мұндай жағдай, мысалы, әр спорт түрінде белгілі бір жарысқа қатысу тәртібі, спортшыларға талап қою, олардың міндеті мен құқығы, сонымен бірге тәртіп бұзушылыққа байланысты шара көру болып табылады. Егер жаттықтырушы спортшыдан жаттығуда қалыптасқан ережені табандылықпен талап етсе, онда тәрбие жүйесі педагогикалық бағытта сипат алады.

Ережелер мен талаптарды сапалы түрде ең алдымен жаттығу сабақтарында, ал содан кейін сайыстарда орындау спортшыны іс жүзінде өзін ұстай білуге дағдыландырады (жағымсыз, кері көңіл-күйді тежеу, тәртіпті, ұқыпты, мұнтаздай таза жүру).

Спортшының адамгершілік бейнесін қалыптастыр жүйесі барлық кезде дұрыс, жатық бола бермейді.

Спорттық сайыстын ерекшелігінде қарсылық бағыттағы өз мүддесіне тартушылық ұмтылыс және қызығушылык жиі пайда болады. Кейбір спортшылардың өзін ұстай білу қабілетінің болмауы спорттық этика талаптарына кайшы қылықтарға ұғындырады. Мысалы, ұтылған спортшы жеңімпаз қарсыласының қолын алудан бас тартып, спорттық этика ережесін өрескел бұзады. Мұндай қылықтардың алдын алу және болдырмау үшін жүйелі түрде педагогикалық әсер етуді, оның ішінде тәжірибелік үйрету әдісін қолдану қажет. Мұндай әсер ету жүйесінде іс жүзіндегі үйрету негізгі орынды алады, өйткені онсыз мінез-құлық тәртіптік дағдыларын, қарапайым адамгершілік өлшемдерін, әрине, мінездің ерік-жігер сипатын шынықтыруды қалыптастыру мүмкін емес. Дене тәрбиесінің ұйымдастыру барысында іс жүзінде тікелей үйретуде қиыншылықтарды жеңу, қозғалысқа үйрету негізінде және дене сапаларын тәрбиелеуде іске асады. Дене қабілеттерінің дамуымен және әдістік-тәсілдік шеберлігінің өсуімен бірге ерік-жігер нығаяды, өз күшіне сенушілік артады.

Педагогикалық тәжірибе және арнайы ғылыми зерттеулер көрсеткендей (Н.А. Бутович, К.А. Шаров, Н.Г. Озолин, А.Ц. Пуни және т.б.) спортшынын жігерін әр түрлі әдістермен жаттықтыруға болады. Мысалы:

- жаттығуда жүйелі түрде қиындықтар мен жүктемені арттыру;
- жаттығу сабақтарында шұғылданушыларды жарыстық жағдайда әрекет жасауға үйрету (жарыстық сайыстарды жиі қолдану);
- батылдықты, шешімділікті, тәуекелге барып елеулі ерік-жігерге күш салуды талап ететін дене жаттығуларын кең пайдалану;
- күште, жылдамдықта төзімділікте өте жоғары көрсеткішке жетуге ұмтылу;
- байқап көру бақылауларын (контрольная прикидка) жиі өткізу;
- эстафета, командалық ойындар және т.б. дене шынықтыру жаттығуларын ойындық әдістемемен өткізу;
- гимнастика сабағында спорт қондырғыларды жарыстағыға қарағанда жаттығу көлемін арттырып өткізуді пайдалану;

- жаттығу сынақтарын максимальді балға орындау;
- жаттығуды таза орындау үшін спортшыға бір-ақ мүмкіндік беру;
- жаттығу сабақтарына сезімдік сипат беру.

Іс-тәжірибе жүзінде үйрету әдісі спортшының жеке өмірдегі және қызметіндегі күн тәртібінін қатаң сақталуын алдын ала бағдарлайды. Қабылданып, белгіленген күн тәртібі үнемі сақталуы тиіс. Өйткені ол кері жағдайда қажетті гигиеналық әсерлілік бермейді және ерік-жігер сапаларының бекуін қамтамасыз етпейді. Адамгершілік тәрбиесінде табысқа жету үшін шұғылданушыларды этикалық ережелерді орындауға және таңдап алған қызметіндегі біртіндеп күрделіленетін қиындықтарды жеңуге күнделікті үйрету маңызды. Сонымен қаралған адамгершілік, өнегелілік әдістері органикалық өзара байланыстағы әр түрлі әсер ету құралдары мен әдістерінің жиынтығы болып табылады. Соңғы нәтижеде бұл әдістер тек көзін жеткізіп сендіру және үйрету үшін ғана емес, сонымен бірге осы негізде адамгершілік тұрғыдан ақталған әрекеттерге, іс әрекетіне және мінез-құлқына түрткі болады. Адамгершілікке тәрбиелеу әдістері барлық уақытта шұғылданушылардың түйсігінде жағымды немесе теріс, ұнамсыз сезім қалдырады. Жағымды әсер ету үлгісіне педагогтің мадақтауы, яғни шұғылданушылардың жағымды әрекеттерін бекітіп, арттыру негізінде олардың мінез-құлқында сәйкес әдет, дағдылары мен этикалық өлшемдері туралы дұрыс ұғымды қалыптастыру болып табылады. Мадақтау сонымен бірге шұғылданушыларды осындай жақсы әдет, этика талап өлшемдерін қайталауға қызмет етеді.

Керісінше ұялту, бетіне басу түріндегі педагоггің әсер етуі шұғылданушылардың көңіл-күйіне жағымсыз сезім туғызу арқылы жағымсыз қылықтарды қайталамауға жұмылдырады. Егер бұл әсер ету үлгілері шұғылданушылар тарапынан қарсылық туғызса, онда ұялту, бетіне басу, еріксіз көндіру және жазалаумен байланысты болуы мүмкін. Адамгершілікпен түсіндіріп, көзін жеткізу этика талаптарын еркімен сақтап, дәстүр, әдет, дағды, табиғи қажеттілік бойынша жасау қызмет әрекетінде іске асып, адамның өнегелілік саналарына, оның мінезінің сипатына айналады.

Олардан тек мінсіз тәртіпті, адалдықты шындықты талап етіп қана қоймай сонымен бірге олар қарсыласын, спорт төрешілерін, көрермендерді сыйлауы. Өз Отанының биік мақсаты, Қазақстан спортынын абыройы мен даңқы үшін мінезінің тұрақтылығын көрсете білуі тиіс. Спортпен шұғылдану ағзада елеулі биологиялық өзгерістер жасап қана коймайды, сонымен бірге спортшылар көзқарасында, көңіл сенімділігінде, мінез шеңберінде, әдет дағдысында, әдемілікті айыра білу және жеке тұлғаның басқа жақтарын анықтайды. Үнемі жетілдіріліп және орнықтыру нәтижесінде адамгершілік және ерік-жігер сапалары спортшы үшін дағдыға айналуы және тек спортта ғана емес еңбекте де, тұрмыста да көрінуі мүмкін. Туризмде колданылатын козғалыс әрекеттері дәл осындай саналы тәртіпті, өнегеліліктің қарапайым өлшемін, еңбек сүйгіштікті, ұжымшылдықты және басқа да адамгершілік және жігер сапаларын көрсетуді талап етеді. Сонымен бірге туризмде шұғылданушыларға отансүйгіштікті, қоғамдық борыш ұғымын, Отанды сүюді, қоғамдық меншікке жанашырлық жасауда да көптеген жоғары өнегелілік сапаларын дамыту үшін елеулі потенциалды мүмкіндіктері жасалынған. Адамгершілік, өнегелілік тәрбиесінің міндеттерін шешуде дене тәрбиесі құралдарының маңызы өте зор. Дегенмен, дене жаттығуларымен, оның ішінде спортпен шұғылдану жеке тұлғаның қажетті өнегелілік сапаларын бере алмайды. Тек педагогикалық бағытта шұғылданушылардың мінезінін ерік-жігер сипатын, бейнесін қалыптастыратын құралға айналады.

Дене тәрбиесі жүйесінде өнегелілік тәрбиесінін әр түрлі әдістері қолданылады. Бұларға түсіндіру арқылы көзін жеткізіп, сендіру, пікірлесу және басқа сөз арқылы әсер ету, көрнекі мысал және іс-тәжірибе жүзінде үйрету жатады.

Көзін жеткізіп сендіру әдісі тәрбиешінің сөзбен жан-жақты әсер етуінің жиынтығы, яғни ол шұғылданушылардың көзін жеткізіп сендіруді психологиялық сапа ретіне қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сөзбен әсер ету үлгісінде сендіру әдісін пайдаланып, тәрбиеші адамгершілік қағидаларын түсіндіреді, шұғылданушылардың алдына қойған мақсатқа жетуі үшін ерік-жігер сапаларын көрсету қажеттілігіне көзін жеткізіп сендіреді. Спорт қызметінде өнегелілік сапалары мәнін сипаттайтын нақтылы дәлелдерді, көрнекі мысалдарды келтіреді; шұғылданушыларды этикалық талапқа сай болуға себепші болады, өзінің іс-әрекетін, бүтіндей мінез-құлқын, ұжымға деген қатынасын, көзқарасын, әділ бағалауға үйретеді. Бірқатар жағдайларда бұл әдіс шұғылда-

нушыларды тек тәрбиелеуге ғана мүмкіндік беріп қоймайды, сол сияқты оларды қайта тәрбиелейді, оларға мінездеріндегі жағымсыз жақтарын жоюға жәрдемдеседі.

Түсіндіру және этикалық пікірлесуді қолданумен қатар мақұлдау, мақтау, ойын түрінде ескертпе жасау, кінәлау, сөгіс беру және сөзбен әсер ету әдістері пайдаланылады. Мақұлдау, мақтау және басқа сөзбен дұрыс әсер ету әдістері балалармен жаңадан шұғылдануды бастаған спортшылар үшін ерекше қолайлы әсер етеді. Бұл олардың оқу тапсырмаларын орындау кезінде өз күштеріне сенімсіздігін, сонымен бірге мінез-құлқындағы кемшіліктерін жоюға мүмкіндік береді. Тәжірибелі спортшылармен жұмыс істеуде ерік-жігер сапалары мен мінез-құлқындағы кемшіліктер туралы пікірлесуі қолдану, бұл кемшіліктерді жоюға кеңес беру дұрыс. Әсіресе. аса дарынды спортшыларды шамадан тыс мақтаудан сақтанған жөн. Шамадан тыс мақтау өз күштерін аса жоғары бағалауға, өз-өзінен масайраушылық, көкірек көтерушілікке және т.б. ұрындырады. Тәрбиеленушінің неғұрлым жасы үлкен болған сайын олардың сезіміне жете түсінікті етіп көзін жеткізіп сендіру барысында оларға сүйену қажет. Дегенмен, жақсы жақтарымен бірге сөзбен көзін жеткізіп сендіру әдісінің өзіндік әлсіз жақтары да бар. Этикалық талап өлшемдерін сөзбен түсіндіру немесе ерік-жігер сапаларының мәнін көрсетуге сүйенбей дене тәрбиесінің іс-тәжірибесінде оның дұрыс жақтары «рахаттандыру сөздеріне» айналып кетуі мүмкін. Сөзбен әсер ету күнделікті іс-тәжірибедегі мысалдармен бекітіліп отырғанда ғана сенімді болады. Адамгершілік өлшемдері мен талаптарын тәрбиеленушілердің сапалы түрде орындауына іс-тәжірибе барысында үйретуде тәрбиешінің өзінін жеке басынын өнегелілік үлгісінің бұл қатынаста үлкен маңызы бар. Үлгіні мысалға келтіру күшінің педагогикалық маңызына көптеген көрнекті Ресей педагогтары сілтеме жасады (П.Ф. Лесгафт, К.Д. Ушинскйй, А.С. Макаренко, Н.К. Крупская және т.б).

Кеңестік дене тәрбиесі саласының көрнекті мамандары да жеке адам үлгісін мысалға келтірудің ықпалды рөлінің дұрыстығын атап өтті (В.И. Алексеев, Н.А. Бутович, Н.Г. Озолин және т.б). Көрнекті үлгінің сендіруші күші балалар мен жеткіншек жасөспірімдерді өнегелілікке тәрбиелеуде ерекше маңызды. Бұл олардың еліктеушілікке бейімділігі туралы айқын ойлау қабілетінің артуымен түсіндіріледі. Білім дәрежелерінің және өмірлік тәжірибелерінің әлі шектеулі, аздығына сәйкес балалар үлкендердін әрекетін, істерін, мінез-құлықтарын байқайды және оларға еліктейді. П.Ф. Лесгафт: "Балаға сөз емес, нақтылы көрсетілген іс басты бейнеде әсер етеді, бұл сөздің іс жүзіндегі нактылылығы, оның бойында өзінің көрген істерінің әсерімен үйренгендері жинақталады. Ол айналасында байқағандарын қайталап, өз дағдысы сана және дәстүріне айналады", – дейді.

Дене тәрбиесі пәні оқытушылары мектеп оқушыларын адамгершілікке, өнегелілікке тәрбиелеуде өзінің жеке үлгілі істерімен, сол сияқты басқа жақсы адамдардың жоғары өнегелі бейнесін сипаттайтын мысалдарды келтіру арқылы үлкен жетістіктерге жетеді. Өз жеке басының өнегелілігі арқылы тәрбиелеу мәні дене тәрбиесі саласының әрбір маманына, оның ішінде спорт төрешілеріне үлкен жауапкершілік жүктейді.

Оқытушының, жаттықтырушының, спорт төрешісінің абыройы жоғары болған сайын шұғылданушылардың өмір танымы, өнегелілікке сенімділігіне, этикалық өлшемдері мен ерік-жігер сапаларына оның жеке басының үлгісі қатты әсер етеді. Дене тәрбиесі жүйесіндегі өнегелілікке тәрбиелеудің соңғы мақсаты адамгершілік принциптерін шұғылданушылардың жеке сеніміне терең ендіру, яғни спорттық этика өлшемі және мінезіндегі ерік-жігер сапалары онын дағдысына айналуы тиіс. Адамгершілік, өнегелілік тәжірибесінің жинақталуы және оның нығаюы дене тәрбиесі жүйесінде іс пікірлерге кешімсіздікпен қарау.

4. Еңбекте қоғамдық өмірде, спортта және тұрмыста жалпы адамдық адамгершілік талаптарын ерікті түрде ойластырып орындау.

5. Елімізде тұратын барлық ұлттармен, ұлыстармен сол сияқты басқа ТМД елдерімен ынтымақтастықта, достық қарым-қатынаста болу. Халықаралық спорт сайыстары барысында басқа ел спортшыларымен және еңбекшілерімен туыстық бейбітшілік қарым-қатынасты нығайту. Ұлттық бөлінушілікпен, бейбітшілік, демократия және прогресс жауларымен аянбай күресу.

Егеменді еліміздің спортшыларының жоғары адамгершілік сапалары еңбекте, тұрмыста, спорттық сайыстарда, оқу жүйесінде және отанды қорғауға дайындық барысында қалыптасады. Адам өзін енбекте, істе, әрекетінде, адамдармен араласуында адамгершілік касиеттерін көрсетуі

үшін адамгершілік принциптерінің жүйелерін меңгеруі тиіс. Бұл принциптер қоғамдық өмірде, оның ішінде, дене тәрбиесі жүйесінде адамгершілік қатынастың барлық жақтарын камтиды. Спорттық кызметтің ерекшелігі шұғылданушыларда келесі анықталған қатынастарды қамтамасыз етеді: өз командасының мүшелеріне, жаттықтырушысына, спорттық қарсыласына, спорт төрешісіне, көрермендерге және т.б. байланысты алдына қойылған міндеттерін орындауды қамтамасыз ету және т.б. Бұл катынастардың әр түрлілігі спорттық этиканың пайда болуын анықтайтын спортшының мінез-құлқын мөлшерлейтін ережелермен, белгілі шекарамен шектеледі. Этикалық талаптар және дағдылар, мінез-құлықтын саналы негіздерін қалыптастырудың жолдары мен міндеттері мөлшері адам тәрбиесінің жалпы жүйелерінде адамгершілік тәрбиесінің анықтаушы маңызы, жеке тұлғаның әлеуметтік ақталған өмір жолдарындағы алғашқы дәрежелік мәндегі адамгершілік бастаулары, қоғамның бастаушы күшінің басты мүдделі қызығушылығына тән, онда кабылданған адамдық өлшемдерінің нығаюы болып табылады. Егеменді еліміздің дене тәрбиесі мамандарына, тәрбие саласының барлық қызметкерлеріне тән жаңа қоғамның қорғаушылары мен құрылысшыларын, яғни коғамдық дамудың белсенді қайраткерлері – жастарды тәрбиелеуде халқымыздың өмір сүру өлшемдерін терең меңгеріп, олардың жалпы адамдық мазмұнының адамгершілік өнегесінің принциптеріне айналуы үшін, барынша жауапкершілікті міндеттерді жүктейді. Спорттық этика дегеніміз бұл спортшының өзінің ерекшелігі бар қызметінде (жарыста, жаттығуда және басқа дене жаттығулары сабақтары талаптарында) міндетті мінез-құлық ережесі мен талаптарының жиынтығы болып саналады.

Бұл міндеттердің кешенінде мыналар қамтылады:

- қызмет әуені (мотивтері) мен сапалы сенімділікті, адамгершілік саналылығын қалыптастыру;
- қоғамымыздың және әлемдік бірлестіктердің озық ойлы мүшелеріне тән сипаттағы адамгершілік сезімін тәрбиелеу (өз отанына деген сүйіспеншілік, достық, жолдастық, ұжымшылдық, қоғамдық борыш бейбітшілікті сүю, адамгершілік, бүкіл дүние жүзі адамдарының ынтымақтастығы және т.б.);
- спорттық этикаға, дене шынықтыру мәдениетіне тәрбиелеудің нақтылы талаптарына сәйкес қоғамдық сақталған мінез-құлық дағдыларын, этикалық талаптарды сақтаудағы қатаң дағдыларды, әдеттерді, адамгершілік, өнегелілік тәжірибелерін қалыптастыру.

1. Уч. для институтов. физ.культуры. Под общей ред. Озолина Н.Г., Ворокина В.И. – М.: Фис, 1989.

2. Матвеев Л.П. Теория методика физ. культуры. – М.: ФИС, 1991.

3. Загорский Б.И., Губанов Н.А. Теория и методика физ. воспитания. – М., 1974.

4. Наталов Г.Т. Теория физ. воспитания (учебно-методическое пособие для слушателей ФПК) – Алматы, 1976.

5. Матвеев Л.П., Новиков А.Д. Тероия и методика физ. воспитания. Том I-II. – М., 1996.

Резюме

В данной статье представлены результаты теоретических исследований по проблемам физическое воспитания студенческой молодежи.

Summary

In given article it is presented results theoretical research on problems physical education of student's youth.

ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕРДЕ ДҮНИЕТАНУДЫ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Г.Ғ. Арынова – *аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ*

12 жылдық орта білімге көшуге байланысты бүкіл орындарындағы оқыту сапасын онан әрі жақсарту және жаңа реформаға сай жұмыс істеу міндеті туындауда. Бұл салада әсіресе ауыл мектептерінің оқу тәрбие жұмысын жақсарту, оқушылардың білім деңгейін көтеру мәселесі назарда ұсталмақ.

Елбасымыздың 2005 жылғы халыққа Жолдауында көрсеткен, мемлекетіміздің стратегиялық дамуындағы негізгі мәселелердің бірі – ауылдық мекендердің әлеуметтік жағдайларын көтеру, дамыту. Соның ішінде ауыл мектептерінің дамуы да жалпы Қазақстандағы білім жүйесіне қатысты аса маңызды проблемалардың бірі болып отырғаны мәлім. Ауыл мектептерінің оқу тәрбие жұмысына байланысты шешімін күтіп тұрған мәселелер аз емес. Солардың бірі – шағын жинақты бастауыш мектептердегі оқу тәрбие мәселесі.

Қазақстан Республикасы білім туралы заңының 1 бабының 23 тармағында шағын жинақты мектептің жалпы білім беретін мектеп тәрізді, бірақ оқушылар санының аздығымен және сыныптардың бірігуімен, оқу сабақтарын ұйымдастыру формаларының айырмашылығымен ерекшеленеді. Сол сияқты шағын жинақты мектептегі оқу сабақтарында мұғалім жұмыстарының көп пәнділігі, мектеп басшыларының әкімшілік міндеттерінің көп түрлілігіне қарамастан, жалпы білім беретін мектептердің нормативтік құжаттарымен жұмыс істеп, балаларды оқытуға жағдай жасайды деп көрсетілген. Бұл ҚР Білім және ғылым министрлігінің шағын жинақты мектептің негізгі белгілерін айқындап бергендігін көрсетеді.

Осыған қарап ақ, шағын жинақты мектептердің өзіндік ерекшелігін сезінуге болады. Әсіресе, шағын жинақты бастауыш мектептердің оқыту сінідегі қиындықтар жеткілікті. Ол қиындықтар бірнеше себептерден туындайды. Біріншіден, мұндай мектептерде сыныптағы оқушылар санының аздығына байланысты бірнеше сыныптың біріктіріліп оқытылуынан туатын қиындықтар. Екіншіден, бірнеше сыныпқа бірдей бір мезгілде мұғалімнің сабақ беруінен туындайтын қиындықтар. Үшіншіден, әдеттегі мектептер бағдарламасы көлемі, мазмұны және білім сапасына қойылатын талаптар мен шағын жинақты мектептер бағдарламасының көлемі де, оқушыларға қойылатын талаптардың да бірдейлігінен туатын қиындықтар. Төртіншіден, оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстарды саралауға, айқындауға, олардың түрлерін ажыратуға байланысты туындайтын қиындықтар. Бесіншіден, мұғалім кадірлер дайындайтын оқу орындарында шағын жинақты мектептерге бағыттап дайындаудың әлі де болса жолға қойылмай отырғандығы.

Қазіргі таңда ҚР көптеген бастауыш мектептері (әсіресе ауылды жерлерде 50 пайызға жақын) шағын жинақтылық жағдайда білім беруде. Бұлның өзінше ерекшелігі бар педагогикалық үдеріс. Аз комплектілі немесе шағын жинақталған мектеп деп те, бір мұғалім екі не үш сыныппен бір мезгілде жұмыс істейтін мектептерді айтатынымыз белгілі. Мұндай жағдайда әр сыныпта бірнеше оқушы қатар отырып, бір сыныптың ішінде сабақ оқиды. Әрине бұл халқы сирек орналасқан ауылшаруашылық жерлерде кездеседі.

Біз өз жұмысымызда бастауыш шағын жинақталған мектептегі дүниетануды оқытудың жолдары мен әдістерін сөз етеміз.

Осы кезге дейін шағын жинақты мектептер мәселесі жүйелі түрде зерттелмей отыр. Республикада бұл мәселе 1970жылдан бастап қолға алынғанымен, жұлып, тартып, бірер еңбек қана жарық көрді, оның өзі шағын жинақты мектептерді орналастыру, ірілендіру мәселесіне арналды.

1970-80 жылдар арасында Қазақстан Республикасының бастауыш сыныптарындағы шағын жинақты мектептерді зерттеу қолға алынды. А.Асқарбаева мен Ш.Әуелбаевтың «Аз комплектілі бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту», М.Сайпеннің «Аз комплектілі бастауыш сыныптарда математиканы оқыту», Қ.Аймағамбетованың «Аз комплектілі бастауыш сыныптарда табиғаттануды оқыту» атты еңбектері жарық көрді.

Бұл еңбектерде шағын жинақты бастауыш мектептердің өзіндік ерекшелігін талдап көрсетті. Ол ерекшеліктер қатарына мына мәселелерді қамтиды:

1. Үш не екі сынипты қатар оқытқандықтан, мұғалім әр сыныптағы оқушылардың білімін анықтауға, жаңа тақырыпты түсіндіруге, олардыг сабақ барысындағы іс-әрекетін қадағалауға шамамен не бәрі 15-20 минут қана уақыт бөледі. Бұл жағдайда мұғалімнің оқушылармен жұмыс жүргізуінде әрбір минутты үнемді, шебер, тиімді пайдалануды керек етіп, сабаққа мұқият дайындалуды талап етеді. Осының негізінде оқушы мен мұғалімге түсетін психо-эмоциональдық жүктеме ауырлайды.

2. Бір сабақтың үстінде мұғалім әр түрлі жастағы, соған сәйкес ой-өрісімен білім дәрежесі де әр түрлі оқушылармен жұмыс жүргізеді. Мұнда түрлі жастағы балалармен жұмыс істеумен бірге сабақ үстінде бір пәнді түсіндіруден, екінші пәнді оқытуға көшуге тура келеді. Әрине бұл мұғалімнің жұмысын ауырлатады. Бір сыныпқа тапсырма беріп, немесе тақырыпты түсіндіріп болып, келесі сыныппен жұмыс істеуге көшкенде оқушылардың жас ерекшелігіне қарай ыңғайлап, олардың білім дәрежесіне сай түсінік беруге ауыса қою үшін, мұғалім балалар психологиясын жақсы білуі керек.

3. Шағын жинақты бастауыш мектептер көп жағдайда орта мектептерден қашық орналасады. Сондықтан мұндағы мұғалімнің басқа ұстаздардың сабақтарына қатысып, пікір алысу, тәжірибе

алмасу, үлгі-өнеге алу мүмкіндігі шектеулі. Мұндай жағдайда тәжірибелі ұстаздардың өзі білім берудің тиімді әдістерін іздестіріп, шыңдала түсуден гөрі салғырттанып, жауапкершілігі төмендеп, сабақтың тиімділігін нашарлатып алу қаупі де жоқ емес.

4. Тірек мектептер шағын жинақты мектептерден қашық орналасқандықтан, олардың оқу тәрбие жұмысына тиісті басшылық етіп, әдістемелік көмек көрсете алмай келеді.

5. Шағын жинақты мектептер мұғалімдерінің кәсіптік дайындығының төмендігі.

6. Балабақшаның жоқтығынан шағын жинақты мектептерге келетін балалардың дайындығының жоқтығы.

7. Шағын жинақты мектептердің материалдық базасы осы кезге дейін төмен (кітапхана, пән бөлмелері, спортзалы, көрнекі құралдыр т.б.) тіпті осы кезге дейін жабдықталмай келеді.

Бұл жоғарыда айтылғандардың бәрі шағын жинақты мектептердің географиялық орнына және мұғалімнің іс-тәжірибесіне байланысты туындайтын ерекшеліктер. Бастауыш сынып оқушыларында тұрақсыз зейін басым болғандықтан, шағын жинақты сыныптардағы оқушылардың сабақ үстінде бір-біріне алаңдайтын, кейбір өздеріне керексіз мәселелерге көңіл бөліп, уақытын ұттырып алатынын естен шығармаған жөн. Жас балалардың зейінін баурап алу өте қиынға түсетін мәселе. Әсіресе, дауыстап оқу кезінде тақырыптың мазмұнына барлық сынып оқушыларының көңілі ауып кетуі мүмкін. Сондықтан шағын сыныптарда көбіне іштен оқу, сол бойынша түсінігін айтқызу басым болады. Ал дауыстап оқуды көбіне үйге тапсырып отыруға тура келеді.

Бастауыш сыныптардағы дүниетану пәнінің жаратылыстану ғылымдарының құрамына енетінін естен шығармай, үнемі әр тақырыпты оқытып-үйретуді жүзеге асыру жағы қарастырылуға тиісті. Шағын жинақты сыныптарда дүниетану пәнін оқытуды жүзеге асыру үнемі өлкетану принципіне негізделеді. Шағын жинақты мектептерде дүниетану (қоршаған орта) сабақтарын біріктіріп өткізуге көп мүмкіндік бар. Әсіресе, табиғатқа, өндіріске, құрылысқа, ауылшаруашылығына т.б. нысандарға шығатын топсаяхаттарды үш сынипты біріктіре отырып өткізуге болады. Көбіне жыл мезгілдеріне байланысты топсаяхаттарды бүкіл сыниппен бірге өткізілуге өте қолайлы. Мұндай жағдайда топсаяхат кезінде қай сыныптың оқушысы қандай мәселемен айналысады, нені бақылайды, қандай қорытынды шығаруға тиістігін мұғалім алдын ала жобалап алады. Мәселен, күз кезінде 1-сынып оқушылары сол жыл мезгілінің табиғатында, тірі өлі табиғатта болған өзгерістерді бақылау негізінде танысуға тиіс. Ал 2-сынып оқушылары өсімдіктер мен жануарларда болған басты өзгерістерді талдап, бірінші сыныпта алған ұғымдарымен байланыстырып өздігінен қорытынды жасайды. Яғни күн суыды, топырақ тоңазыды, топырақ арасындағы бунақденелілермен қоректенетін құстар жылы жаққа қайтты – деген сияқты. 3-сынып оқушылары болса, өз жеріндегі өсімдіктер мен жануарлардың бірнеше түрін және олардың күзгі тіршілігінің өзгеру себебін саралап түсінуін, ауызша айтып бере алатындай деңгейге көтеріледі. Мұндай жағдайда, топсаяхатқа үш сынипты бірге бір уақытта алып шыққан мен олардың әрқайсысында алдын ала жеке тапсырмалар беріледі. Мысалы, 1-сынып оқушыларына: әр түрлі түскен жапырақтар жинау; ағаштан жапырақтардың қалай түсетінін байқау; бұта, шөп, ағаш өсімдіктерінің күзгі көрінісін байқау тапсырылады. 2-сынып оқушыларына: ағаш, бұта, шөп өсімдіктерінің сыртқы көріністерінің қалай өзгергенін байқау; қандай өсімдіктердің тұқымдарының піскенін біліп, тұқым жинау; әлде де қандай бунақденелілердің кездесетінін байқап, олардың тіршілік әрекеттері туралы айтуды тапсыру. 3-сынып оқушыларына: өз жерлерінде өсетін өсімдіктердің атын атауға тырысу; орманда, далада, суда қандай жануарлардың тіршілік ететінін бақылау; олардың атын жазу; жергілікті жердің өсімдіктерінің, пайдалы қазбаларының жиынтығын жинау тапсырылады. Шағын жинақты сыныптарда оқушылардың білімін тексерудің де өзгешелігі бар. Мұнда Шағын жинақты сыныптарда оқушылардың білімін тексерудің де өзгешелігі бар. Мұнда 3-4 сыныптарда көбіне карточкаға жауап беру, шығарма жаздыру, қысқаша сипаттама жазуды тапсыру сияқты жұмыс түрлері басым колданылады. Ал, 1-2 сыныптарда таратып берілетін көрнекіліктер бойынша сөйлету, ой қорытып, оны бақылаған нысандарымен байланыстыруға мүмкіндік жасау жағы қарастырылады. Бұл сыныптағы оқушылар күрделі мәселелерді жазбаша аша алмайтын болғандықтан, олардың білімі көбіне ауызша тексерілсе, ауызша тексерілсе, 3-4 сынипта берілген жоспар бойынша шағын шығарма, сипаттама орындатуға болады.

Мұндай мектептерде сабақтың қай түрін ұйымдастырса да, оқушылардың өзіндік жұмыс

орындауы басым болатынын айттық. Осыған орай, өзіндік жұмысты жүргізу үшін мына мәселелерге көңіл бөлудің керектігін ескертпекпіз:

1. Өзіндік жұмыс сабақтың қай кезеңінде ұйымдастырылса, тиімді болатындығын ойластыру;
2. жұмыстың түрін анықтау;
3. мұны орындауда оқушыларда талап етілетін мәселе;
4. жұмысты орындау әдісін түсіндіру;
5. жұмысты орындауға кететін уақытты анықтау;
6. жұмысты орындау барысында кездесетін қиындықтар;
7. жұмыстың шығармашылық сипатта болуы;
8. жұмысты қорыту түрі.

Өзіндік жұмыс кезінде жайбарақаттық және үлгермеушілік жасайтын оқушыларға даралап оқыту технологиясын қолдануға болады. Мұндай жағдайда оқушының білім деңгейіне қарай түрлі көрнекіліктерді қолдана отырып тапсырма беріледі. Оқушылар бір-бірімен берілген тапсырманы алмасып та жұмыс жүргізеді.

Қорыта айтқанда бастауыш сыныптардағы дүниетану пәнін оқытуға қойылатын талаптар да, білім беру реформалары мен әдістері де бірдей болғанымен шағын жинақты мектеп ерекшелігіне байланысты оларды ұйымдастыру және қолдану тәсілдері өзгеріп отырады.

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім дамыту тұжырымдамасы. / Егемен Қазақстан, 13 қаңтар 2007ж.

2. Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сатысындағы білім мазмұнының тұжырымдамасы. – Алматы, 2000.

3. Аймағамбетова Қ. Аз комплектілі мектептерде табиғаттануды оқыту. – Алматы: Мектеп, 1983.

4. Аймағамбетова Қ., Жүнісова К. Дүниетану оқулықтарына нұсқау. – Алматы: Атамұра, 2000.

5. Аймағамбетова Қ. «Дүниетану негіздері» және «Дүниетануды оқытудың теориясы мен технологиясы». – Алматы: Жазушы, 2006.

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы обучения познания мира в малокомплектной школе.

Summary

Questions of educating of cognition of the world at small schools are considered.

ЭТАПНАЯ СТРУКТУРА ОБУЧЕНИЯ ДВИГАТЕЛЬНЫМ ДЕЙСТВИЯМ

Г.Р. Ашимханов, С.Т. Кокенов, В.А. Селиванюк – *КазНПУ и колледж им. Абая*

В практике работы даже опытные учителя физической культуры, зачастую в качестве конкретной задачи своего урока указывают: совершенствование (например, прыжка в длину). Сам процесс совершенствования сводится к многократному повторению двигательного действия. Такая практика приводит к тому, что доминирующее большинство учеников (60-65%) не достигают уровня двигательного навыка.

Процесс совершенствования двигательных действий нельзя понимать слишком упрощенно. Более того, недостаточно четкое представление о составляющих структуру процесса обучения понятий: как то «ознакомление», «первоначальное», «начальное», «углубленное», «детализированное», разучивание и другие затрудняют целеполагающий компонент педагогической деятельности учителя. Это обуславливает различные просчеты в подборе оптимальных средств обучения, форм и методов его реализации. В настоящее время реализуется апробированная в практике уроков физической культуры поэтапная структура обучения двигательным действиям, учитывающая специфику предмета «физическая культура» и новую концепцию общего среднего физкультурного образования. Не нарушая общепризнанную этапную структуру формирования двигательного навыка определяет последовательность действий учителя.

Первый этап – подготовительный (учебная информация).

Второй этап – формирование умения выполнить двигательные действия в общей схеме.

Третий этап – формирование двигательного умения.

Четвертый этап – закрепление освоенного движения.

Пятый этап – формирование умений использовать знания, двигательные и инструктивные навыки в процессе самостоятельных занятий.

Первый этап (подготовительный). Сущность этапа – обеспечение у всех учащихся потребного уровня физической и психологической готовности к освоению нового учебного материала.

Характерные особенности. Физиологические: в начале подготовительного этапа необходимо выполнять двигательные действия (физические упражнения), представляющие своеобразные субструктуры предстоящего к изучению физического упражнения. Это обуславливает процесс формирования двигательных координаций, характерных предстоящему к изучению двигательному действию. Более того, обуславливает мотивацию, афферентации.

Психологические. Особенностью подготовительного этапа является необходимость формирования частных двигательных задач (умений), а также возможных программ решения основного двигательного действия. Здесь необходимо направленное развитие интересов и потребностей и одновременно волевых качеств.

Педагогической особенностью этапа является необходимость педагогической диагностики, обоснования цели, задач этапа, отбор оптимальных средств, форм, методов их решения.

Наибольшая трудность, с которой сталкиваются преподаватели – эта определение того момента, когда следует начинать подготовительную работу. Как определять реальные возможности учеников. Это осуществляется в процессе планирования учебного материала, учитывая его преемственность и дидактические взаимосвязи.

Цель подготовительного этапа – обеспечить готовность учащихся усвоить технику предстоящего двигательного действия.

Методы обучения – рассказ о прикладном значении двигательных действий; беседы, ориентированные на формирование нужной мотивации, обобщенные объяснения, словесные инструкции.

Второй этап – формирование умения выполнять двигательное действие в общей схеме. Сущность этапа – на основе знаний и сформированных базовых двигательных координаций обеспечить умение выполнить двигательное действие в целом, соблюдая основу техники хотя бы в грубой форме.

Характерные особенности. Физиологические: выражаются в явлениях иррадиации, недостаточности тормозных реакций, обуславливающих неточность и неустойчивость ритма, защитные реакции, вызывающие ограничение амплитуды и скованность. Этап характеризуется и тем, что, зачастую, первые повторения двигательных действий проявляются на фоне ограниченного сенсорного анализа и коррекций движения, значительного нервного напряжения, вызывают быструю утомляемость.

Психологические: выражаются в недостаточной осознанности двигательных ощущений, в недостачном пониманий динамических характеристик выполняемого двигательного действия связанном с этим недостатком понимания техники, преобладают субъективные ощущения техники.

Педагогические – характерезуется тем, что управление движениями, составляющими целостное двигательное действие, происходит не автоматизировано. Сознание ученика загружено контролем главного звена движения. Работа проявляется нерационально. Способ решения двигательной задачи учеником еще не установлен. В связи с этим возникает необходимость разучивать двигательное действие по частям (звеньям) с последующим овладением ритмом двигательного действия.

Цель этапа – обеспечить усвоение двигательного действия как способность выполнять его, соблюдая общий рисунок.

Третий этап – формирование двигательного навыка. Сущность этапа – формирование способности выполнять двигательное действие с акцентом внимания учащихся на условиях и результате действия.

Характерные особенности. Физиологические: многократное повторение двигательного действия при наличии внутренней и внешней корректирующей информации обуславливает систематическое уточнение афферентного синтеза программы действия. Процессы возбуждения и торможения уточняются и концентрируются, систематизируются на двигательное действие. Формируется двигательная дифференцировка, систематизируется протекание неравных процессов. Ведущим в управлении движениям является двигательный анализатор.

Психологические – в процессе уточнения структуры двигательного действия осознанными становятся его временные, пространственные и динамические характеристики; расширяются возможности осознанной коррекции двигательного действия; уточняются двигательные представления и ощущения. Формируется установка на усвоение двигательного действия, развиваются волевые качества.

Педагогические – в процессе взаимодействия учитель-ученик формируется способность выполнять двигательное действие сравнительно легко; углубляется понимание его техники; уточняются временные и пространственные характеристики; устраняются искажения в технике. Деятельность учитель-ученик приобретает характер консультативного взаимодействия.

Цель этапа – обеспечить способность учащихся технически правильно и свободно выполнять двигательное действие в целом.

Методы обучения:

1. Многократное повторение двигательного действия с акцентом на детальное усвоение техники.
2. Выполнение движения через более сложный вариант.
3. Выполнение упражнения с проговариванием про себя и вслух.

Четвертый этап – закрепление освоенного движения. Начинается после того, как сформировался двигательный навык.

Сущность этапа – достижение стабильности выполнения двигательного действия. Условия, которые использовались для формирования навыка на предыдущем этапе, обычно не применяются, однако учебный процесс нацелен на приобретение запаса прочности в воспроизведении техники изучаемого движения. Учащиеся ориентируются на выполнение двигательного действия свободно, с акцентом на развитие движения в моментах приложения основных усилий и конечный результат. Увеличивается объем и интенсивность нагрузки.

Характерные особенности. Физиологические: обусловлены процессом закрепления функциональной системы на уровне динамического стереотипа корковой деятельности. Заметно сокращается время протекания афферентного синтеза, сужается обратная афферентация. Управление двигательным действием осуществляется по сигналам двигательного анализатора, повышается устойчивость нервной системы, прочность и долговременность двигательных координаций.

Психологические – связаны с частичным освобождением сознания от излишнего контроля за звеньями движения. На этом этапе сознание контролирует лишь наиболее важные элементы техники и его результаты. Это не означает, что сознание не участвует в процессе выполнения упражнения, но оно иначе осознается.

Педагогические особенности обуславливаются целью этапа, задачами, решаемыми для достижения уровня навыка, а также физиологическими и психологическими процессами. Закрепление изученного двигательного действия достигается при многократном повторении, одноко при возникновении симптомов утомления, влекущих за собой искажение техники, необходимо прекращать повторения. Другая особенность этапа – нацеленность деятельности учителя на детализацию техники, варьирование ее возможных вариантов. Упражнение должно выполняться в усложненных условиях с изменением интервала отдыха и интенсивности, наиболее часто используется метод слова – идеомоторная тренировка, обсуждение результатов выполнения упражнения с учителем, между учениками, выполнение упражнения с проговариванием вслух и про себя. Из группы методов обеспечения наглядности чаще всего используют демонстрацию видеозаписей, замедленный показ, схемы, рисунки, кинограммы и др.

Цель этапа – достичь стабильности выполнения двигательного действия при повторных выполнениях.

Пятый этап – формирование условий использовать знания, двигательные и инструктивные навыки в процессе самостоятельных занятий. Вводится в соответствии со спецификой концепции физкультурного образования по предмету «физическая культура». В настоящее время активизировалась работа по обоснованию содержания, форм, методов организации самостоятельных занятий школьников.

Сущность этапа выражена в целенаправленном и систематическом включении изучаемых на уроках двигательных действий, в содержании различных форм проявления физкультурной дея-

тельности учащихся. Такая трансформация может быть осуществлена посредством внеурочных форм организаций физического воспитания, а также внешкольных.

Характерные особенности. Физиологические: обуславливают формирование функциональной системы отдельных элементов «блоков» физкультурой деятельности учащихся. На этом этапе двигательный навык приобретает вариативный характер, индивидуализируется и адаптируется к различным условиям внешней среды, чтобы использовать его с целью совершенствования своей телесной природы.

Психологические – определяются расширением представлений учащихся о своих двигательных способностях, методах их совершенствования. На этом этапе предъявляются большие требования к волевой сфере учащихся. Осуществляется интеграция специальных знаний и инструктивных навыков.

Педагогические – базируются на психофизиологических свойствах и связаны с теоретической и двигательной подготовкой к элементам физкультурной деятельности. Особенностью этапа является еще и то, что педагогический коллектив школы имеет возможность устанавливать функциональные связи между всеми формами организаций физической культуры.

Цель этапа – формирование умений использовать специальные знания, двигательные навыки и умения, применять соответствующие методы для собственного физического совершенства.

1. *Лях В.И. Ориентиры перестройки ФВ в общеобразовательной школе.*
2. *Теория и практика ФК. – 1990, № 9. – С. 10-14.*
3. *Холодов Ж.К., Кузнецов В.Е.. Теория и методика ФВ и спорта, учебник – М.: Академия, 2000. – С. 52-63.*
4. *Матвеев Л.П. Теория и методика ФК, учебник – М.: ФиС., 1991.*
5. *Матвеев А.П. Очерки по теории и методике ФКиС, уч. пособие. – М.: Просвещение, 1999 – с. 5-7.*
6. *Минбулатов В.М. Физическая культура в школе (очерки дидактических основ ФК), – Махачкала: Дугучпедгиз, 1992 – с. 32-41.*

Түйін

Бұл мақалада дене шынықтырудағы қозғалыс әрекеттерінің кезеңдері мен құрылымдарын бағытты үйретулер қарастырылған.

Summary

Direction structures of pores in the article body attempts of motion to teach examined.

ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУДЫҢ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОЛДАРЫ

Н.У. Ерубаев – *сауықтандыру дене мәдениеті кафедрасының аға оқытушысы, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Сауықтыру жаттығуларымен айналысқан адамдар тұрақты, жылына бір рет жан-жақты дәрігерлік бақылаудан өтуі, қажет кездерде отбасылық амбулаториядағы емдеуші дәрігеріне қаралып тұруы керек. Сонымен бірге өз бетімен сауықтыру жаттықтырулары кезінде денсаулық күйін, адам ағзасының жүктемеге әсерін, ағзаның қандай дене қуаты дайындық деңгейінде екенін анықтаудың, тұрақты бақылау, бағалау жүргізіп отырғанның маңызы өте зор /1, 2, 3/.

Күнделікті адамның күнделікті ұйқысы, тәбеті, көңіл-күйі жаттығуға ықыласы, жаттықтыру мазмұны (мысалы, 5 км жүгіру, жалпы адамның төзімділігін бақылау, күш, икемділік жаттығулары – 15 мин т.с.с.) таңертең, жүгіру алдында, соңында, ұйықтар алдында ЖСЖ т.б. қажетті мәліметтер жазылып отырылады.

Жетісіне бір рет орындалған жаттықтырулар қорытындыланады. Ол үшін күнделікке бір жетідегі орындалған таңғы гимнастикалық жаттығулар, жаттықтырулар, басқа қимыл белсенділігі әрекеттерінің саны, ұзақтығы жазылады.

Жылына үш рет арнайы дәрігерлік бақылаудан өту өте қажет. Дәрігерлік бақылаулар келесі өлшемдерден тұрады: бой, салмақ, кедуе клеткасы көлемі, тамыр соғысы, қан қысымы, өкпенің тіршілік сыйымдылығы, тыныс жиілігі (Штанге, Генче сынамасы) саусақ қол күші, орнынан ұзындыққа секіру, етпетінен жатып еденнен итерілу, жүруден, суға шаңғы тебеуден Купер тестері арқылы жалпы төзімділікті тексеру және тексерудің түрлері: ағзаның қалпына келуін бақылау сынақтары.

Тамыр соғыстан есептеу арқылы жүректің қызметін мөлшерлеп білуге болады. Еркектерде тамыр соғысы 50 соғу/минут болса – өте жақсы, 65-тен төмен – жақсы, 65-75 – қанағаттандырар-

лық, 75 жоғары – нашар деп есептелінеді. Әйелдер мен жасөспірім балаларда осы көрсеткіштер жоғары болады.

Баспалдақ сынағы. Өзіңнің жаттыққандық деңгейінде анықтау үшін бір қарқында, тоқтап дем алмай төртінші қабатқа көтеріліп, тамыр соғысынды есепте. Егер 100 соғу/минуттан төмен соқса – өте жақсы, 120-дан төмен – жақсы, 140-тан төмен – қанағаттандырарлық, 140-тан жоғары – жаман (1, 2, 3).

Отырып-тұру сынағы. Тік тұрған қалыпта тамыр соғыстан есептеңіз. Ақырын қарқында қолыңызда алдыға созып 20 рет отырып тұрыңыз. Жасы үлкен адамдарға отырып, тұру кездерінде орындық немесе столдан ұстауға болады. Жаттығуда орындап болғаннан соң тамыр соғысын есептеңіз. Жүктемеден кейінгі тамыр соғысы жиілігі 25% және одан аз өсуі – өте жақсы, 25-50% өсуі – жақсы, 50-75% өсуі – қанағаттандырарлық, 65% жоғары – жаман деп есептеледі.

Бірқалыпты секірулер сынағы. Тамыр соғысын есептеп алып, тік тұрамыз, қолымыз белімізде. 30 секунд бойы аяқтың ұшымен, жеңіл түрде, еденнен, 5-10 см биіктікке 60 рет секірулер орындаймыз. Секірулерді орындап бола сала тамыр соғысы жиіліктерін есептейміз. Бағалау алдыңғы отырып, тұрулар сынағы секілді алынады.

Тыныс алу. А) Өкпенің тіршілік сыйымдылығын (ӨТС) спирометр құралы арқылы өлшеу. Денсаулығы жақсы ер адамдарда орташа 3-3 л, әйел адамдарда 2-3 л болуы қажет; б) Штанге сынамасы. Орындықта отырған қалыпта терең дем алып, мұрнымызды қолымызбен қысып, тыныс алуды тоқтатамыз. 90 сек тыныс алуды тоқтату – өте жақсы, 60-90 сек – жақсы, 30-60 сек – орташа, 30 сек – жаман деп есептеледі.

Қан қысымы. Қан қысымы медициналық танометр арқылы өлшенеді. Денсаулығы жақсы адамдарда қан қысымы орташа 120/80 болуы қажет.

Салмақ. Дұрыс салмақ мөлшерін білу үшін, өлшенген салмақты (грамм) бой ұзындығына (см) бөлеміз. Шыққан сан 300-500 аралығы қалыпты, 300-ден төмен аз, 500-ден жоғары көп, артық салмақ деп есептеледі.

Физиологикалық сынамалар. Ішінде ең қарапайым сынама Мартинэ сынамасы деп есептеледі. Бұл сынамада жүрек-қан тамыры жүйесінің жүктемеге қатынасы, ағзаның жүктемеден кейінгі қалпына келуі арқылы анықталады. Орындалуы: Тамыр соғысын тыныштық күйінде есептейміз. 30 секунд уақытта қолымызды алдыға созып, 20 рет отырып-тұрамыз. Жаттығуды орындап болғанан кейін ЖСЖ, 59 секунд уақытта қалпына келсе – өте жақсы, 1 мин – 1 мин 29 сек уақытта – жақсы, 1,30-1,59 – орташа, 2-3 мин – қанағаттандырарлық, 3 мин жоғары – қанағаттандырарлықсыз деп есептеледі.

Ағзаның жүкетемеге (жүру, жүгіру, суға жүзу, шаңғы тебу т.б.) бейімделгендігін анықтайтын тағы бір сынама – 3 мин уақытта ЖСЖ-нің қалпына келуін анықтау. Ол үшін тамыр соғудың қалпына келу коэффицентінін формула арқылы есептейміз: Жүрек соғу жағдайын (жүктемеден 3 мин. кейін) х 100 тамыр соғудың қалпына келу коэффиценті.

Формула бойынша есептелген тамыр соғудың қалпына келу коэффиценті 30% аз болса, ол – ағзаның жүктемеден кейінгі жақсы қалпына келгені, жүктемеге жақсы бейімделгендігі.

Сынақ жаттығулары. Американ ғалымы, физиолог К.Купер ұсынған жүру, жүгіру, суға жүзу, велосипед тебу сынақ жаттығуларын мақаланың келесі беттерінде көрсетілген (1, 2 кесте)

1-кесте – Үш сауықтыру жүрісінің тест сынағы (Американ ғалымы К.Купердің зерттеуі бойынша, 1989)

Дене қуатының дайындық дәрежесі		3 миль (4800 м) қашықтыққа жұмсалған уақыт, минут, секунд					
		Жастары					
Бағалау	Жынысы	13-19	20-29	30-39	40-49	50-59	60-жоғары
Өте жаман	Ер	45,00 жоғарғы	46,00 жоғары	49,00 жоғарғы	52,00 жоғарғы	55,00 жоғарғы	60,00 жоғарғы
	Әйел	47,00 жоғарғы	48,00 жоғары	51,00 жоғарғы	54,00 жоғарғы	57,00 жоғарғы	63,00 жоғарғы
Жаман	Ер	41,01-45,00	42,01-46,00	44,31-49,00	47,01-52,00	50,01-55,00	54,01-60,00
	Әйел	43,07-47,00	44,01-48,00	46,31-51,00	49,01-54,00	52,01-57,00	57,01-63,00

Қанағаттан-дырылған	Ер	37,31-41,00	38,31-42,00	40,01-44,30	42,01-47,00	45,01-50,00	48,01-54,00
	Әйел	39,31-43,00	40,31-44,00	42,01-46-30	44,01-49,00	47,01-52,00	51,01-57,00
Жақсы	Ер	33,00-37,30	34,00-38,30	35,00-40,00	36,30-42,00	39,00-45,00	41,00-48,00
	Әйел	35,00-39,30	36,00-40,30	37,30-42,00	39,00-44,00	42,00-47,00	45,00-51,00
Өте жақсы	Ер	33,00 төмен	34,00 төмен	35,00 төмен	36,30 төмен	39,00 төмен	41,00 төмен
	Әйел	36,00 төмен	36,00 төмен	39,00 төмен	39,00 төмен	42,00 төмен	45,00 төмен

2-кесте – Әр түрлі жастағы адамдардың 12 минуттық жүгіруден сынақ жаттығуларын алу арқылы дене қуаты дайындығы деңгейін анықтау (К.Купердің ұсынысы бойынша 1987)

Дене қуаты дайындығын бағалау	**3 миль (4800 м) қашықтыққа жұмсалған уақыт, минут, секунд**					
	Жастары					
	13-19	20-29	30-39	40-49	50-59	60-тан жоғары
Ерлер						
Өте жаман	2,1-ден аз	1,95-тен аз	1,9-ден аз	1,8-ден аз	1,65-ден аз	1,4-ден аз
Жаман	2,1-2,2	1,95-2,1	1,9-2,1	1,8-2,0	1,65-1,85	1,4-1,6
Қанағатлық	2,2-2,5	2,1-2,4	2,1-2,3	2,0-2,2	1,85-2,1	1,6-1,9
Жақсы	2,5-2,75	2,4-2,6	2,3-2,5	2,2-2,45	2,1-2,3	1,9-2,1
Өте жақсы	2,75-3,0	2,6-2,8	2,5-2,7	2,45-2,6	2,3-2,5	2,1-2,4
Кремет	3,0-жоғары	2,8-жоғары	2,7-жоғары	2,6-жоғары	2,5-жоғары	2,4-жоғары
Әйелдер						
Өте жаман	1,6-ден аз	1,55–тен аз	1,5-ден аз	1,4-ден аз	1,35-тен аз	1,25 тен аз
Жаман	1,6-1,9	1,55-1,8	1,5-1,7	1,4-1,7	1,35-1,5	1,25-1,35
Қанағатлық	1,9-2,1	1,8-1,9	1,7-1,9	1,6-1,8	1,5-1,7	1,4-1,55
Жақсы	2,1-2,3	1,9-2,1	1,9-2,0	1,8-2,0	1,7-1,9	1,6-1,7
Өте жақсы	2,3-2,4	2,15-2,3	2,1-2,2	2,0-2,1	1,9-2,0	1,75-1,9
Кремет	2,4-жоғары	2,3-жоғары	2,2-жоғары	2,1-жоғары	2,0-жоғары	1,9-жоғары

1. Уанбаев Е.Қ. Оқу құралы. – 205 б.

2. Зациорский М.Я. Физические качества спортсмена – М., 1980, 200 с.

3. Кофман Л.Б. Настольная книга учителя физической культуры – М.: ФиС., 1998.

Резюме

В данной статье представлены методы определения физического состояния человека.

Summary

This article introduces the methods for determining the physical condition of the person.

ТЕРМИННІҢ ТІЛДІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕ АЛАТЫН ОРНЫ

А.Х. Хасенова – *магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Термин ғылыми тілдің орталық компоненті болып табылады. Қазіргі заманғы тіл ғылымында термин мен терминология мәселесі бұрыннан бері келе жатқан дәстүрлерге ие, сөйтсе де осы кездің өзіне дейін терминнің тілдің лексикалық жүйесінде алатын орны туралы, терминніңболмысы, оның тілдік табиғаты мен лингвистикалық нормативтілігі туралы мәселе әлі шешілмеген түрінде қалып отыр. ХХ ғасырдың сонау бас кезінде шетелдік тіл білімінде термин теориялары пайда бола бастайды, аталмыш теориялар оның мәнін, және соған сәйкес оның тілдің лексикалық жүйесіндегі алатын орнын әртүрлі белгілейтін. Зерттеушілердің бірі терминдерді математикалық, физикалық немесе химиялық формулаларға жатқызса, енді біреулері терминдерді барша қолданатын сөздерге қарсы

қоятын (Сэйвори), үшіншілері терминдерді мамандардың жаргондарымен теңейтін немесе терминдерді бейтарап аналитикалық белгілер «иероглифтер» ретінде қарастыратын [i].

Терминге қатысты бұл теориялық көзқарастарды «арнайы тілге (мамандардың қатынас тіліне) деген қызығушылықтың филологтар ортасында туындамағанымен» түсіндіруге болады [ii, 170 б.]. отандық тіл білімінде термин теориясы XX ғасырдың 20-жылдарынан бастап кең тарауға ие болды, алайда термин проблемасын шешу ісінде бұл жерде де көзқарастар бірдей болмады. Терминді зерттеу мәселесімен Л.П. Ягубинский, Г.О. Винокур, В.В. Виноградов, А.А. Реформаторский, Д.С. Лотте, В.П. Даниленко, А.С. Герд, О.С. Ахманова, А.И. Моисеев және т.б. тәрізді белгілі ғалым лингвистер айналысты.

Терминологиялық мектептердің ізбасарлары термин феноменін әртүрлі түсіндіреді. Зерттеушілердің бірі термин және терминологияны тілден шығарып тастайды, себебі терминді көбінесе тілден тыс құбылыс деп санайды. Олар терминді жалпы тілдің сөзіне қарсы қояды: «Тілде көптеген терминологиялық жүйелердің дербес түрде өмір сүру фактісінің өзі оларды өздеріне жалпы тілдік лексика жүйесінде жоғалып кетуге мүмкіндік бермейтіндей етіп ұйымдастыру туралы болжамның орын алу мүмкіндігіне жол береді». Зерттеушілердің бұл пікірі классик-лингвист Л.П. Якубинскийдің екі лексикалық категорияны – тұрақты және тұрақсыз сөздерді бөлу қажеттілігі туралы келесі тезисінен сусындайды: «Ең өмірлік және былайша айтқанда, қоғам өмірінің тұрақты құбылыстары мен оқиғаларына жататын сөздер тұрақты болып табылады. Сөздіктің тұрақсыз элементтеріне керісінше шаруашылыққа, әдеттегі тұрмысқа тікелей қатысы жоқ немесе кең түрдегі тілдік алмасудың заты болып табылмайтын элменттер жатады...» [iii].

Енді бір зерттеушілер терминді әдеби тілдің толық құқылы мүшесі деп санайды: терминдер таралу саласымен негізделген арнайы қызметімен бөленген лексикалық қабат болып келеді. Өзін зерттеушілер Н.З. Котелова, А.И. Моисеев, Л.Л. Кутина, А.С. Суперанская және т.б. қолдайтын бұл көзқарас осы зерттеуде қолдау көріп отыр.

Орыстың тілдік негізінде ресімделген ғылыми тілді алғаш тереңдетіп зерттеуші Л.Л. Кутина «ұлттық (орыс) әдеби тілінің қалыптасуына қоғамдық іс-тәжірибенің белгілі бағыттары мен қажеттіліктерімен байланысты болып келетін оның қызметтік түрлерінің пайда болуы мен ресімделуі әсерін тигізгендігін көрсетті. Аталмыш түрлерінің бірі болып ғылыми терминологиялардың түрлі жүйелері бар ғылыми тіл табылады» [iv].

Осыған ұқсас көзқарасты А.И. Моисеев ұстануда: «Тілдің барлық нормативтік құралдары, ол жалпы қолданыстағы сөздер немесе арнайы терминдер болсын, бірдей әдістер мен құралдармен қалыптасқан сол бір дыбыстардан құралады, сөз өзгерудің ортақ жүйесіне ие болады, сөзде ортақ синтаксистік ержелер бойынша қосылады. Арнайы терминдер заттар мен құбылыстарды атау қажеттігіне негізделумен пайда болады, олар тілде айтылуы, құрылымы мен мағынасы өзгерумен өмір сүреді, және тілдегі барлық нәрсе тәрізді қажеті болмай қалғандықтан немесе басқа жағдайларда тұтынудан шығып қалуы мүмкін» [v, 159-б].

А.И. Моисеевтің пікірінше арнайы терминологямен қатар сондай-ақ «тұрмыстық терминология» болады. Іс-жүзінде термин ретінде қатаң номинативтік қызметін орындайтын тілдің кез келген сөздері бола алады. Н.З. Котелованың пікірінше «терминдерге сөздердің жалпы тілдік қасиеттері тән болып келеді» және ол өз пікірін былай деп жалғастырады «ғылыми білімдердің дамуы белгілеудің терминделген әдісінің тілде барған сайын дамуына әкеледі, барған сайын жаңа реалия өзінің басқаларымен қатыстылығын меңзеумен терминделген белгілеуге ие бола бастайды. Әдеби тілде термин-сөздердің санының барған сайын артуы және әсіресе тілдің жаңа сөздерінің арасындағы олардың процентінің үлкен болуы осымен түсіндіріледі» [vi].

Термин теориясы жайлы, оның онтологиялық мәні жайлы мәселелер тіл философиясы проблемаларына, сөздің белгілік табиғатына қатысты. Бұл мамандардың пікірлерінің терминтанудағы негізгі екі бағытқа бөлінуінің бастапқы нүктесі болып табылады.

Терминнің лексикалық жүйедегі алатын орнына қатысты көзқарастардың әртүрлі болуының себебі: зерттеушілердің бірі терминді ерекше белгілік жүйе ретінде бағаласа, енді біреулері терминді өзге кез келген сөз тәрізді сөз деп санайды. Алғашқы көзқарасты Е.Н. Толкина, Т.Л. Канделаки. А.С. Герд және «Терминологиялық мағынаны басқаруға, оны өзгертуге, өзге денотатқа жатқызуға болады, ал жалпы қолданатын лексикаға келетін болсақ, бұл жерде адамдар лексикалық мағынаны басқара алмайды. Мәселе терминнің белгілейтін түсініктің немесе денотаттың кәсіби белгіленуінде жатыр» деген пікірді ұстанатындар ұстанады [vii, 4 б.].

Бұл зерттеушілер өздерінің көзқарастарында терминнің «конвенционалдығы», сол не өзге

саладағы мамандардың тілдік белгіні терминделетін түсінікті белгілеу үшін таңдалуы туралы келісімге келеді деген бірдей пікірді ұстанады. Бұл пікірге Е.Н. Толкина да қосылады: «Жалпы әдеби тілде өзге семиотикалық жүйенің режимімен реттелетін тілдік белгілер ретінде терминдер жоқ, ал туындауы бойынша термин болып табылатын сөздер бар» [[viii], 63 б.].

Өзге зерттеушілер терминді жалпы қолданыстағы әдеттегі сөз тәрізді дәл сондай екі жобалы белгі деп санаумен терминді әдеттегі сөздерге қарсы қоймайды (А.И. Моисеев, Л.Л. Кутина, А.Х. Султанов) және жалпы қолданыстағы сөзге қарағанда термин мүлде ерекше белгілік ерекшелікке ие болмайды. Ерекше болып терминнің тілдік қызметі, оның таралу саласы ғана табылады [5, 128 б]. Соған сәйкес терминнің статусы оның табиғи ортада номинативтік-дефинитивтік жүйе ретінде қызмет етуінің жағдайларымен белгіленуі тиіс.

А.Х. Султанов былай деп жазады: «біз терминге тар ерекше міндетпен белгіленетін алдын ала белгіленген қасиеттерді беруге *тырысамыз*, бұл тірі сөз алапатымен күресті тудырады» [[ix], 7 б]. Біз өз зерттеуімізде Л.Л. Кутинаның терминнің белгілік табиғаты жайлы көзқарасын ұстанамыз: «Егер де ғылыми белгілерді таңдау туралы айтатын болсақ, ол тілдік дәстүрмен белгіленген, ол конвенционалды емес, дәстүрлі болып келеді» [4].

Жалпы алғанда терминтану бойынша әдебиетке жасалған сынды шолу терминге ерекше сөзге қарағандай қарау күмән тудыратынын көрсетті. Термин – лексикалық мағынаның ерекше түрі емес, бұл қызмет, лексикалық мағынаны пайдаланудың түрі екені дәлелденген (Б.Н. Головин, А.А. Реформаторский). Демек, «егер терминді мамандардың тар шеңберінен тыс біліп, пайдаланса, онда оның осы саладағы ерекшелігі жоғалады» [5, 127 б.]. Сөздер мен терминдер бір бірінен қызметтері бойынша қаншалықты айырмашылықтанғанымен, оларды өзара толықтай оқшауланған түрде елестету мүмкін емес.

Осылайша ғылыми тіл – жалпы әдеби тілдің өз бетінше қызметтік түрі (ішкі жүйесі), ол көркем тіл мен сөйлеу тілі тәрізді қызметтік түрлермен тең қатарда орналасқан. «Терминология дегеніміз – бұл арнайы лексика емес, арнайы пайдаланудың қабаттарына бөлінетін лексика» [5, 130 б].

1. *Лейчик В.М. Новое в советской науке о терминах // Вопросы языкознания, 1983. – №5. – 118-127 б.*
2. *Граудина Л.К., Ширяев Е.Н. Культура русской речи – М., 1998.*
3. *Якубинский Л.П. Происхождение языка. Избранные работы. Язык и его функциониро-вание. – М., 1986.*
4. *Кутина Л.Л. Языковые процессы, возникающие при становлении научно-терминолгических систем // Лингвистические проблемы научно-технической терминологии – М.: Наука, 1970.*
5. *Моисеев А.И. О языковой природе термина // Лингвистические проблемы научно-технической терминологии – М.: Наука, 1970.*
6. *Котелова Н.З. К вопросу о специфике темина // Лингвистические проблемы научно-технической терминологии – М.: Наука, 1970.*
7. *Лемов А.В. Система, структура и функционирование научного термина – АКД. – Н.Новгород, 2000.*
8. *Толикина Е.Н. Некоторые лингвистические проблемы изучения термина – В сб.: Лингвистические проблемы научно-технической терминологии – М.: Наука, 1970.*
9. *Султанов А.Х. О природе научного термина. Проблемы философии языка. – М., 1996.*

Резюме

Данная статья раскрывает основные теоретические положения по формированию терминов, которые могут быть использованы в исследовательских работах по терминологии.

Resume

This article builds with the main theoretical guidelines according to forming the termins which may be used on scientific research works on terminology.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

А.М. Шамова – *2 курс магистранты,*
Магистратура және PhD докторантура институты,
педагогика-психология мамандығы, Абай атындағы ҚазҰПУ,

Қазіргі кезде бастауыш сыныпта оқыту мазмұны жаңартылып, оқыту мен тәрбиелеуді жетілдірудің жаңа мүмкіндіктері ашылуда. Бастауыш сынып мұғалімі бағдарлама көлемінде ғана білім беріп қоймай, пәндер арқылы баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуі тиіс.

Бастауыш мектеп жасындағы баланың танып білуге қабілеті оқу үрдісінде қалыптасатындықтан, осы жастағы қарым-қатынас шеңберінің кеңеюінің маңызы ерекше.

Кіші мектеп жасында негізгі іс-әрекет түрі – оқу. Оқу үрдісінде баланың қабілетін ашып, тануға қызығушылығын арттыру арқылы танымдық мүмкіндіктерін дамыту оқытушының негізгі міндеті болып табылады.

Сондықтан әр түрлі жастағы оқушылардың қабілеттілігінің озық мазмұны, ерекшеліктері зерттеушілер үшін қиыншылық тудырады. Себебі, оқушы бойындағы қабілетін қалыптастыру мен оның дамуы – жеке баланың іс-әрекеті мен оны ғылыми негізде тиімді ұйымдастыра білетін оқытушы еңбегі арқылы жүзеге асатын өте күрделі үрдіс.

Бастауыш сынып оқушыларының "бұл не?", "неліктен?", "неге?" және т.б сұрақтар қоюға, білуге, ұғуға талпынуы олардың табиғи қажеттілігі болып саналады. Өзі білмеген, түсінбеген сұрақтарға үлкендерден жауап күтетіндігі заңды құбылыс. Балалар үздіксіз дамиды, олардың қабілеттілігі артқан сайын негізгі үлгіні ата-анасынан, мұғалімнен алады.

Осы орайда педагог ғалым М.Жұмабаевтың "Жас бала – жас бір шыбық. Жас күнінде қалай исең, өскенде сол иілген күйінде қатып қалмақ. Теріс иіліп қалған шыбықты артынан түзейміз десең, сындырып аласың"[1], – деген пікірі ұрпақ тәрбиесімен айналысатын педагогтарға үлкен жауапкершілікті жүктейтінін ескеру қажет.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңының 5-тарауындағы 41-ші баптың 1-ші бөлімінде: "...педагог қызметкерлер өз біліктілігін арттыруға мінтетті" – деп көрсетілуі [2], "Қазақстан – 2030" стратегиялық бағдарламасында елбасының біз балаларымызға өзіміздің жақын және алыс көршілерімізбен достық қарым-қатынасымызды мұра етіп қалдыруымыз керек" [3] – деген сөзі бүкіл ағартушы қауым алдында зор міндеттер жүктеп отырғандығы белгілі.

Бұл міндеттер бастауыш сынып оқушыларының танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамытумен тікелей байланысты. Оқушылардың қабілетінің ашылуы көбінесе мұғалімнің кәсіби біліктілігіне және оның тұлғалық қасиетіне байланысты. Көбінесе "дарынды оқушы – бұл жақсы оқитын оқушы" деген пікір қалыптасқан.

Белгілі ағылшын психологі П.Торренстың зерттеулері бұл пікірдің мұғалімдер арасында жиі кездесетінін көрсетеді. Оларға оқуда қиыншылық туғызбайтын, тәртіпті, ұйымшыл, білімді, тұрақты, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын оқушылар көбірек ұнайды. Ал қисынсыз сұрақ қоятын, өз жұмысымен ғана айналысатын, тәуелсіз, көбінесе түсініспеушілік туғызатын, қиялы, әр нәрсеге көзқарасы бөлек оқушылар ұнамайды.

Э.П. Торренстың зерттеулері нақ осы қабілеттіліктер шығармашылық дарынын көрсете алатын және оның нашар оқитын оқушылардың арасында да аз еместігін айқындаған [4].

Әрбір бастауыш мұғалім жаңашыл үлгідегі педагогикалық технологияларды меңгерудегі мынадай ережелерді басты ұстаным етіп алған жөн:

– Оқытуда мұғалім оқушының өзара шығармашылық қарым-қатынасы ретінде қабылдау;

– Күрделі мақсат идеясы (оқушының алдында барынша күрделі мақсат қойылып, оны орындай алатындығына сенімін нығайту);

– Ерікті таңдау (мұғалімнің оқу материалының жақсы меңгеруі мақсатында сабақ уақытын өз бетінше пайдалануы);

– Оқушылардың өзін-өзі шығармашылық басқаруы;

– Тәрбиеге жеке тұлға тұрғысынан қарау;

– Ата-аналармен ынтымақтастық құру және т.б.

Бастауыш сынып оқушыларының қабілетін дамытудағы өзекті мәселелерің бірі – бастауыш мұғалім біліміне қойылатын талаптар:

- өзінің сабақ беретін пәнін мемлекеттік стандарт деңгейінен жоғары деңгейде білу;
- оқушының ерекшеліктерін ескере білуі;
- қазіргі заманға сай оқудың жаңа технологияларын білу;

Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушыларының қабілетін дамытудағы мұғалімнің іскерлігі жоғары деңгейде болуы қажет. Олар: жоғары кәсіби қызметін өздігінен жетілдіруге ұмтылушылық.

Бастауыш сынып оқушыларының қабілетін дамыту үшін сабақтарды мынадай жолдармен өткізуге болады:

1. Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;
2. Сабақты түрлендіріп өткізу;
3. Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, схемаларды пайдалану;
4. Техниклық құралдарды тиімді қолдану
5. Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.

Сол сияқты білім дәрежесін тексеріп, бақылап нәтижелерін жақсы көрсеткіштерге жеткізудегі тест қолданудың ерекше орны бар. Тест бастауыш сынып оқушыларының, әсіресе 3-4 сыныптағы балалардың рефлекциялық қабілеттерін жетілдірсе, екіншіден уақытты үнемдеуге қолайлы тәсіл.

Бүгінгі таңда бастауыш сынып оқушыларының қабілетін шығармашылықпен байланыстырып жүргізудегі іс-тәжірибелер аз емес. Республикалық халықаралық деңгейде өтіп жатқан білім беруді дамытудағы мәдени, ғылыми-практикалық іс-шаралардың барысы соның дәлелі.

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілетін дамытуда олардың жеке басының қалыптасуындағы білімі мен тәрбиесінің рөлі жайлы өзекті мәселелерді елімізге танымал әдіскер-ғалымдар мен тәжірибелі озат ұстаз қауымы кеңінен зерттеуде.

Қазіргі заман психологиясы мен педагогикасында психологиялық шығармашылық аумағындағы зерттеулер баршылық. Өйткені қоғамдық тәжірибе шығармашылық жетістік тұлғалық емес, әлеуметтік мағынаға ие болғандығын мойындап, психология-педагогикалық тұрғыдан осы проблемаға баса назар аударуға мүмкін туғызуда.

Осыған орай «креативтілік» ұғымының мазмұнына назар аударсақ, ол ағылшынның “Creativity” сөзінен аударғанда шығармашылық деген мағынаны береді.

Кейбір ғалымдар (Н.В. Кипиани, А.М. Матюшкин, Я.А. Пономарев, И.Н. Семенов және т.б.) шығармашылықты психиканың даму механизмі мен негізі ретінде қарастырса, енді біреулері (Н.Г. Алексеев, С.М. Бернштейн, В.С. Библер, В.Н. Пушкин, О.К. Тихомиров, Э.Г. Юдин және т.б.) зерттеуде ойлау заңдылықтарымен байланыстырады.

Шетел ғалымдары зерттеулеріндегі креативтілікке берілген анықтамалар мен басқа ұғымдарды талдай отырып, Р.Холлн төмендегілерін ерекше бөліп көрсетеді: Креативтілік жаңа тәсілмен жүзеге асырылған қабылдау ағыны (Маккеллар); жаңа байланыстар табу қабілеті (Кюби); жаңа қарым-қатынастардың пайда болуы (Роджерс); жаңа шығармалардың туындауы (Меррей); жаңалықтар ашуға және оларды білуге қабілеті (Лассуэль); жаңа шешімдерге әкелетін ақыл-ой іс-әрекеті (Жерар); жаңа ұғымға тәжірибені көшіру (Тейлор); жаңа констелляциялық мағыналардың елесі (Гизелин).

Бастауыш сыныпта оқушылардың қабілетін дамытудығы жаңа педагогикалық технологияларды әр пән бойынша тиімді қолдана алсақ, онда білім беру сапасының өз нәтидесін беретіндігі сөзсіз.

Қазіргі таңда оқушылардың шығармашылық қабілеттілігін арттырудағы "Деңгейлеп оқыту технологиясы", "Модульдік оқыту технологиясы" тағы басқа педагогикалық технологиялардың тәжірибеде молынан қолданылып жүргені мәлім.

Бастауыш сынып оқушыларының тіл тазалығына, ойын жеткізе білудегі қабілетін ашуда, қоршаған ортаға түсіністікпен қараудағы оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігін арттырады.

Қазіргі таңда бастауыш білім беретін мектептің функционалдық қызыметінің басым бағыттары оқушылардың ғылымдар жүйесінің негіздерін меңгеріп, олардың бойында тұлға аралық және этникалық қатынастар мәдениетін, жеке тұлғаның өзін-өзі айқындау және кәсіптік бағдарларын анықтау қабілетін қалыптастыру да ең басты мәлелердің бірі екендігі даусыз. Ең негізі – сапалы білім және саналы тәрбие беру барысында оқушылардың ақыл-ой белсенділігін дамыту.

Себебі, білімді жастар ғана ел егемендігін баянды етіп, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына лайықты үлес қоса алады. Ендеше өскелең ұрпақ мұғалім берген білімді іс-әрекет тәсілдері мен бағалау өлшемдерін қамтитын қоғамдық және ұжымдық тәжірибе тағылымдарын ғана игеріп қоймай, оны әрі қарай өзінің белсенді, зерделі қабілетімен сабақтастыруы тиіс [5].

Өйткені қоғамның алға дамуы шығармашыл адамдарға байланысты. Бүгінгі күнде оқытудың жаңа технологиялары оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту негізінде білім беруді көздейді. Бұл бастауыш мектеп кезінен бастап баланың шығармашылық ойлауын, шығармашылық қиялын дамытуға көп көңіл бөлуді міндеттейді.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы білім беру саласының жан-жақты дамытылуы – тек білімде. Олай болса, білім берудегі оқушылардың қабілетін дамытудағы мектеп ішілік мынадай мәселелерді шешкен дұрыс:

- мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту;
- оқу-ағарту саласының барлық буындары үшін байқау негізінде оқытудың әсерлі әдістемелік жүйесін қалыптастыру;
- оқушылардың қабілетін дамытуға жағдай жасау;
- жаңа талапқа жауап бертін білімді, білікті кадрларды тәрбиелеу.

Қорыта келгенде, демократиялық еліміздің азаматтары еркін ойлайтын, өз пікірін ашық, толық жеткізіп, ойын түйіндей алатын тұлға болып қалыптасуы маңызды.

1. *Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 256 б.*
2. *Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Егемен Қазақстан, 2007 ж.*
3. *Қазақстан-2030 стратегиясы. – Алматы, 1997.*
4. *Torrance E.P. Developing creative thinking through school experience // (Ed.) Parnes S.J. Harding H.F. A Source Book of creative Thinking. – N.Y., 1962.*
5. *Назарбаев Н.Ә. Біздің халкымыз жаңа өмірге бейімделу керек "Егемен Қазақстан", 31.05.2000 ж.*

Резюме

В данной статье рассматриваются современные проблемы развития познавательных способностей учащихся начальных классов.

Resume

This article considered the modern problems of the development of the cognitive abilities of pupils in primary classes.

ДЛЯ ЗАМЕТОК